

...ақпараттық ресурстарды қолдану  
...қолдану...



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

Қалбай  
ӘБДІРАМАНОВ





Маңғыстау ақын-жазушыларының  
кітапханасы


---

-К-



Маңғыстау

# ҚАЛБАЙ ӘБДІРАМАНОВ



Алматы  
2013

9

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5  
Қ 25

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**АЙДАРБАЕВ** Алик Серікұлы –  
алқа төрағасы, Маңғыстау облысының әкімі.

**ӨРІШ** Ғалым Бисембіұлы –  
алқа төрағасының орынбасары,  
Қазақстан Жазушылар одағы Маңғыстау облыстық  
филиалының директоры.

**АЛҚА МҮШЕЛЕРІ:**

**ТҮРҒАРАЕВ** Бекет Тұрғараұлы –  
заң ғылымдарының докторы, профессор.

**ӨТЕГЕНОВ** Айтуар Оспанұлы –  
ақын (кітапты құрастырушы,  
жауапты шығарушы-редактор).

**ҚОСБАРМАҚ** Рахат Құсайынұлы –  
ақын (жауапты редактор).

**МЫҢЖАС** Темір Мыңжасұлы –  
ақын.

**Қ 25** Қалбай ӨБДІРАМАНОВ. /Құрастырушы: Айтуар Өтегенов.  
– Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. – 224 бет (Маңғыстау ақын-  
жазушыларының кітапханасы)

ISBN 978-601-03-0153-5

Өлке қаламгерлерінің шығармаларынан мағлұмат беретін  
«Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясының  
50 томдығы Маңғыстау облысының құрылғанына – 40, Ақтау  
қаласына 50 жыл толуына арналып шығарылып отыр. Бұл томға  
Қалбай Өбдірамановтың әр кезеңдерде жазылған лирикалық  
туындылары «Мен сені жақсы көрем!...» деген атпен еніп отыр.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-03-0153-5

©ҚАЗАқпарат., 2013

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ  
ӘМБЕБАЛ КІТАПХАНА

**Қалбай ӘБДІРАМАНОВ** 1947 жылы 15 мамырда Қарақалпақстан Республикасының Беруни ауданында туылған. 1974 жылдан КСРО Журналистер одағының, 1980 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі болған.

Шығармашылық сапары мектеп қабырғасында жүргенде 1962 жылдардан басталған. Ақынның алғашқы өлеңдері сол 1964-65 жылдары «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері», «Балдырған», «Совет Қарақалпақстаны», «Өмудария» тәрізді газет-журналдарда жарияланған.

1965 жылы орта мектепті бітіріп ҚазМУдің журналистика факультетіне түспек болады. Сынақтан өте алмағанмен, сол жылы Алматыда қазақтың көптеген ақын-жазушыларымен танысып-біліседі. Солардың арасында жерлес ақын ағасы Төлеген Айбергеновпен бір пәтерде баспана-лап, қамқорлығына бөленеді, Мұқағали Мақатаевқа өлеңдер оқытады. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Халық жазушысы Мұзафар Өлімбаевпен сол кездерде басталған ұстаздық-шәкірттік байланыс 47 жылдан бері осы күнге дейін сабақтасып келе жатыр.

1966 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қарақалпақ Мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түскен Қалбай Әбдіраманов бұл институтты 1971 жылы бітіргеннен республикалық «Совет Қарақалпақстаны» газетіне жұмысқа орналасып, онда 1981 жылдың желтоқсан айына дейін 11 жыл газеттің әдебиет және өнер бөлімінде тілшілік, меңгерушілік қызметтерін атқарады.

Ақынның сонда жүргенде 1977 жылы «Жүректегі жазулар», 1981 жылы «Келешекке сапар» атты өлеңдер жинақтары жарық көреді. 1968 жылы «Өмү гүлдері», 1977 жылы «Сәуір» ұжымдық жинақтарында, 1981 жылы татар тілінде Қазан қаласында жарық көрген қарақалпақ ақындарының «Арал дулкыннары» атты антологиясында жарияланады.

Осыған қоса-қабат оның өлеңдері қазақ баспасөзінде қатарласа жарық көріп, «Қыс» атты өлеңі қазақ сыныптарының «Ана тілі» оқулығына кірді.

Қалбай өз Отаны – Маңғыстау облысына келгенге дейін ұзақ шығармашылық дайындықтан өтті. «ҚАЗАҚНАМА: Қазағыма хат» атты көптомдық қолжазбасын бітірген ол 2000 жылы мамыр айының аяғында бүкіл жанұясы,

бес ұлы, екі қызы, немерелерін қолынан жетелеп Ақтау қаласына ат басын тіреді. Маңғыстауға келгеннен бергі жерде ақынның өлеңдері газет-журналдар басылымдарын есепке алмағанның өзінде елуге жуық әрқилы кітаптарға енді. Ақынның өлеңдері 1967–1995 жылдар аралығында 28 жыл «Ана тілі» оқулығында оқытылған болса, қазіргі шақта «Ана тіліме», «Ұлдарыма насихат» атты өлеңдері Өзбекстан Республикасы Білім беру министрлігі тарапынан бекітіліп 2005–2006 оқу жылынан бастап қазақ сыныптарының 7-сынып өдебиет оқулығы және хрестоматиясына енді. Оқулықтың бір басылымының таралымы 14000 дана. Ақын бұл оқулық-хрестоматияда Т.Айбергенов, М.Шаханов, Ө.Қожамұратов сияқты ақындармен жалғастырыла оқытылуда.

## ДҮРКІРЕП ЖЕТКЕН ЖЫР-НӨСЕР

“Қарақалпақстаннан бір ақын келіпті, жиын-тойларда аңқылдап өлең оқиды екен”, – дегенді еститінмін. Поэзия әлемінде жұлдыз болып жарқыраған, жыр ақиығы Төлеген Айбергенов туып-өскен өлкеден небір жүйріктердің шығуы заңды ғой. Бір күні жұмысыма қараторы өңді, жігіт ағасы іздеп келді. Бұрыннан таныс-біліс адамша іші-бауырыма кіріп барады. “Мен Қалбай Өбдіраманов деген ағаңмын ғой. Ақынды ақын іздемесе бола ма? Мен өлгенде сендер болмасаңдар кім көмеді?” – дейді. Өп-сөтте сөзіміз жараса кетті. Бір сөзді бір сөз қуып, сыр-сұхбатымыз қыза түскенде: “Тыңдасаң өлең оқып жіберейін!”, – дейді. “Оқыңыз!”, – деймін. Жыр тиегін ағытып, өлеңді түйдектетеді. Сөйтіп отырғанда жұмыс күнінің жартысы өте шығыпты. Араға күн салып ол тағы келді. Өңгіме әдеттегінен қайта өрбіді, Қалекен жырларын төгіп-төгіп жіберіп, тынышталып, қайта жадырайды. Бейне бір ніл аспан аяқ астынан бұлт құрсамаланып, қайта жадырағандай әсерге бөленесің.

Ертеңіне үйіне іздеп бардым. Бәз біреулерге сырт қарағанда көпсөзділеу, қожанасырлау көрінетін ақжүрек ақынның жан-дүниесіне үңілгендей болдым. Туған халқына деген сағынышы, кіршіксіз махаббаты баурап алды.

Жауқазын гүлдей бұр ашып,  
 Далада тудым өзім мен,  
 Ойнақтап өстім қыр асып,  
 Сонау бір жастық кезімнен.  
 Көрмедім жасып, жалтақтап,  
 Сындарға талай түстім де,  
 Шалқая бастым шалқақтап,  
 Кең дала сенің үстінде.  
 Ақырғы демім жеткенде,  
 Топырақ қылып төк мейлің,  
 Сонда да солмай көктемде,  
 Жапырақ болып көктеймін.

Осы бір жауқазын жырдан-ақ тума дарынның аяқ алысы білінбей ме?! Бұл ақынның отыз жеті жыл бұрын (10.09.65 ж.) “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған өлеңі. Қалекен ол

кезде он сегіз-ақ жаста екен. Сол жылдардағы өлеңдерінің өзінен өршіл рух байқалып, азаматтық өуеннің лебі еседі.

1947 жылы Қарақалпақ елінің Бируни ауданында дүниеге келген Қалбай мектеп қабырғасында жүргенде-ақ, "Қазақ әдебиеті" газеті мен республикалық "Өмудария" журналында балауса жырларымен көрінді. Оның 1965 жылы Алматыға оқуға түсуге барғанда ақиық ақын Төлеген Айбергеновпен кездесіп, дәмдес болуы, бір пәтерде тұруының өзі бәлек өңгіме.

1966 жылы "Балдырған" журналының бірінші санында ақынның "Қыс" атты өлеңі жарияланды:

Келіп жетті қыс тағы,  
Күндер өтіп шуақты.  
Қарлы боран тыстағы  
Қыс ашуы сияқты,  
Тоцып қалар денеңіз,  
Келді қыстың кезегі.  
Күнге күйген денеміз.  
Суыққа да төзеді.

Жүп-жұмыр осы екі шумақ қазақ мектептеріндегі бірінші сыныптың "Ана тілі" оқулығына еніп, 28 жыл бойы оқылып келеді. 1977 жылы "Балдырғанның кітапханасы" сериясымен "Қыс" атты кітапша шықты. Мұндағы Абай бастаған алты ақынның бірі – Қалбай Өбдіраманов.

Ақынның қарақалпақ тілінде жарық көрген "Жүректегі жазулар" (1977 жыл) атты жинағын оқып шықтым. Шағын кітапша салмақты көрінді. Алғашқы беттегі "Күміс қоңырау" өлеңінде өзі айтқандай ешкімге ұқсамайтын өз даусымен танылуды мақсат тұтады.

Ал, "Өке мейірімі" өлеңін оқығанда еріксіз езу тартасын. Оқиға былай өріледі. Шаруаға қолғабысын тигізіп жүрген Қалбайды өкесі: "Менің балам азамат болған скен", – деп қайта-қайта мадақтап қояды. Онан сайын мақтау естігісі келген бала бақшадағы өлі піспеген көк түйнектерді жұлып алып жинап қояды. Мұндай "қызыл қырданды" көрген өке қатты ашуланып, айқайлап тұра ұмтылғанда бала қаша жөнеледі:

Мен зып бердім айдалаға лағып,  
Мына сөзді естіді тек құлағым.  
– Аяғыңа тікен кіріп кетпесін,  
Абдырамай жазыққа қаш, шырағым.



Жинақтағы махаббат, достық, көңіл-күй лирикалары тартымды оқылады. Жүректі селт еткізер өршіл рухтан жаңылмайды.

Барлық нәрсе бермейді гой біліне,  
Мен ғашықпын өз тауымның гүліне.  
Жыр жазғанда қандай тіл бар қанеки,  
Жететұғын менің ана тіліме.

Өркімге ұлы ата жұрты, Отаны,  
Басыңызға күн тумағай қапалы.  
Көп тауларды менсінбеймін кейде мен,  
Өз тауымды көтерсем деп жоғары.

Алғашқы жинағынан-ақ, жыр сүйер қауымға танылған Қалбай 1981 жылы қарақалпақ тілінде “Келешекке сапар” атты екінші жыр кітабын ұсынды.

Ақын болсам, сөздерім жетсе деймін,  
Батыр болсам, жауыңды өкшелеймін.  
Сен дегенде жойылып шекаралар,  
Құлағыңа дауысым жетсе деймін, –

деп ағынан жарылады ақын. Немесе “Өке кетті өмірден” өлеңінде былай дейді.

Жеңіс келді, халықтың құты келді,  
Мұңаяды кім аза тұтып енді.  
Азаматтар өлген жоқ бостан-босқа  
Бізге келген ажалды жұтып өлді.

Кітаптың алғы сөзінде айтылғандай ақынның лирикасы жігерлілігі, ой-өрісінің кеңдігімен тартымды. Отан, туған жер, адамгершілік, адамның бір-біріне деген мейір-шапағаты – негізгі тақырып.

Қалбай Әбдіраманов қарақалпақ жерінде кеңінен танылған үлкен ақын. Оның жырлары 1980 жылы Қазан қаласында шыққан “Аял толқындары” атты қарақалпақ поэзиясының антологиясынан, көптеген ұжымдық жинақтардан орын алды. Пушкин, Есенин, Исаковский, Твардовский сияқты поэзия алыптарын, бірқатар өзірбайжан, башқұрт, татар, қазақ ақындарын қарақалпақ тілінде сөйлетті. Өзбекстан және Қарақалпақстан халық жазушысы Жолмұраа Аймұрзаевтың

мұнан жеті жыл бұрын беделді журналға берген сұхбатында: “Қалбай керемет ақын еді. Маған онсыз қазіргі поэзиямыз қаңырап босап қалғандай болып сезіледі”, – деуі тектен емес. Бұл оның қазақтың Төлеген сынды жыр жампозын тугызған топырақтан тағы бір талантты ақынның шыққанын айтқаны болса керек.

Қалбайдың айтуынша ол он сегіз жыл баспасөзге шығарма бермеген.

Ақын деген шабыт бұлағы,  
 Бөгей берсең төсіп шығады.  
 Түрткілеме өз балаңды сен,  
 Онда ақындар қайдан шығады?  
 Тек ақымақтар ішер суына  
 Кірлеп кеткен қолын сұғады.  
 Ақындарға тимең, адамдар! –

деп ақынның өзі жазғандай біреулер оның кіршіксіз адал жанын жаралап, жырына қол сұққан. Ондайды көтере алмаған мөрт ақын мөрт кеткен. Енді міне, бойындағы арқыраған жыр тасқыны арнасына сыймай атажұртына табан тіреп отыр. Қалбайдың шығармашылығын шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Біз тек елім деп еңіреп келген арқалы ақын жайындағы үзік сырды көпке ұсындық. Оның:

Гүл болып шықты өлеңім.  
 Құлпырып тастың үстіне, –

деп жазғанындай жырлары Маңғыстауға келген соң қайта жаңғырды. “Ақыны көп елдің рух-жігері асқақ болатыны хақ.” Ендеше Қалбай Өбдіраманов сынды жыр жүйрігінің өлкемізге келуі – үлкен қуаныш. “Құдайдың бір есімі – халық, одан үлкен құдай жоқ”, – деп Қалекен өзі айтқандай, оның еңбегін бағалайтын, бағамдайтын халқы бар. Дана халқымыз болат кездіктің қын түбінде жатпайтындығын, ал шын асылды тот баспайтындығын айтып еткен. Ендеше, оның жырларының да көмескі тартып, мұқалмасы анық.

**Темір МЫҢЖАС,**  
 Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Мен сени  
маңсы көрем!..

Бұл кітабымды  
отбасымның ұятымысы,  
ұл-кыздарымның анасы -  
Түркменбаева Тамара  
Жәлімбетқызына арнадым

*Аманжол*  
*Аманжол*  
Қарағанды, 2009 ж.

Білмеймін сол бір  
     жаныма жаққан өн атын,  
 Өйтеуір жаным  
     өзіңе шындап нанатын.  
 Құламасымнан бұрын  
     сүйеп қал, жаным, мен жерге,  
 Сен үшін шырқап  
     талды ғой жалғыз қанатым.

Қиналдым, жаным,  
     сені де біраз қинадым,  
 Жабыға бердім,  
 Жаныма шаттық құймадың.  
 Келемін ұшып  
     жалғыздан-жалғыз қанатпен,  
 Келмейді менің қирағым!..

Шарқ ұрып көкте  
     сыңар қанатымды сермедім,  
 Құлдырадым төмен... талықсып!  
 Мен дамыл алмадым,  
     саған да дамыл бермедім,  
 Құрдымға кеттім... Алып шық!

Өміріңе сенің лаулаған өрт боп енейін,  
 Сөнетін болсам, жарқырап барып сөнейін.  
 Мен сені, жаным, өлімге бастар жолдардан,  
 Өмірге бастап өкеледі деп, сенейін!..

Кеудемде қайғы,  
 Аспаным менің биік тым.  
 Жаутаңдап тұрмын  
     құралайындай киіктің.  
 Мен саған ерген  
     көздері тұнған соқырмын,  
 Құрдымға мені  
     итере көрме, сүйіктім!

## МАХАББАТҚА МАДАҚ

Мен сен үшін сар желіп, атан шаптым,  
 Македониядан таба алмай жиһан шаптым!  
 Екі жарым мың жыл іздеген Жылтырағым,  
 Жатырмысың ішінде бақаншақтың!..

Мен сен үшін тұрғыздым Тажымақал,  
 Болмады жалғыз ауыз назыңа пар.  
 Мен сен үшін жаздырдым миллион кітап,  
 Бір сұлудың болмады өзі қатар!..

Мен саған не істемедім жағу үшін,  
 Аманбысың, армысың, Сағынышым!  
 Дүниенің жиналған бар байлығы,  
 Кетті сенің бойыңа тағу үшін!..

Аяғыңа тастадым қалаларды,  
 Сыйға тарттым тартуға жарағанды!..  
 Мен Сенің жүрегіңе жету үшін,  
 Қолдан келген жасадым бар амалды!..

Сен десем, мен басымнан төжімді алам,  
 Аяғыңа тіз шөгіп назыңды алам.  
 Мен сені отырғызып өз тағыма,  
 Үстеліңнің түбінде жазым болам!..

Қуан десең қуанам сеніменен,  
 Төжім, тағым, шығатын төрім – өлең!  
 Оны да мен бір гұмыр жинап-жинап,  
 Қолына бір сұлудың беріп өлем!..

*20.07.2000 жылы*

## МАХАББАТ ДЕГЕННЕН-АҚ...

Қоя алмаспын көңілді өрі ысырып,  
 Жақынырақ келгенше алыс үміт.  
 Өлеңімді сынағыш адамдар бар,  
 Махаббат... дегеннен-ақ!..  
 Жаны шығып!..

Көтеремін барлығын  
Тек Сен үшін,  
Мен бірақ көтеремін...  
Жетсе күшім!..  
Тұғырымды биікке қондыра көр,  
(Қиындығы ешқандай жоқ Сен үшін!)

Ақынмын мен.  
(Білемін міндетімді!)  
Өткіземін өлеңмен күнде түнді.  
Бір бетіме өмірден кірбің түссе,  
**КҮНШУАҚҚА** тосамын бір бетімді.

Кездерім бар менің де ұнайтуғын,  
Сүйіктім бар дертімді сұрайтуғын.  
Сүйіктімнің кіргенде құшағына,  
Ұмытпаймын жан барын...  
Жылайтуғын!..

Жылайды ол!..  
Несіне жыламайды!..  
Сүйгені үшін қол жетпес, жырақ Айды!  
Махаббаттың тылсымын біле тұра,  
Жұрт ғашықты несіне  
Кінәлайды!..

Ақиқаттан келмейді қашып қалғым,  
Жүректегі сезімді басып бар күн!  
Өйткені мен ақын боп туылдым ғой,  
Тырнау үшін...  
Жүрегін...  
**ҒАШЫҚТАРДЫҢ!..**

1978 жыл

## **ЖЕТЕРІ..**

Сүйемейсің немесе құлатпайсың,  
Жылатпайсың немесе жұбатпайсың.  
Кел демейсің қасыңа, кет демейсің,  
Жек көрмейсің немесе ұнатпайсың.

Үнсіздігің жанымға мұң салады,  
 Үзілгендей жанымның бір сабағы.  
 Өтіп кете барасың сен қиналмай,  
 Менің жаным өртеніп тұрса-дағы.

Құқым бар ма айтуға мені сүй деп,  
 Алып кете алмаймын сені сүйреп.  
 Көз алдымда тұрады сенің тұлған,  
 Қиялымнан тұманның бәрі сиреп.

Үнатымын өзінді бәрібір де,  
 Тыншытпайды жүрегім өлі күнге.  
 Жылап-жылап аламын өлеңіме,  
 Жылап-жылап аламын... өр іңірде!..

Жылаймын мен!..  
 Жетер сол шыдағаным!..  
 (Өлеңде де мен енді... сыналамын!)  
 От тастадың астына... аяғымның,  
 Секірместен қалайша...  
 Тұра аламын!..

24.09.1978 жыл

\*\*\*

Қарап мен райыңа,  
 Сүймедім көздеріңнен.  
 Жүзіңді бүрма, жаным,  
 Жібектей сөздерімнен!

Қайсы бір айтқаныңды,  
 Білмеймін, тыңдамадым!  
 Сүймедім ерініңнен,  
 Көңіліңді былғамадым.

Кел десең жетіп бардым,  
 Кет десең... көрінбедім.  
 Білмеймін, қай жақтардан,  
 Жолықты сорым менің!..

Өзіңше ойланасың,  
 Өзіңше өртенесің.

Жадырап жүрер едім,  
Азырақ еркелесең.

Қызған, – де, – қызғанайын,  
Жолыңа жүз қарайын.  
Қайсы бір сөздерімді,  
Алдыңда қозғамайын!..

Сөйлес, – де – сөйлесеіін,  
Тілдес, – де – тілдесеіін.  
Болайын қапталыңда,  
Өлетін күнге шейін!

Бүлдірме жүрегімді,  
Құм қылма жігерімді.  
Білмеймін жыларымды,  
Білмеймін күлерімді...

Сағын, – де – сағынайын,  
Бағын, – де – бағынайын!  
Көнбесең ешбіріне,  
Мен енді... неғылайын!..

11.12.1979.жыл

## СҮЙІКТІМ

Жылат мені!  
Жылат, сүйіктім!  
Бірақ өзің жұбат, сүйіктім!  
Түнде жалғыз жүріп шығайын,  
Жұлдызымды біліп шығайын.  
Екеуіміз жанатын отқа,  
Жалғыз өзім кіріп шығайын!..

Жылата бер!  
Еңіреп жылайын!..  
Сүймей-ақ қой, сүйме ләйім!  
Тек жырымды оқып жүр менің,  
Мен білдірмей...  
қарап тұрайын!..  
Қина мені!  
Өлтір аяусыз!..  
Менің ақын екенім даусыз!..



Сүймесең де түк демейін мен,  
Саған кінә жүктемейін мен!

Тек аулақтан келіп қарайын:  
Жұлдыз болсам сөніп қалайын.  
Өзгелердің барын аңдамай,  
Арба жолда өліп қалайын!..

Өлең деген дерт дарығаннан,  
Құтылмадым мен налығаннан.  
Жақсы өлең жазған ақындар,  
Ақын дейсің қай жарығаннан!..

Жүректегі жарадан құтқар,  
Көңілдегі наладан құтқар.  
Дұшпан жаққан шаладан құтқар,  
Қасымдағы моладан құтқар!..

Қайғырғаннан жылаған жақсы,  
Сүрінгеннен құлаған жақсы.  
Өзге ошақтың шамын сүрткеннен,  
Өз үйінде сұлаған жақсы!

Өлердеймін сөл жырақтасаң,  
Қадамымды қалжырап басам.  
Үйде жалғыз мүлгіп барамын,  
Өзің келіп... қан жылатпасаң!..

Жылан кірді кетегімізге,  
Қан жылайық мекенімізге.  
Қан жылайық!..  
Көрісіп, жаным,  
Маржан толсын етегімізге!..

Іздеріңе еріп алайын,  
Көз жасыңды теріп алайын.  
Шаштарыңды жина оңаша,  
Мен оңаша... өліп алайын!..

Кірпігіңді сүртпесең болмас,  
Менен енді үрікпесең... болмас!  
Таранып ал, айнаңды қойып,  
Етек-жеңді сілкпесең болмас!..

Мақұл болар кідіргеніміз,  
 Өділдікке жүгінгеніміз.  
 Бір тіктеле қойсақ осыдан,  
 Жауды жерге сіңіргеніміз!..

Білінбесін бүгілгеніміз,  
 Тас астында үгілгеніміз.  
 Көз жас емес, маржан боп шықсын,  
 Екеуара сіміргеніміз!..

*1982 жыл Никі*

## АЯМАЙСЫҢ-ӘЙ!

Мен сені ұнатамын,  
 Сен бірақ менсінбейсің.  
 Қолыңмен жаққан отқа,  
 Өртеніп өлсін дейсің!

Қараймын үміт пенен,  
 Қараймын ажарыңа.  
 Көнемін қайғың менен,  
 Көнемін азарыңа.

Сен маған үлкендейсің,  
 Мен саған титімдеймін.  
 Ізіңнен еріп жүрген,  
 Аңшының итіндеймін!

Өр күні жүрегімді,  
 Қинайсың асып-атып.  
 Тастарға сүйрелейсің,  
 Қанымды шашыратып.

Тамшылап қызыл қаным,  
 Воядым тастың бөрің.  
 Мен сенің тағаланған,  
 Өкшеңнің астындамын!

Құлыпта есігіңді,  
 Айнаңды жауып таста!  
 Қойғанша ақыреттеп,  
 Басымды шауып таста!

*1995 жыл*

## МЕН ҚОЗЫМЫНІ..

Адасқан орманынан қарағаймын,  
Тасына ана таудың балалаймын.  
Мен ба-я-яғы Қозымын дастандағы,  
Қызына ғашық болған Қарабайдың!..

Қазақтың қойды баққан баласымын,  
Шығады менің де бір жанашырым.  
Отырған өлеңнің де Қодары бар,  
Көзіңе бастырам деп қара шыбын!..

Күтеді сол ібіліс құлауымды,  
Өкесі салып берген бұл ауылды...  
Қазақтың баласымын өлең көрген,  
Қай жеріңе тығасың... мынауымды!..

Қодар жүр жетпісінде жас болам деп,  
Баянның қапталына тас болам деп.  
Баян да көп мергенге, қоян да көп,  
Мен тіпті жүргенім жоқ аш болам деп!

Бір алданған итімді шамалаймын,  
Мен одан екі өлуге жарамаймын.  
Басқа бір поамадан бас көтеріп,  
Аламын басқа қызын...Қарабайдың!

1998 жж. 1

## ЖАРҚЫЛДАР КЕЗДЕ ЖАРҚЫЛДА!..

Өзімнен мықты кісілер,  
Келмейді үйге кел десем.  
Өздері сыңай бермесе,  
Олармен қалай белдесем.

Шығайын десем асқарға,  
Ол жерде кімді көремін?!  
Оқиын десем жастарға,  
Жақпайды менің өлеңім.

Өзгеге барып... жаңылсам,  
Өзгеге мені сатады.

Өзгеге барып жалынсам,  
Өзгелер менен жатады.

Гүлдерден букет жинаймын,  
Кімдерге оны сыйлаймын?!  
Қыздарды күнде толқытқан,  
Балалық шақты қимаймын.

Қайдасың, менің жастығым,  
Қайдасың, менің мас күнім?!  
Біреудің аңдып қозысын,  
Бұғады іште қасқырым.

Отызға келмей ортайып,  
Болдыңдар неге самарқау.  
Оңайын қазір таппасаң,  
Сөнеді бір күн жанартау...

Күндердің күні келгенде,  
Адасу керек адамзат.  
Жақындап бірі біріне,  
Жанасу керек адамзат.  
Махаббат деген адал зат,  
Махаббат деген адал зат!

Жасқаншақ болма, тартынба,  
Сен қазір аппақ арайсың.  
Жарқылдар кезде жарқылда,  
Сен ертең жарқылдамайсың...

## ПЕРІШТЕ ЕМЕСПІНІ

Мен, сірә, өлсем-дағы қыз деп өлем,  
Аққудай сыңарымды іздеп өлем!  
Өліп-өшіп ынтықпын сұлулыққа,  
Үйімде көрмегенді дүзде көрем!

Өткен қыздың қараймын аяғына,  
Барғым келе береді баяғыма!  
Қодар сойып кетпесе игі мені,  
Жетемін деп жүргенде Баяным!

Айналайын, арулар! Қайдасындар?!  
 Сырласым бар ішінде, ойнасым бар!  
 Алып қаша береді қиялымды  
 Жалғап жүрген сендерге майда сымдар!

Ақ көңілге жақсы адам серік болсын,  
 Қапталыма қызды ауыл келіп қонсын!  
 Біреулердің қатасын сынағанша,  
 Өркім өз белбеуіне берік болсын!

Сөйлей алам оңға да, теріске де,  
 Мені өзіңнен ақылы кеміс демел!  
 Сыншыларым түзулеп сөздерімді,  
 Айналдырмақ болады періштеге!

Ыңғай менің сөздерім бұрамаға,  
 Қолай тұрам өзім де құламаға...  
 Тірі тұрсам бәрібір бұлқынамын,  
 Өлген күні түсемін рамаға!

2.11.1998 жылы

## БІР ҚЫЗДЫҢ САЛҒАН ЖАРАСЫ...

Сұлу да қызды көп көрдім,  
 Сүйкімді қызды көп көрдім.  
 Қиналдым қатты бірақ та,  
 Қайғынды сенің шеккен күн.

Жазылмай менің кеселім,  
 Көзімнен тамды саулап шық.  
 Шоқ болып мамық төсегім,  
 Түн бойы шықтым аунақшып.

Атқандай еді жауыңа,  
 Кірпігің – найза, тебендей.  
 Қаладың бір от жаныма,  
 Өртені-іп өлсін дегендей!

Тек жалғыз ғана осыдан,  
 Ажалым менің жетеді-ау.  
 Бір қыздың салған жарасы,  
 Жазылмай енді кетеді-ау?!

02.11.1982 жылы

## ӘДЕМІСІҢ...

Әдемісің-ай! Әдемісің-ай!  
 Менің үшін сұлулық өлемісің-ай!  
 Қымбаттысың-ай! Сымбаттысың-ай!  
 Шырқыратқан жанымның өлегісің-ай!

Көзің – жұлдыз! Кірпігің – қара мақпал,  
 Қара мақпал артында ғаламат бар!  
 Жақсы өлең қанменен жазылады,  
 Жаралап қал қанымды! Жаралап қал!..

Әдемісің-ай! Әдемісің-ай!  
 Шырқыратқан жанымның өлегісің-ай!  
 Өлер болсаң орныңа өзім кетіп,  
 Қалдырайын мен сені өлем үшін-ай!

Қара емес, көздерің – қарақаттан!  
 Мына өмірдің қаймағын жаңа татқан!  
 Еріндерің қанынан қызғалдақтың,  
 Сүйісем деп... кішкентай жара тапқан!

Әдемісің-ай! Әдемісің-ай!  
 Әдемінің барлығы – өлем үшін-ай!  
 Салыстырып көрейін қапталыңнан,  
 Рафаэль жаратқан қане мүсін-ай?!.

Гүл екенсің, қарағым, мен үзгендей,  
 Он сегіз жыл сүтпенен емізгендей!  
 Сен отырсаң болғаны қапталымда,  
 Мен лайым өлейін теңіз көрмей!

13.12.1999 жыл

## СӨЗ ДЕ БОЛДЫМ-АУ!

Сұлу маған ұнайды, қыз ұнайды,  
 Қыздар еске салады қызыл айды.  
 Қыз шығарсам жетелеп оңашаға,  
 Ауыл-елдің иттері құжынайды.

Сөз де болдым-ау,  
 Көз де болдым-ау.

Түніменен жүретін  
 Кезбе болдым-ау!  
 Ойнайтұғын көшеңнен  
 Қуып салып,  
 Ауыл-елдің итіне  
 Жезде болдым-ау!

Етің жібек, беттерің айдан аппақ,  
 Көрсем көзім кетеді тайғанақтап.  
 Қашан көрсөң ізінде көлеңкең боп,  
 Кете алмаймын қасыңнан айналақтап.

Сүйреледің-ау,  
 Жетеледің-ау,  
 Сүймегенде тастап-ақ,  
 Кетер едім-ау!  
 Қалам ба деп мен сенсіз,  
 Қорқамын ғой, өй,  
 Басқа болсаң түбіңе  
 Жетер едім-ау!

Қайтесіңдер, арулар, тілден алып,  
 Кетпейсің бе менімен бірге қалып.  
 Өлмейсің бе шешеңнің таяғын жеп,  
 Өкінгенше үйіңе түнде барып!

Қорқып өттім-ау,  
 Тентіреттің-ау.  
 Еркімді алып қолымнан,  
 Кемпір еттің-ау.  
 Айналдырдың-ау,  
 Сандалдырдың-ау,  
 Қаша қоймай менімен,  
 Ертіп өттің-ау!

Мен ұнатқан арудың балтыры аппақ,  
 Ұялтады көзімді жалтырап қап.  
 Ойымды оқып тұрғандай дүйім халық,  
 Зорға келем қасыңа қалтырақтап.

Сөз де болдым-ау,  
 Көз де болдым-ау.  
 Түніменен жүретін  
 Кезбе болдым-ау!

Ойнайтұғын көшеңнен  
Қуып салып, өй,  
Ауыл-елдің итіне  
Жезде болдым-ау!

## АЯУЛЫМ

*(Әні Ахмет Омірзақтікі)*

Мен сені жақсы көрем,  
Мен сені жақсы көрем,  
Шәліркеп дидарыңа,  
Мен сенсіз қақсып өлем, Аяулым!

Сағындым балалықты,  
Көздерім қарауытты.  
Жолыңа қарай-қарай,  
Өлеңім шала бітті, Аяулым!

Кетпеді, өніп өлең,  
Көз ілсем сені көрем.  
Итің боп өмір бойы,  
Ізіңнен еріп өлем, Аяулым!

Оқысай өлеңімді,  
Оқысай өлеңімді,  
Мың жылға барады ол,  
Менсінбей он өлімді, Аяулым!

Мұндай сөт табылмайды,  
Махаббат жаңылмайды,  
Қағазға жазылған сөз,  
Балтамен шабылмайды, Аяулым!

Құмдарға төнім барар,  
Жаңтаққа жаным барар,  
Асқақтап махаббатым,  
Мың жылға өнім барар, Аяулым!

27.12.1995 ж.т.г.



## ҚЫЗЫЛ АЛМА

Көңілімде құлпырды көне көктем,  
Жүрегімде тылсым бар елең еткен.  
Қызыл көйлек киінді қызғалдақтар,  
Ұзатқанда қолымды көне кеткен.

Қарындастар, қайдасың гүл ұсынған,  
Қайта шыға келсейші қуысыңнан!  
Шырқап анау аспанға кеттіңдер ме,  
Қарлығаштай ұшырған уысымнан!

Мөңгі-бақи жүріңдер сендер гүлдеп,  
Жауаңдаймын жарамды емдер кім деп.  
Сағынғанда тұрады өздеріңмен,  
Махаббаттың бағында сенделгім кеп!

Уәде беріп едіңдер тастамасқа,  
Жүрсіңдер ме қуанып асқан асқа!  
Сағынамын сендерді, сағынамын.  
Аппақ қырау түскенде қасқа басқа!

Айна алдында отырып шаш тараймын,  
Жетем бе деп ізінен қашқан айдың.  
Өздеріңнен жоқ менің басқа жырым,  
Өздеріңнен жоқ менің басқа қайғым!

Тастамаймын табылса тесік теңге,  
Қуанамын даусыңды есіткенге.  
Адасып келген біреу қаға ма деп,  
Құлып салмай қоямын есіктерге.

От шығады ішімнен жалындасам,  
Домбырамда перненің бәрін басам.  
Не болғаным, құдай-ау, не болғаным,  
Қызғалдағын көктемнің сағынбасам?!

Көктем ғой бұл. Барады жаным ысып,  
Көңілімді қос қанат алып-ұшып.  
Құдаймын ба, мен жалғыз, Құдаймын ба,  
Өлейінші бір рет жаңылысып!

Жаздар шықты, көңілде көктем гүлдөп,  
Жемісін тат, сұрама еккен кім деп,  
Қыз дегенің – бақтағы қызыл алма,  
Ұзатамын қолымды жеп көргім кеп.

Махаббаттың түспегей туы құлап,  
Біреу қайта тікпесін суырып ап!  
Махаббаттың буына тойынып боп,  
Мен жаннаттан кетейін қуылып-ақ!

Қоштасамыз бір күні жалғанменен,  
Сенсіз кімге сүйенем қалғанменен?!  
Періштедей көз сүзіп отырғанша,  
Үйтілейін тамұқта алмаңменен!

24.10.2000 ж.

\*\*\*

Мен қазір отыздамын,  
Алдыма да, артыма да қараймын.  
Алдымда бәрі деп жүріп,  
Соңымда қапты талай күні..

Бұл жастың барын білмей,  
Он бесте көп ойнадым.  
Жиырма жасымда да,  
Ерте ғой деп ойладым.

Отыздамын мен бүгін,  
От-жалын көкірегім!..  
Қазір кесіп түспесем,  
Ертең өкінемін!..

Қайралып алайын деп,  
Басымды тіктім бүгін.  
Сермеліп қалайын деп,  
Қынымнан шықтым бүгін!..

Семсермін!..  
Тат басып жатқан талайдан.  
Сермеле қойсам – қиямын!..  
Қайралып тасқа алған соң,  
Қыныңа қалай сыямын!..

Бөйгеге шыкса біреулер,  
 Менің де арқам қоады.  
 Батады менің жаныма,  
 Бос өткен күннің азары!..

...Қашанғы отырамын,  
 Тат басып... қынабымда!..  
 Жарқылдайын  
 Бауырымды жазып бір,  
 Жастықтың шуағында!..

24.12.1970 жыл

## **БӨРІН БЕР МАҒАН...**

Бөрін бер маған, сүйіктім,  
 Бөрін бер маған, ару қыз!  
 Өзгенің жанын жылытқан,  
 Күншуаққа да біз зәруміз.

Бөрін бер маған, сүйіктім,  
 Не болса бөрін жаныңда!  
 Суға да біздер зәруміз,  
 Зәруміз кейде жалынға!

Үйқысыздыққа зәруміз,  
 Зәруміз кейде жастыққа.  
 Достыққа біздер зәруміз,  
 Зәруміз кейде... қастыққа!..

Мұңайып кейде аламыз,  
 Білдірмей біздер басқаға.  
 Гүлге де біздер зәруміз,  
 Зәруміз тауға, тасқа да...

Бөрін бер маған, сүйіктім,  
 Қолыңда бардың бөрін бер.  
 Бойжеткен қыздың сезімін,  
 Азамат ердің арын бер!..

Өмірде кейде шаттанып,  
 Өмірде кейде жылармын.  
 Құмармын айрылысуға,  
 Қосылуға да құмармын!..

Тербету үшін жанымды,  
Кетсең де мейлі жылатып.  
Өйтеуір бір күн аяп сен,  
Аларсың бәлкім жұбатып!

Өртеніп, күйіп-жанамыз,  
Өзгенің жүрек шоғы деп.  
Махаббатқа біз зәруміз,  
Басқадан бәлкім көбірекі!..

Жер басып жүрген пенденің,  
Өзім деп бәрін ұғамыз.  
От алу үшін басқалар,  
Өртеніп жанып шығамыз!..

10.11.1978 жыл

...

Көңілімді жырға бөлеп,  
Жолығып едің қай күні?..  
Оншалық кедей емеспін,  
Өзіндікі жанымның барлық байлығы!

Дірілдеп тұрған кезімде,  
Жанымды нұрға бөледің.  
Тоңазып тұрған сезімге,  
От беріп кеткен сен едің!

Өзіндікі өлеңдер,  
Барлығы да өзіндікі, Қанатым!  
Шуағыңды жинап алып сен кетсең,  
Сенсіз маған қалмай ма тек қара түні!..

Қарайды сосын бәрі де маған түнеріп,  
Ішінен мені ұнатпай жүрген аңдардың.  
Кім болар екен қасымда,  
Қанатым менің талған күні!..

Сағаттай менің жүрегім,  
Соғып бір кетті дүрсілдеп.  
Кеттің-ау менің тобеме,  
Көгінде бүгін  
Бір жұлдыз жанып тұрсын деп!..

Рахмет соныа да, сүйіктім,  
Таңменен бүгін бірге аттым.  
Жадырап жүрген күндерім үшін өмірде,  
Рахмет саған, ҚЫМБАТТЫМ!..

20.12.1979 жыл

## СҮЙІКТІҢ...

Адасқан кезде жолыңды,  
Өрмелеп жүріп табасың.  
Қараңғы кеште  
қолыңды,  
Сермелеп жүріп табасың!

Көргенде оны жанасың,  
Ішкенде оны қанасың.  
Үйітілемін деп ойламай,  
Отқа да түсе қаласың...

Әйнегін де оның танысын,  
Шәйнегін де оның танысын.  
Қырық мың қызыл ішінен,  
Көйлегін де оның танысын.

Сөздері оның әдемі,  
Көздері оның әдемі.  
Әжімі де оның әдемі,  
Өзілі де оның әдемі...

Жүзі де оның әдемі,  
Ізі де оның әдемі.  
Есіңнен шықпас әдебі,  
Есіңнен шықпас сәлемі...

Қасынан өту бір бақыт,  
Жаныңды кетер жырлатып.  
Шашының өтір исі де,  
Ішіңді кетер нұрлатып.

Осыдан биік шын да жоқ,  
Осыдан ойпат-терең жоқ.  
Осыдан биік жыр да жоқ,  
Осыдан биік өлең жоқ!..

Қаңтар. 1996 жыл

Тұрам ылғи жұтынып жанарыңа,  
 Өмірдің тамашасы:  
 Қыздардың кара көзі,  
 Жүрегімнің жалыны,  
 Жанымның арасшасы,  
 Сәу болындар,  
 Қыздардың кара шашы!..

Жанып жүрмін жүректің өртіменен,  
 Жазайын еркін өлең!..  
 Мен мұңайсам мұңайып махаббаттан,  
 Ауырамын қыздардың дертіменен!..

Сөлем саған,  
 Жасыл бақ,  
 Көрмеген бұрын көптен!  
 Жалын ерін,  
 Жанымды дірілдеткен!..

Сенен өткен дару жоқ,  
 Жалыннан жалын шықсын!  
 Сендердің оттарыңа,  
 Өртеніп... жаным шықсын!..

1986 жыл

## КЕШІР МЕНІ...

Кеше сенің көңіліңді құлаттым-ау,  
 Өзгеден көп өзімді ұнаттым-ау.  
 Кешір мені, осымен, кешіре алсаң,  
 Ерлігімді ұмытпа бірақ мынау!..  
 Кешірмесең бір отқа жақ, құриын,  
 Жанымды езген – баспаймын жаттың үйің!..  
 Түсін мені!.. Егер де... Түсінбесең,  
 Түсінбеске иілу... Қатты қиын!..

20.03.1968 жыл

Алғам жоқ өлі бір қала,  
 Теңізге де анау бармадым.  
 Адресіңді таппай адасып,  
 Қай жақта жүрсің, Арманым!..

Күттіре бермей құр бізді,  
Көрсенші мынау нұрды ізгі.  
Жалындап тұрып мен мұнда,  
Сүйгем жоқ әлі бір қызды.

Жалаңаш анау тырдай шың,  
Алыстан қолды бұлғайсың.  
Теңіздің ащы суындай,  
Көз жасым, қашан құрғайсың!..

Жану керек қой жан әлі,  
Қызу керек қой қан әлі.  
Алдымда тұрған ана бір,  
Алуым үшін қаланы!..

20.07.2000 жыл

...

Айсберг мұздарды,  
Жарып өтіп келемін.  
Ішіндегі ызғарды,  
Кептіреді өлеңім.

Құлағыңның құрышын,  
Қандырады өлеңім.  
Өзгеге де азғантай,  
Қалдырады... өлеңім.

Аруларды көргенде,  
Көдімгідей қысылам.  
Балауызбын қысқанда,  
Саусағының ұшынан!..

Өз ойымша баяғы,  
Ақ көйлекті баламын.  
Есігімді қағып тұр,  
Сағынғанда, қарағым!..

Елжіреген өкеудің,  
Ізі қалсын... шалғында.  
Көргендерім артымда,  
Көрмегенім алдымда!..

Өрі кетпе, арайлым,  
Өжетіңе жараймын.

Тебіренген кезімде,  
Теңіз жаққа қараймын!..

Мен өлейін, сен өлме,  
Сен керексің өлеңге.  
Өшсе менен махаббат,  
От қалмайды денемде.

Айналайын, нозігім,  
Махаббаттың сазымын.  
Таңбағанша табытқа,  
Таусылмайды жазуым.

Қарындасым, көнерме,  
Сен керексің өлеңге.  
Махаббатты жаратып,  
Махаббатсыз өлем бе!..

Орындарың білінді-ау,  
Орындарың білінді-ау!..  
Сою керек тұлпарды,  
Сүрінбестен бұрындау!..

14.09.2000 жыл

\*\*\*

Мәжнүн де болам өзімше,  
Қозы да болам өзімше.  
Айта алмай жүрген бір сыр бар,  
Ұл-қыздарымның көзінше.

Сен десем кокте шарықтап,  
Жерге де түсем талып қал.  
Аяулым, саған бір сыр бар,  
Айта алмай жүрген анықтап.

Сөз айтам кейде бұрмалап,  
Тікен де жұтам гүлге орап.  
Қызғанам сені өзгенің,  
Балконы жақтан... бір қарап...

Қызғанам сені тойдан да,  
Қызғанам сені биден де.  
Қанықтау бояу сұрткенде,  
Қызғыштау көйлек кигенде!..

18.XII.2003 жыл



...  
 Көгінде ұнамайды осы,  
 Жұлдыздың жылтылдағаны.  
 Айдың да аспанға шығып,  
 Ерекше қылтыңдағаны...

Азырақ сабыр етсейші,  
 Жүрегім, безілдей бермей!  
 Несіне салмақтанасың,  
 Ақ көйлек, өзіндей көрмей!..

Қасымда сен болсаң болды,  
 Бәріне көне беремін.  
 Білмеймін, мен жырлағанда,  
 Бұлбұлдың неге көрегін!..

Райға қарамай, өттең,  
 Ақ үргін, бұршақ болмай ма!..  
 Ақ қарда жалаң аяқпен,  
 Екеуіміз тұрсақ болмай ма!..

18.XII.2003 жыл

...

Бір қыздың бір топ жүзігін көрдім жинаған,  
 Пендеде мынау ар-иман деген жоқ білем!..  
 Менсіз де жұрттың алтынын алма сыйлаған,  
 Үзіліп қызға сөз айтқыш жандар көп кілең!..

Шын досым болсаң қайтемін сөнен сыр бүгіп,  
 Оңаша қалсам қариды кейде шоқ мені:  
 Аяулым ғой деп армандап іштей бір жігіт,  
 Жүзігін берген жоқ па еді!..

Көз ілмей кеште оранып шығам жалынға,  
 Келмесе сенгің сөзімді сынап көр, мейлің:  
 Сондайдың жиған біреуін көрсем қолыңда,  
 Жүзігімді... бермеймін!..

24.03.1968 жыл

...

Мен мынау жұртқа түсіндіре алмай жатырмын,  
 Көңілімді сол аппақ:  
 Кеудемде менің батырдың,  
 Өрлігі түр ғой қонақтап!..

Барымды қалай  
айтам деп, достар, сендерге,  
Көз ілмей шығам таңдарда.  
Келмейді-ақ ұйқым,  
осынау қуыс кеудемде,  
Өртеніп тұрған жан барда!..

26.03.1968 жыл

\*\*\*

Білмеймін өңім бе едің, түсім бе едің,  
Мен сені қиялымда мүсіндедім.  
Маржан іздеп теңіз жоқ мен кешпеген,  
Қарағым, қай бақаншақ ішінде едің!..

Аға деген айналдым қарындастан,  
Қарындастар қайғымның бәрін басқан.  
Махамбетте, қарағым, нем бар менің,  
Махаббат деп тұрғанда қалың дастан!..

Батыр болу ағамдай арман бірақ,  
Ағады басын таудан алған бұлақ.  
Махамбеттің басында сөз айтқанша,  
Махаббат деп өлейін жардан құлап!..

Қазақ қызы, қазақтың алды бол сен,  
Қуанамын өсетін дөңді көрсем.  
“Қарындастың дауысы – қараңғыда...”  
Сынығымды жинарсың қарғып өлсем!..

Ағам!.. дерсің бір қыран түске кірсе,  
Мен кіремін бір қазақ күшке кірсе!..  
Анау менің ағам, – деп қол бұлғарсың,  
Маңғыстаудың көгінен күс көрінсе!..

Жаздым мұны жатқанда өнім шығып,  
Қапталымды қаумалап қалың шыбық.  
Асыламын мен өлі бірер шөпке,  
Кетіп бара жатқан жоқ...  
Жаным шығып!..

28.04.2003 жыл

\*\*\*

Бұл өмірде қуанышым тек бір сен,  
 Бұл өмірде жұбанышым тек бір сен.  
 Саған қарап созып едім қолымды,  
 Қос иіннен қиып тастап кеттің сен.

Бұлақ едім менің жолым бөгелді,  
 Мұз қариды оттай ыстық денемді.  
 Сыйлайтұғын жүрегім жоқ басқаға,  
 Құшақтауға құшағым да жоқ енді.

Өмірімнің қызығы жоқ пәлендей,  
 Алыс жолда шайқаламын жол өнбей.  
 Сендіктердің бәрін алып сен кеттің,  
 Енді ешкімге сыйламасын дегендей.

10.03.1967 жыл

\*\*\*

Толқын атқан теңізге бармайсың ба,  
 Мен үйітілген бір отқа жанбайсың ба?  
 Ақын ауызы дуалы, тілі майлы,  
 Маған да бір көзіңді салмайсың ба?!

Тесілмей ме қара тас тамшыласам,  
 Сайгүлігім жетпей ме қамшыласам?  
 Басым иік алдыңда, жүзім сынық,  
 Қалайынша сенімен қарсыласам,

Дидарыңа сыртыңнан тойынайын,  
 Жетелесең озіңмен жойылайын.  
 Аңдып барып Қодарың сойып кетсе,  
 Қозы-Баян қасына қойылайын;

Ақ махаббат Құдайдан тіленгенім,  
 Сағыныштан сарғайды рендерім.  
 Сен болмасаң қасымда күнде өлемін,  
 Жақсы емес пе одан да бір өлгенім?!

20.07.2000 жыл

## МЕН БҮГІН ЕЛГЕ ШЫҚТЫМ...

Мен бүгін желге шықтым, елге шықтым,  
Сөз тұрмайтын ауызында пенде шықтым.  
Аңғармаған болса өгер аңғарсын деп,  
Өрмелеп биігірек дөңге шықтым!

Жасырған өздеріңнен ұрлығым бар,  
Құдайдың да алдында сұмдығым бар.  
Өлең етіп көзіммен көргенімді,  
Кей-кейде жазатұғын...  
Тірлігім бар!..

От ұрлап Құдайымнан алып едім,  
Сол оттан өзім барам жанып, елім.  
Отырмын соны саған паш еткелі,  
Аяқтан кегпес бұрын шалып өлім.

Көркем де сен, қазағым, еркем де сен,  
Босағаңнан қуанам мөлтеңдесем.  
Қуырылайын мен сенің көз алдында,  
Аңдамассың от болып, өртенбесем!..

Өні келсін тойлардың, сөні келсін,  
Жанғанымды ел-жұрттың бәрі көрсін.  
Өн салыңдар, қазақтар, өн салыңдар,  
Әбдіраманов сол өннен...  
жанып өлсін!..

28.06.2000 жыл

## КЕЛЕ МЕ ӨЛІҢ!..

Келе ме өлің, келе ме,  
Келмей ме өлің, соны ұқтыр.  
Қолыңнан келсе баяғы,  
Он сегіз жаспен жолықтыр!..

Қайтемін күзде қайғы ойлап,  
Қызғалдақ терем сай бойлап.  
Шақырып мені теңізге,  
Аққулар жатыр айғайлап.

Келе ме өлің, келе ме,  
 Келмей ме өлің, соны ұқтыр.  
 Жаралы мынау жүректің,  
 Мақтаға қанын сорықтыр!

Жолдарым менің көк тайғақ,  
 Күрсінем кейде жоқты ойлап.  
 Көрмес пе екенсің сен мені,  
 Ізіңді сүйсем тоқтай қап.

Келе ме өлің, келе ме,  
 Келмей ме өлің, соны ұқтыр!  
 Құс жолы көкте жылтылдап,  
 Жұлдыздар сәлем беріп тұр.

Жоқ мөнде сенен басқа арман,  
 Құлыншақтаймын аш қалған.  
 Сынығындаймын жақұттың,  
 Керексіз жерге тасталған...

Ақ жібек самал айтады өн,  
 Дертімді ол да байқаған.  
 Ақ көйлек кезім баяғы,  
 Қайтып бір келші қайтадан!..

Келе ме өлің, келе ме,  
 Келмей ме өлің, соны ұқтыр.  
 Отыңа сенің шұжық боп,  
 Үйтіліп өлгім келіп тұр!

9.X.2001 жыл

## ЕМТИХАН

Қазір ару кіреді шымылдыққа,  
 Басады азын-аулақ қыңырлыққа.  
 Жігіттің екі көзі қалыңдықта,  
 Арудың екі көзі туырлықта...

Ойпырмай жас өмірдің төттісін-ай!..  
 Қарайды жігіт қызға қатты сынай:  
 – Жеттің бе, бақ құсым-ай, ақ құсым-ай,  
 Әйтеуір тақпысың-әй, сақпысың-әй,  
 Әйтеуір пәкпісің-әй, ақпысың-әй!..

...Қазір қыз қарсы келіп бұл сынаққа,  
 Жауап беріп шығады... бір сұраққа:  
 Егер ол емтиханнан өте алмаса,  
 Шығу қиын болады күншуаққа...

Ақ төсеніш төсеулі бәрі бапта.  
 Қыз жасауы түйюлі өлі қапта...  
 Жігіт көзі тайқыған қыз көзінде,  
 Қыздың көзі биікте, шаңырақта...

Еркің бар қосылған соң оңашада,  
 Өлеңді оқысаң да шала-шала.  
 Той берді, некеледі.  
 Айғайласаң,  
 Ешкім енді түспейді арашаға!..

*1. XI. 1999 жыл*

## **МЕНДЕ МҮЛДЕМ ЕШКІМ ЖОҚ...**

Менде мүлдем ешкім жоқ. Досым бар ма,  
 Арқа сүйеу боларлық қосылғанда!..  
 Ұлтан еткен барлығын күйкі тірлік,  
 Қашып кеткен қайғымнан шошынғанда!..

Менде мүлдем ешкім жоқ. Қыздар қайда,  
 Мен деп біреу жанарын ызғарлай ма!..  
 Өлеңімді оқысам біреулерге,  
 Оның кім деп біреулер қызғанбай ма!..

Менде мүлдем ешкім жоқ. Кіші бөлек:  
 Нә дейді олар үп-үлкен кісіге көп!..  
 Салу үшін ныққа мына тауды,  
 Қажымұқанның, қарағым, күші керек!..

Менде мүлдем ешкім жоқ. Жаным қайғы,  
 Аракілік кеп біреу жаңылмайды.  
 От секілді көзімді қызықтырып,  
 Менен соңғы жігіттер жалындайды!..

Мен сендердің бәріңе жанымды ашам,  
 Тізе бүгіп, болмай тұр жалынбасам.  
 Сағынбауға бола ма махаббатты,  
 От кезінді бола ма сағынбасаң!..

Елемеуге ақын жан қалай шыдар,  
 Өтіп жатқан минутты санайсың әр.  
 Жылаймын мен, жылаймын еңіз-теңіз,  
 Жылайтындар мен құсап талай шығар!..

25.XII.1999 жыл

## ҚАРА КӨЗ ҚАРЫНДАСЫМ

Бақыт құсы басыңнан арылмасын,  
 Өрқашан жанымдасың!  
 Туған жер құрағысың,  
 Нұр көктем шуағысың,  
 Аман-сау бол, қаракөз қарындасым!..

Мен сен үшін өмірде қалдым аман,  
 Орынымнан тіктелдім сөл құлаған.  
 Айналайын иініңнен ағып түсіп,  
 Шашыңнан жалбыраған!

Өз ішімнен қызығам жалын жасқа,  
 Аят ішіп налынбасқа.  
 Рахмет қалдырған тағдырыма,  
 Өлең жазып жүрсін деп қарындасқа!..

Өзім білем өзімнің қатпарымды,  
 Оңашада не ойлап жатқанымды.  
 Себеп міне жиырма жыл, жазып жүрмін,  
 Жүректегі сендердің хаттарыңды!

Бір от көрсем қолыммен ысырамын,  
 Қырыққа келген ақынның ісі мәлім...  
 Өзің келіп, агажан, жүр, демесек,  
 Қысынамын...

Татып жүрмін бұл күнде бұйырғанды,  
 Жазылмастай көңілде түйін қалды.  
 Айдалаға шыққанмен айғай салып,  
 Кім қайтарып береді жиырмамды!..  
 Шыңға шыққан көктемнің шынарысың,  
 Көңілдің құмарысың,  
 Жанымның тұмарысың,  
 Жиырмада неге өліп кетпедім деп,  
 Барады жылап ішім!..

1986 жыл

## ТАЖЫМ СЕҢІКІ

Ұқсатам сені шынарға,  
Тағамын сені тұмарға.  
Мен тұрмаймын гой мәңгілік,  
Сүйіктім мәңгі тұрар ма.

Енгізем сені жырға да,  
Таласар Ай мен Күн ғана!  
Жалаң аяқ барып, аяулым,  
Алып беремін бір қала!..

Үрлеймін сені жандырып,  
Таратам елге өн қылып.  
Тағымды, киген тажымды,  
Кетемін саған қалдырып!..

Жамандық, саған дарыма,  
Жамандық, саған дарыма!  
Алақанымды төсейін,  
Мен сенің табандарыңа!..

Лаулай бер менің жалыным,  
Керек бір шаһар алуым.  
Жер шарын егер жауласам,  
Беремін саған... жарымын!..

Жана бер лаулап, от арман,  
Арамның сенен беті арман!  
Жатамын сені сағынып,  
Қайта алмай қалсам... САПАРДАН!..

24.03.2000 жылы

...

Қазір менің жанымда жаңалық бар,  
Қазір менің басымда даналық бар.  
Махаббат бар, сезім бар көңілімде,  
Сол сезімнің барлығын сен алып қал!

Ал қайғымның жартысын жарыласып,  
Жүріп еді сөзімнің дәмі қашып.  
Жүрегімде барымды ақтарайын,



Мынау аппақ әлемге пәк қарайын,  
Көңілімнің кетейін бәрін ашып!..

Адам құсап ағымнан жарылайын!  
(Айтсаң іштен шығады сары уайым!)  
Керек емес өмірде жалған бақыт,  
Мен тұрмыстың жеңілін неғылайын?!

Кім біледі, қандай боп көрінемін,  
Мен берілсем мәңгілік берілемін!..  
Жүрегімде болмаса бір ақиқат,  
Өтірікті жазуға ерінемін!..

2.02.1982 жыл

## ҰНАЙМЫН БА?!

(Тамараға)

Ұнаймын ба, жан сәулем, ұнаймын ба?!  
Ұнамасам көгімнен құлаймын да!  
Екеуміз екі жақтан ұшып келіп,  
Қатарласып қонамыз бір айдыңға!

Аққудың іші – аққу, сырты – қыран,  
Қорқамын мергендердің мылтығынан!  
Телміріп екі бірдей сұғанақ көз,  
Қарайды киіз үйдің жыртығынан!

Ұнаймын ба, жан сәулем, ұнаймын ба?!  
Ұнамасам көгімнен құлаймын да!  
Көзі жаман сұқтанған сұғанақтың,  
Несі бар-ай, бұл жұрттың шырайлымда!

Сұқтанбашы жаман көз жылтындаған!  
Мен өзімнің үйімнің кілтін бағам!  
Көздемеші аққуды қасымдағы,  
Оқтың тиіп кетуі мүмкін маған!

Ұнаймын ба, жан сәулем, ұнаймын ба,  
Ұнамасам көгімнен құлаймын да!  
Сен біреудің отына жанып кетсең,  
Отыра ғап алдыға жылаймын да!

3.11.1999 жыл

## БІР ӘЙНЕККЕ БІР ӘЙНЕК

Бүгін сені орныңнан таба алмадым,  
Терезеңе күн бойы алаңдадым.  
Қиын екен сарсылып адам күткен,  
Маған мөлiм осы хал, саған мөлiм.

Өлең қалды. Жүрек те жылымады,  
Үрлатып алғандаймын шұғыланы.  
Қап-қара боп алыстан өйнегің түр,  
Ең болмаса итің де ұлымады.

Жоғалды «экрaн»-нан жылы бейнең,  
Айнаң қалды сүп-суық.  
Үңірейген  
Жаңа ғана бұл дүние ыстық еді,  
Соқыр болды енді ол сүмірейген.

Енді бүгін күн шығып, таң атпайды,  
Енді жаным ол үйді жаратпайды.  
Бұл дүниеде үй де көп,  
Әйнек те көп,  
Бірақ бірі бұншалық қаратпайды.

Қатар-қатар тұрады рамалар,  
Угольниктер, шегелер, бұрамалар...  
Бір өйнекке бір өйнек жылу беріп,  
Бір өйнектен бір өйнек шуақ алар!

Қарайды одан ғалымдар, ғұламалар,  
Көрінеді жұлдыздар, мұнаралар...  
Бір өйнекке бір өйнек ғашық болып,  
Бір өйнекке бір өйнек жылап алар!

23.10.1999 жыл

## ТАЙМАЙДЫ ДЕГЕН ТАБАНЫМ...

Таймайды деген табаным,  
Жалтақ боп шықса неғылам.  
Қас батыр деген адамым,  
Қорқақ боп шықса неғылам.

Жорға деп жүрген арғымақ,  
Жортақ боп шықса неғылам.  
Менікі деген балбұлақ,  
Ортақ боп шықса неғылам.

Менікі деген сырым бір,  
Сырттыкі болса неғылам.  
Үйдікі деген жұлыңғыр,  
Жұрттыкі болса неғылам.

Лаулаған от па дегенім,  
Суынды болса неғылам.  
Таза деп ішкен-жегенім,  
Жуынды болса неғылам?!

Жауып бір кеткен есігім,  
Жылжыған болса неғылам.  
Андып бір жатқан ішінде,  
Сұржылан болса неғылам.

Аузымнан біреу нанымды,  
Алып бір кетсе неғылам.  
Білдірмей біреу аяқтан,  
Шалып бір кетсе неғылам.

Аулақта сөйтід ақ қарға,  
Аунатып кетсе неғылам.  
Қалдырып қарлы боранда,  
Жауратып кетсе неғылам.

Туылдым басқа,  
Басқа өлем!  
Мені атып кетсе неғылам.  
Аузыма ұрып таспенен,  
Тонатып кетсе неғылам.

Отпенен жаман ойнаған,  
Сенсіз де жаман ойланам!  
Джунглиге ұқсар бұл өлем,  
Қасқыры тісін қайраған!

**МЕН БҮГІН ЖЫРЛАМАДЫМ...**

Мен бүгін жырламадым,  
Бүлінді өлеңдерім.  
Жанымды тырналадың,  
Мен бүгін төмендемін.

Құрдымның төріндемін,  
Боранның өріндемін.  
Бүркіттің тырнағында.  
Қорқыттың көріндемін!

Тынымсыз жүрегімді,  
Неліктен дірілдеттің.  
Кешігіп келдің-дағы,  
Уақытынан бұрын кеттің.

Қойдың да дыңғырлатып,  
Айтпадың өндерінді.  
Құлаққа шалдырдың да,  
Құрыттың дәрменімді.

Келеңсіз істерінді,  
Қалайша мақұлдаймын.  
Қыссам да тістерімді,  
Аязда сақылдаймын.

Ақ қарда аунап келем,  
Жас болып саулап келем.  
Мен сенен ұзақта өлем,  
Мен сенен аулақта өлем!..

Ер жігіт қайысқанда,  
Көздерін жастамайды.  
Жақсы ит өлімтігін,  
Жақынға тастамайды!..

## МОЙЫНДАУ

Мен сіздерді алдап жүр едім,  
Сөздеріме иланыңыздар.  
Өтірікші менің жүрегім,  
Қиналмаңдар, қиналыңыздар!

Өкінбеймін, ешкім айтпаған  
Бір шындықты айтқаным үшін.  
Өзім зорға иелеп алған,  
Мәртебемнен қайтқаным үшін!

Мен оншалық ақын емеспін,  
Мен сияқты жұлдыздар сансыз.  
Өлеңдерім Пушкиннен төмен,  
Қайғы-мұңым Абайдан өлсіз.

Жүз қызды мен сүйген шығармын,  
Мойындауда болса мәрт ісі.  
Тең жартысын мен тастап кетсем,  
Мені тастап кетті жартысы.

Өтіріктен жыладым кейде,  
Марқұмдарды аяту үшін.  
Жылар кезде жылай алмаған,  
Салқындарды баяту үшін.

Кей уақытта ие болмасам,  
Кейде ие болдым қолдауға.  
Ақиқатты көрсету үшін,  
Кейде тура келді алдауға.

Көңіліңе сенің қол салдым,  
Оңашада көзіңді байлап.  
Көңілдегі хаттарыңызды,  
Көпшілікке жібердім айдап.

Түсіріңдер тақтарыңыздан,  
Өшіріңдер хаттарыңыздан.  
Мен өмірде не қазына тапсам,  
Өздеріңнің қатпарыңыздан!..

Осылайша үйрендім аздан,  
 Іске қосып сезулерімді.  
 Махаббат... деп... Сол қызға жазған,  
 Баян еттім сезімдерімді.

Ұрымын мен!  
 Көззаппын, елім,  
 Өтірікші,  
 Суайт қасқамын!  
 Иесі сен мына өлеңнің,  
 Мына кітап сенің дастаның!..

Өздерінді алдадым қанша,  
 Өңгүдіктей, аңқау баладай.  
 Өлі қанша алдаймын сені,  
 Қанша сүйгеніме қарамай!..

Шат болсын деп, оқырмандарым,  
 Мен былғандым қанша ласқа.  
 Сөйтіп сені алдағандарым,  
 Кейде шығып жүрді... расқа.

Себеп: қызға мұңайып жазған,  
 Өлеңімді жастар көшіріп,  
 Баян етіп өз жүректерін,  
 Кей уақытта кетті қосылып.

Қосылыңдар, ерлі-зайыптар,  
 Қосылуда қандай айып бар!..  
 Қосылыңдар, Еділ-Жайықтар,  
 Көк теңізде жүзген қайықтар!..

Айрылғанда көңіл майырылды,  
 Қосылғанда көңіл шаттанды.  
 Соның үшін басамыз кейде,  
 Қыз-қырқынға жазған хаттарды...

Жырлаймыз біз мына өмірдің,  
 Сұлулығын, сымбатты екенін.  
 Айрылысудың ащы екенін,  
 Махаббаттың қымбатты екенін!..

Гипноздардай арбап көздерді,  
Айтпай әлденебір сөздерді,  
Жазбай жұлдыз, тау мен тастарды,  
Араламай ай мен аспанды.

Жүрегінде қандай сыр бар деп,  
Үңілемін көздеріңізге:  
«Өздеріңнен жигандарымды,  
Айту үшін... өздеріңізге!..»

26.11.1978 жыл

\*\*\*

Жарты ұйқымды саған бердім,  
Алсын деп көз шырымын.  
Қараңғыда қалғы, жаным,  
Тарқатылып бұрымың.

Қасіретімді бөлістім де,  
Саған бердім шаттығын.  
Түн өзіме қалсын, мейлі,  
Саған болсын жақты күні!..

Ғашықтықтың қиындығын,  
Мен көрейін, сен көрме!  
Қайғы-уайым мен шегейін,  
Махаббатың сөнгенде!..

Мың сайманын махаббаттың,  
Мүмкін емес сай қылу.  
Кездескенде кім қуанса,  
Соған қиын айрылу.

Жарты ұйқымды саған бердім,  
Алаңсыз бір қалғып ал!  
Ертең төтті төсекке де,  
Өмір сені зар қылар!

Сөбилерің жатқызбайды,  
Отырғызып тік таңда.  
Өлеңдерім ұйқы бермес,  
Кітап болып шыққанда...

Түні менен ілінбейді,  
Қара көзің-қарақат.  
Жүрегіңе салар біреу,  
Жазылмайтын жарақат!..

Қорылдысы батар оның,  
Сенің нәзік жаныңа.  
Алыстан қол созғың келер,  
Біреулердің шамына.

Бірақ ол да қиын нәрсе!  
Алып ал қоз шырымын!  
Қараңғыда қалғы, жаным,  
Таркатылып...бұрымың...

20.12.1979 жыл

## МАХАББАТТЫҢ БАРЫНДА...

Аққу күстар – Армандар,  
Өмірімді жалғандар!  
От берем деп біреуге,  
Отқа түсіп қалмаңдар!..

Жалының бар, нұрың бар.  
Сәл жылыта тұрыңдар.  
Зорлап өлең дегенді,  
Жаздырады... сұлулар!

Не десең де хақың бар,  
(Жанар отқа жақын бар!..)  
Арулардың алдында,  
Тіз шөгеді ақындар!..

Тырнақ салма жауырға,  
Өртесең де жалынға.  
Өлең де – өлең, сөз де – өлең,  
Махаббаттың барында!..

22.02.2001 жыл



## МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ҚАРЫНДАСТАРЫМА

Мен құлаймын құласам құзға барып,  
Мен жыласам жылаймын қызға барып.  
Мен қыздардың төсіне жылынамын,  
Еркектердің сөзінен мұздап алып.

Ез боламын қыздарға жүгінбесем,  
Бүктелемін алдында бүгіл десең.  
Аңдамайды-ау арулар, аңдамайды,  
Шырақ алып алдынан жүгірмесем.

Еркем де сен, өмірде, көркем де сен,  
Көрмеймісің үйтіліп, өртенбесем.  
Өне бойым жаралған жанармайдан,  
Қалыбайсыз қалады ертең көшең!..

Бағың бір ән, қазағым, тағың бір ән,  
Бар өлемді бір қызға табындырам.  
Жүрегіне бір қыздың жете алмасам,  
Маңғыстауды қалайша бағындырам!..

Қолым созып қыздарға өлең бердім,  
Өлеңдері өлмейді кемеңгердің.  
Абайы бар қазақтың – Қалбайы бар,  
Арасында өскенмін емендердің!..

Емін-еркін мен қазір өле алмаймын,  
Бір өлген соң... мен қайта оралмаймын.  
Қолымда сөздерім жүр басылмаған,  
Сондықтан...  
Мұқағали бола алмаймын!..

Менің өйтіп хақым жоқ ерте өлуге,  
Жан екенмін жаралған өртенуге.  
Қызға жазған хаттары Қалыбайдың,  
Жасау керек елу жыл... ең кемінде!..

Айналайын, қазақтың қара көзі,  
Елу деген – еменнің бала кезі!..  
Маңғыстауда шашылып жырым жүрсін,  
Ертең жинап қазақтың алады өзі!..

Сендер барда адасып, сарылмаспын,  
 Жанымды аштым сендерге,  
 Барымды аштым.  
 Құмар өлең – өлеңім, тұмар өлең,  
 Тағылайын мойнына қарындастың!..

Ертең менің белгілі тақ аларым,  
 Тәж сұрауға жетіп тұр бағаларым...  
 Кездейсоқ кеп қазақ жоқ қаңғып жүрген,  
 Қаңғып жүрген өзіңнің ағаларың!..

Айналайын қыздардың қара шашы,  
 Махаббатым – жанымның арашасы.  
 Махаббаттың өманда жаны биік,  
 Махаббаттың болмайды аласасы!..

Сөздерімді сынайды гұлама сан,  
 Болмайды енді белімді қынамасам!  
 Мың сұлудың жүрегін өртеу үшін,  
 Бір сұлуга болмайды ұнамасам!..

Бір қамалды алайын өлеңіммен,  
 Өлеңіммен алмасам өлемін мен!..  
 Разы боп өмірге келіп едім,  
 Разы боп кетейін мен өмірден.

Тауқыметтің кешірдім бәрін бастан,  
 Аяйтұғын жаным жоқ қарындастан!  
 Сен дегеннің біреуі мен едім ғой,  
 Мені қалай жүресің сағынбастан!

Өтейін бе өмірден періштедей,  
 Өлеңімді қабыл ет кеміс демей.  
 Төлегенді өкеткен мына тағдыр,  
 Қалыбайды қоя ма тегістемей!..

Сендер барда ұшамын жүз қанатпен,  
 Секіремін секірсем күздан атпен.  
 Бір биік Тажымақал салу үшін,  
 Өмірде жүргем жоқ па қыз қарап мен!..

28.07.2000 жыл

## ТОБЫР

Машиналар, жүкшілер, милициялар,  
Терезенің алдынан сырғи салар.  
Аракідік алдыңнан қыз өтеді,  
Елжірейді жүрегің жымиса олар!

Жезокшелер, сатқындар, маскүнемдер,  
Бейшаралар, байгүстар, жақсы реңдер.  
Пайдақорлар, жемқорлар, мүгедектер,  
Бірін қаржы, біреуін аштық емдер!..

Алдыңда адам, қапталда, артыңда адам,  
Қайықтайсың ортада қалтылдаған.  
Аракідік... алдыңнан қыз өтеді,  
Қыз өтеді... денесі жарқылдаған.

Шашын қара, иығын, көзін қара,  
Іште жатқан қозғайды сезімді ана.  
Автобуста, жиында, оңашада,  
Өз ойыңды білесің... өзің ғана!..

Көркем адам,  
Құнды адам,  
Қоқыс адам,  
Қолдарыңды сендердің не тұсаған!..  
Бір-біріңді ойлаңдар, қара-а-ап тұрып,  
Мына өмір келмейді екі саған!..

Жүрген тобыр жаяу да, таксимен де,  
Мен сендерге идім ғой басты игенде.  
Күніменен жанымды қажап, егеп,  
Кетесіндер таралып... басқа үйлерге...

Адамдар жанды ұғындар, жанды ұғындар,  
Бөрінің де кішкене хандығың бар.  
Бір-біреудің жүйкесін қажай бермей,  
Махаббатқа азғана қалдырыңдар!..

Емін-еркін жасайды заманды ұққан,  
Қалған-күтқан адамға, қалған-күтқан.  
Арылыңдар ездіктен, арамдықтан!..  
Бір-біріңе үйкеліп-сүйкеліңдер,  
Өмір ылғи тұрмайды... жамандықтан!..

## ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Ауық-ауық балконнан,  
Қаратады жалғыздық.  
Жүрегіңді қара итке,  
Талатады жалғыздық.

Аңсарыңды аудырып,  
Алып қашар жалғыздық.  
Ескі машинасына,  
Салып қашар жалғыздық.

Құлақ тұнып, жаныңды  
Зірлетеді жалғыздық.  
Иманыңды, арыңды  
Кірлетеді жалғыздық.

Сандалтырып көшеде,  
Жүргізеді жалғыздық.  
Кірмейтұғын үйлерге  
Кіргізеді жалғыздық.

Отырғызбай, есепке  
Батқызады жалғыздық.  
Алдап басқа төсекке  
Жатқызады жалғыздық.

Ойлап қойған ісіңді  
Шала қылар жалғыздық.  
Елудегі кісіңді  
Бала қылар жалғыздық.

Өлділейді күс іні,  
Сыртың – момын, іш – ұры.  
Жай кісі екен деп жүрме,  
Жалғыз жүрген кісіңі!..

Хан тағында ол адам,  
Қан тамырда ол адам.  
Жақын болып шығады,  
Жалғыз үйге жолаған...

Жаны өзіне икемді,  
Жалғыз өскен ителгі.

Жарты ғасыр ішінде,  
Жарты әлемге сүйкенді!..

Ай батады өңістен,  
Күн шығады Жеңіспен!..  
Айнымайды сөзінен,  
Жалғыз үйде келіскен!..

Айдалада жалғыз үй,  
Жалғыз үйде... бір адам.  
Мекен-жайы белгілі,  
Адаспайды сұраған!..

Жалғыз өзі бағында,  
Сүлейменнің тағында.  
Қуанышты көңілі,  
Қапа болар шағында.

Елемейді қайғыны,  
Алатаудай айбыны!..  
Көшірмесі Мөжнүннің,  
Күтіп жатқан Ләйліні...

Жалғыз өсіп жетілдім.  
Жалғыз өзім...  
Жетіммін!..  
Бұл дүниенің сырына,  
Жалғыз өзім кепілмін!

Махаббаттан мас көңіл,  
Керекпейді басқа өмір.  
...Жалғыз үйдің түрінде,  
Жалындайды... ТАСКӨМІР!..

2002 жылғы жазда жазылған

## ЕРТЕҢІНЕ, ТАҢЕРТЕҢ...

Тойдан кейін төсекке келін кірді,  
Бөрі бітті. Күйеудің "емін" қылды.  
Енді қалай шығады күн көзіне,  
Дүйім халық түсінді. Бөріні білді.

Қалай бетін көреді ата-ененің,  
Біреу күлсе қалайша көтеремін?!.

Ел бетіне қараймын қайсы жүзбен,  
Қалай ашам есігін мекеменің?!

... Жігіт отыр малдасты құрып алып,  
Қызды өлтіріп, бір өзі тірі қалып.  
Кемпір мен шал далада жетеледі,  
Келін отыр есікті іліп алып...

Қатын деген ат қайдан шығып еді,  
Енді бұған біреулер тігіледі.  
Кеше ғана қыз еді ойнақтаған,  
Бүгін кеште қайтадан бүлінеді.

Ана отырған ене де сондай болған,  
Шалға тиіп мына бір... оңбай қалған.  
Содан кейін туылған мына бала,  
Содан кейін ана бір Домбай болған.

Көрмегендей жүр өне жылтың қара,  
Ішін қара бұлардың, сыртын қара!  
Бәрін біліп тұр келін, бәрін біліп,  
Келгеніне бұл үйге бір түн ғана!..

01.11.1999 жыл

## Аһ, СОЛ ҚЫЗІ

Иланбаймын ерлер қатал дегенге,  
Өйткені көргенмін қыздың каталын.  
Өлемде он екі ай жаз болар еді,  
Сол қыз сөндірмесе Күннің шапағын!

Оның тұлғасында бар еді жылу.  
Онан үркіп жұлдыз жоғалар еді.  
Сонша сұлулыққа ие бұл сұлу,  
Қатал болмағанда... не болар еді!..

Қап-қара көздерін оның көргенде,  
Ойладым жұлдызды аспан шығар деп.  
Сонша сөздеріме шыдам бергенде,  
Ойладым жүрегі тастан шығар деп!..

Онда күз бар еді жалындырғандай,  
Аппақ мойнын көрсек, құстай мысалы...

Көргенді ақылдан жаңылдырғандай,  
Бар еді ол қыздың отты құшағы.

Аппақ балтырларын бір жалаңаштап,  
Сыланған кездерін көрсең еді сені  
Сүмбілдей шаштарын желкеге тастап,  
Таранған кездерін көрсең еді сені..

Алғыс айтар едің жібек денеге,  
Мынандай жібекті тапқан адамға.  
Қарғыс айтар едің түтеп... және де,  
Сондай сұлулықты жапқан адамға!..

Рафаэль болсаң да тұрған үлбіреп,  
Сол қыздың суретін сала алмас едің.  
Өйткені ол тұрса, көзі мөлдіреп,  
Сен де жайбарақат қала алмас едің!..

Әттең, мүмкін емес сурет салуым,  
Рафаэль емесімді жиһан біледі.  
Артық еді Мадоннадан аруым,  
Өйткені бар еді оның... жүрегі!..

9.12.1979 жыл

...

Бөлмеңе кеште мен жағып кеткен  
сол жұлдыз,  
Жарқырап жүрсін кеудеңде.  
Армандай мені көреді ғой деп  
сол бір қыз,  
Қайтайын әр уақ келгенде...

Бір күліп қойсаң шат жүремін  
күнде мен,  
Түсірмей еш уақыт еңсені.  
Майданға кірсе жарқ ете қалсын  
күнменен,  
Ақынның болат семсері!..

Өмірім менің ұқсайды кейде тасқынға,  
Бәлені жүрме сатып ап.

Найзағай құсап күркіреп күннің  
астында,  
Кетемін шарт-шұрт... шатынап!..

Бөлмеңе кеште мен жағып кеткен  
сол жұлдыз,  
Жарқырап жүрсін кеудеңде.  
Армандай мені көреді ғой деп сол  
бір қыз,  
Қайтайын әр уақ... келгенде!..

26.03.1968 жылы

## ОЙ

Мен бірден-ақ ел назарын аудардым,  
Қайсар едім: бір басып, бір құладым.  
Күлеғойсам теңселдіріп тауларды,  
Тереңінен тартып алдым... бұлағын!

О, сүйіктім, түсін мені бірақ та,  
Адам жанын ұғу керек кеңірек.  
Қолдан келсе, жұбатып жүр, жылатпа!..  
Мен жыласам, жіберемін... еңіреп!

18-19.03.1968 жылы

## ОТЫЗ

Маған бақыт қарады қайдан күліп,  
Кетті бір қыз отызда ойландырып.  
Су ығызып өкетті қайығымды,  
Бір иірім басымды айналдырып!

Жырларымды қайтадан кестелетті,  
Сезімімнің масағын дестелетті.  
Көңлімді бір сезім дірілдетіп,  
Жүрегімді астан да кестен етті!

Аймалағым көп кетті, еркелегім,  
Мұндай шақта ақылым келте менің,  
Қайтар менің бетімді! Қайтармасаң,  
Мынау отқа түсіп мен өртенемін!..

Бір тылсым бар көзіңнің қарасында,  
Өмірімді қисам да сол асылға,



Жиырмадағы жастарға өзің үшін,  
Менің күшім жете ме таласуға!..

Ұнатты қыз. Ұнатса несі кетті!  
Өмір оған сөл кейін несіп етті...  
Отыз жаста ойланған бізге қиын,  
Басымыздан көп нәрсе кешіп өтті.

28.11.1979 жылы

## ТЕК ҚАНА МАХАББАТ...

Түрлері қандай жазаның,  
Тарқайын деп түр базарым.  
Ойлыға айтар сөзімді,  
Ойланбай қалай жазамын!..

Болмайды маған ойнауға,  
Көк теңіз керек бойлауға.  
Қайығым қайда кешегі,  
Жасырып кеткен қойнауға!..

Қайдасың, аппақ желкендер,  
Жанымды менің өртеңдер!  
Жағадан адам таба алмай,  
Көздерім менің мөлтеңдер!

Теңіз де бүгін суықтай,  
Күннің де көзі сынықтай.  
Жақсы өлең қайдан шығады,  
Жаныңды біреу жылытпай!..

Қалаңдар отты кемеге,  
Беріңдер өртті қодсеге.  
Жануым керек мен қазір,  
Келуім үшін келеге!..

Өртеуім керек жалғанды,  
Көресің қазір!.. Жанғанды!..  
Тұтатам қазір көмірді,  
Өкеліп тұрып...  
Маңғалды!..  
Қышқылға мені тастаңдар,  
Ащымен көзді жасқаңдар!  
Оқысын өлең  
ақынның,  
Шашлығын көріп сасқаңдар!..

Жарқылда, КҮННІҢ ШУАҒЫ,  
 Біз-дағы НҮРдың уағы!..  
 Серкесі қазір семсердің,  
 Суырылып оттан шығады!..

Жұлдыздар онысыз ақпайды,  
 Қырандар қанат қақпайды!  
 Құдайға жақын барғанды,  
 Құдайдың өзі сақтайды!..

Семсерлер онсыз кеспейді,  
 Бұрғылар онсыз төспейді.  
 Құдайдан қашқан ақынды,  
 Құдайдың да өзі кешпейді!..

Болатты отта сынайды,  
 (Отта тұрғаным ұнайды!..)   
 Құдайдай біреу керек-ақ,  
 Көрмегендерге Құдайды!..

Айтылар сөзді айтармын,  
 (Пендемін мен де... байқармын!..)   
 Түзу сөйлегенді көргенде,  
 (Істерін жасап... Шайтанның!..)

Жүгім бар Қаптың тауындай,  
 Жүруім керек жаңылмай.  
 Жалауы қолда қазақтың,  
 Тұруым керек алынбай!..

Ақпын ба, әлде... қарамын,  
 Көппін бе, әлде, дарамын.  
 Көпірден қылдай дозақтың,  
 Үстінде кетіп барамын!

Шалғайдан жауым тартады,  
 Достарым жүкті артады.  
 Өтуім керек жаннатқа,  
 Мына қыл көпір арқылы!..

Күшім бар көптің күшіндей,  
 Қайтейін сосын ісінбей!  
 Өтуім керек жаннатқа,  
 Тауымды отқа түсірмей!..

Барамын жалғыз айқайлап,  
Қайысар кезде қан қайнап!..  
Құдайдың көзі түспесе,  
Қай жерде маған балқаймақ!..

Барымды менің ұқтыңыз,  
Бар ма өлде, жоқ па мықтыңыз!..  
Құдайдың көзі түспесе,  
Қай жерде маған сүтті қыз!..

Барады көңіл құлазып,  
Заманның жатыр түрі азып.  
Жаннатқа жетіп алайын,  
Үзіліп кетпей...  
Мына жіп.

Тау жүгі түсті торғайға,  
Күш түсті шидей борбайға...  
Көмегің қайда, ағайын,  
Қолыңды берсең...  
Болмай ма!..

Үстінде тұрмын дозақтың,  
Лауласам отқа...  
Мөз-ақпын!..  
Тойлатпау үшін құзгынды,  
Өлмеуі керек!  
Қазақтың!..

Қаратауым бар желкемде,  
Болмайды оны өртеуге!  
Жоғалмай жыры Қалбайдың,  
Баруы керек!  
Ертеңге!..

Көрінді алдан жарық таң,  
Бірдеңе дейді...  
Тарыққан.  
Өлеңде нем бар  
жанымды,  
Аяйтын болсам  
Халықтан!..

## КАТЕРИНАМЕН СЫРЛАСУ

Өдемі ақ сары қыз,  
Өдемі ақсары қыз!  
Қашаннан көрші болдық,  
Қабысып жапсарымыз!

Қысады шөл денемді,  
Көз жасым дөңгеленді.  
Пушкиндей қырғын етіп,  
Жазамын мен де өлеңді.

Көздерің көк телегей,  
Көңіл не – көктем емей?!  
Қуылсам босағаннан,  
Кетемін екпелемей.

Жұлдыздар – құшағымда,  
Көктемді құшамын да.  
Сен мені ақын десең,  
Құс болып ұшамын да!

Жолыққан жаз айында,  
Бағым ба, сазайым ба?!  
Атынды өлеңменен,  
Ақтауға жазайын ба?!

Несіне тартынамыз,  
Адамбыз, бар күнөміз.  
Қазақтың арасында,  
Азуым алты қарыс!

Біз де бір тақсыр адам,  
Қазақтан тақ сұрған.  
Біреуді жамандайды,  
Біреуді жақсылаған!

Өзгеде жыным бар ма,  
Кім күмар қырылғанға.  
Жүз күзғын тойынады,  
Бір тұлпар жығылғанда!

Қорқамын өлімнен де,  
Қол созам көрінгенге.  
Мың күзғын қуанады,  
Бір ақын көмілгенде!

Ел болдық егеменді,  
Шегара шегеленді.  
Волмайды орысшалап,  
Оқыр ем Төлегенді!

Өлең бар үмітті еткен,  
Құлаққа кіріп кеткен.  
Бізде де ақындар көп,  
Жұлдызды ұрып кеткен!

Мұңаям жесірліктен,  
Ғашық боп есім біткен!  
Мен-дағы ұлы ақынмын,  
«Өспеген» кесірліктен!

Екі қыз, бес ұлым бар,  
Бір-екі жесірім бар.  
Төрт әйел алса-дағы,  
Қазаққа кешірім бар!

Мен осы... анадаймын,  
Қыздарды паралаймын!  
Үйімнен қуылғауда,  
Сендерге паналаймын!

Тіріде тойынамын,  
Бір күні сойыламын!  
Өлгенде Қозы-Баян,  
Қасына қойыламын!

Өмірім-өлеңіммен,  
Осы деп өлемін мен!  
Көзіңнен айналайын,  
Жұлдызды көре білген!

Ешкімге жабыспаймын,  
Сүймесе таныспаймын.

Сенбесең сынап қара,  
Мінекей, нан ұстаймын!

Аяқты нықтап бастым,  
Көзіңді шықтатпаспын.  
Өлеңім – өсекшілеу,  
Басыңды жұптатпаспын!

Абайла, еніп кетпей,  
Жаныңды желіктетпей.  
Көзімін Есениннің,  
Отырған... өліп кетпей!

Қазаққа жақын керек,  
Ар керек, ақыл керек.  
Дәм мен тұз, ақ дастархан,  
Арада жату керек.

Өлеміз махаббаттан,  
Тіріліп шапағаттан.  
Аман бол, ақсары қыз,  
Жаралған шоколадтан!

Жайнай бер, жасыл емен,  
Жанымды ашып өлем.  
Бізде өркім ойланады,  
Өзінің басыменен!

*17.09 – 18.10.2000 ж.*

## ЖАНАЙҚАЙ

От бердің маған ақ таңда,  
Найзағай тастап бақтарға,  
Сөндіре қойсаң болмай ма,  
Өртеніп бар жатқанда?!

Ыршиды іште жан аунап,  
Зыңғыды жұрттың бөрі аулақ!  
Жүгіріп қарсы желге мен,  
Өртеніп барам алаулап.

Үйтілді екі қанатым,  
Таусылды менің тағатым.

Су қайда ойбай, су қайда,  
Жанымды баса қалатын!

Туды ма өлер сағатым,  
Таусылды сабыр-тағатым!  
Кім барсың, ойбай, қасымда,  
Жарамды менің таңатын?!.

Көрсендер бойма жанымды,  
Лаулатып барам жалынды.  
Қуалап тұтып алмасаң,  
Өртеймін қазір ауылды!..

Ірке аламысың тоқта деп,  
Ұрамын бойды топқа кеп!  
Отыра алам ба өлерде,  
Айыбың бар ма, жоқ па деп?!.

Ұстаңдар мені жібермей,  
Басыңдар суға сүгендей!  
Тигенде жалын өзекке,  
Жандырып кетем түгелдей!

Шыңғырам қазір мастарша,  
Өлім өулеті басталса.  
Себелемеймісің су өкеп,  
От бере салып қашқанша?!.

Лапылдап барам өртіңнен,  
Айрылып барам еркімнен.  
Қырылып қалар мына жұрт,  
Бір ғана сенің дертіңнен!

13.12.1999 жылы

## **СЕН МЕНІҢ МЫНА ЗАРЫМДЫ ҰҚ!**

Қосылсын жастар, көбейсін!  
Көзіңмен топты шенейсің.  
Көңілің соққан біреуге,  
Қосылып сен де жөндейсің!

Сонда сен менің барымды ұқ,  
Сонда сен менің зарымды ұқ!

Сен емес пе деп қорқамын,  
Өкелсе біреу қалыңдық!

Қайтейін сені қаралап,  
Жанымды кеттің жаралап.  
Өн болып сенің есімің,  
Ауылды кетті аралап.

Іліндім мен де өсекке,  
Іліндің сен де өсекке,  
Сонда мен жасқа булығып,  
Құладым үнсіз төсекке!

Атыңды айттым өн қылып,  
Тойларға кірдім сән құрып.  
Махаббатыммен іштегі,  
Оттарды жүрдім жандырып.

Нағылсын жүрек сорласа,  
Көңілге қайғы орнаса.  
Өн салу маған не керек,  
Сүйетін біреу болмаса?!

Көгімнен бүгін жоғалдың,  
Көңілсіз үйге оралдым!  
Жандыратыныңды білген соң,  
Жалғыз боп неге жаралдың?!

Жалғыз боп неге туылдың,  
Күлімді көкке суырдың.  
Жұлдыз ем тұрған жарқырап,  
Аспаннан бүгін қуылдым!

Жарықтың жаман сөнгені,  
Жылатар барлық пендені.  
Толайым көптің көзінше,  
Опат қылдың-ау сен мені.

Жана алмай жатып сөңдім-ау,  
Жылымас енді Жер мынау!  
Толайым көптің көзінше,  
Аяққа басып бердің-ау!

Өмірде сенсіз жоқ тірек,  
Өтемін алау-шоқ тілеп.



Елемей бағы жанғандар,  
Кетеді-ау енді тепкілеп!

15-16.10.1999 жыл

\*\*\*

Сала алмаймын мен енді нақышымды,  
Қия жартас бөгеді ағысымды.  
Мың дұшпанның оғына шыдап жүрген,  
Жүрегімнің бір қыздан сағы сынды.

Саа дауыс, сарнай берсең қарлығасың,  
Қай жаққа қалтаңдайды сорлы басым.  
Қасіретпен кеудеме қайта қонды,  
Көңілімнен ұшырған қарлығашым.

Мен қорқамын арудың тұлғасынан,  
Жаутаң-жаутаң қараймын қыр басынан.  
Мың дұшпанның оғына шыдар едім,  
Ұстай алсам өмірді бір басынан.

Сен тілейсің: өмірім сайран болсын,  
Әрбір күнім қуаныш, мейрам болсын.  
Жүрегіме кірмесе бір махаббат,  
Менде мұндай ұлылық қайдан болсын.

Өзің-дағы бір күні түсінерсің.  
(Жүрегімді қалайша кісі көрсін?)  
Менің жаным бұл күнде қыран бүркіт,  
Өлсе-дағы биіктен ұшып өлсін.

8.02.1982 жыл

## МЕН ЖҰБАҢСАМ...

Мен жұблисам, өзіңе жұбанамын,  
Жалғыз ауыз сөзіңе жұбанамын.  
Кіріп-шыққан есіктен аяғыңның,  
Тықылдысын естісем қуанамын!

Болмас па еді бағыңды бағаласаң,  
Бар есігін жанымның саған ашам.  
Менің жаным өзіңе ілініп тұр,  
Неғылайын өзгені қаламасам?!

Келіп жүр ме біреуге мойын бұрғым,  
Күттірумен көзімді ойылдырдың.  
Біліп алып жанымға керегіңді,  
Менің дертті жанымды ойын қылдың!

Саған жеңіл: төкаппар бола аласың,  
Маған қиын: өтініп сұрағасын.  
Аттап отіп басынан бақытыңды,  
Мен білмеймін, қай жаққа жол аласың?

Саған жеңіл: сүймес деп қорықпайсың,  
Маған қиын: күтпесем жолықпайсың.  
Мен жүрмін ғой шырқырап шыбын жаным,  
Ең болмаса неліктен соны ұқпайсың?

Саған жеңіл: бар шығар алданышың,  
Маған қиын: шығады жан дауысым.  
Түні бойы отырмын өлең жазып,  
Көңілімнің баса алмай толғанысын.

Мен қорқамын көзіңнің қарасынан,  
Мен қорқамын жанымның жарасынан.  
Қанатымды малып ап бір өзіңде,  
Су бермес пе ем тастардың арасынан!..

Білмейсің ғой оны өзір, жасқанасың,  
Көңлің толып өзіңе мас боласың.  
Құсым жетпес биікке ісім түсіп,  
Қор болдың ғой өмірде қасқа басым!

Жаным менің! Өзіме ер, көзіңе ермей,  
Түсінбейсің бұл сөзге кезі келмей.  
Мен ешкімнің бойына асылмаймын.  
Емін-еркін жүрегін өзі бермей.

Өзі сүймес жанменен сүйіспеймін,  
Жатсаң-дағы жалаңаш тиіспеймін.  
Жабырқаған жүрегім жұбансын деп,  
Мен тек қана шашыңнан иіскеймін.

Алса мені сүйген жан қолына алсын,  
Толы келген көңлі толы қалсын.  
Қақсаң өгер еркіңмен есігімді,  
Қазынасына жанымның жолығарсың.

Мен өйткені ешқашан алдамаймын,  
Жанға баймын, өмірде барға баймын.  
Бара жатсам қайтейін суға кетіп,  
Асылатын шөбімді қармалаймын.

Менің жаным төкапшар. Бұқты кімге?!  
Өлеңімді адамдар ұқты күнде.  
Бар уымды шашамын қағазыма,  
Сақтай ма деп жанының түкпірінде.

Қыс боламын, бір сәтте жаз боламын,  
Ел есінен кетпейтін саз боламын.  
Менің қара күнімде қасымда бол,  
Ажалыма қалды ғой азғана күн.

Болғаны ма осылай өмір өтіп,  
Жаратпаған мені де темір өтіп.  
Бар сырымды жайып сап қағазыма,  
Кетемін ғой өзіңді еңіретіп.

Қапа көңлім тым көрмес мұң қапталып,  
Көкірегіңе тоқи гөр, тыңдап қалып.  
Еленбеген тіріде арзан басым,  
Жылдар сайын барады қымбатталып.

Мына қара, тұманның беті қатал,  
Жырым тұрар басымда екі қатар.  
Жылы жасқа жуылып омырауың,  
Менің қайғым жаныңа жетіп жатар.

Тағдырыңа налырсың сылбыр кешкен,  
Арашаға қалдым деп үлгірместен.  
Суық тасқа тұрарсың көзің салып,  
Жеке барып, ешкімге білдірместен.

Ертең менің жерім жоқ жетпейтұғын,  
Жырым қалар өсіңнен кетпейтұғын.  
Есігіңнен кіреді ол баса-көктеп,  
Болса-дағы адамың «кет» дейтұғын.

Менің жаным бұл күнде нұрдан аппақ,  
Қуанамын ізіңнен бір қарап қап.  
Жүрегімді күшіктей ертіп алып,  
Талма бойың барады бұлғалақтап.

Сені есіме аламын бұйығарда,  
 Жүрегімнен улы жыр құйыларда.  
 Сенен басқа патша жоқ жалынарға,  
 Сенен басқа құдай жоқ сыйынарға!

Соны біліп жүресің алшақ басып,  
 Болармын деп бақытты қалсам қашып.  
 Ақылыңа құлақ тұр көзіңе ермей,  
 Кірлейді ғой бір күні ол шаң басып.

Бір шындық бар өмірде мен білетін,  
 Жеңетұғын немесе жеңдіретін.  
 Сенсің, жаным, шамымды жағатұғын,  
 Не болмаса жанымды сөндіретін.

Маған байлық имесе теріс исін,  
 Қара өлеңнен алдыма жеңіс үйсін.  
 Шын арманды жан болса сені армандап,  
 Шын ақылды жан болса сені сүйсін!

Сөбимін мен бір тұрып, жығылатын,  
 Мені де бір кез болар ұғынатын.  
 Өлеңдегі тумаған құдаймын мен,  
 Бейтавыстау болса да бүгін атым.

Деп жүріп ем: өлеңнің Күні болсам,  
 Ғашықтардың сөйлейтін тілі болсам.  
 Кім біледі, қайтемін қалбалақтап,  
 Менің гүлдей жанымды жұлып алсаң.

Басқа менің сөзім жоқ жеткергендей,  
 Жан емеспін адамзат шет көргендей.  
 Бар сырымды өзіңе жайып салдым,  
 Нәрестенің қолына от бергендей.

Көп сынама: баспадым жер төсін көп,  
 Тереземді несіне шертесің деп.  
 Ұсынамын өзіңе жүрегімді,  
 Бос тұрғанша осы қыз өртесін деп!

## ДӘРИГЕР ҚАРЫНДАСҚА

(қалжың)

Түніменен сымылдап күрек тісі,  
Ақыныңның ауырды жүрек тұсы.  
Өзің шығып көрсетші, айналайын,  
Қоңырауыңның қай жақта кнопкісі?!

Есігіңнің жаңылдым түймесінен,  
Адасқандай ақылдан күй кешірем.  
Өз бетімше қыңсылап отырғанша,  
Осы қыздың өлейін инесінен!..

Түніменен сені ойлап қыңсыладым,  
Бұдан бұрын қайда едің, күншуағым?!  
Мен, қарағым, дәрі емес, бәрі де емес,  
Өтірсудың иісіне түншығамын.

Жүрегіме жүктелді ауыр міндет,  
Өлсем-дағы айтпаспын төуірмін деп.  
Өзге көсіп таппасаң бұдан былай,  
Ауырғым кеп барады, ауырғым кеп.

Екі көзім көзіңе телмөңдейді,  
Барлық ақын осыдан өлген дейді.  
Құрт кесел ме білмеймін, инфаркт па,  
Бір науқас бар бойымда, емделмейді.

Керек болса науқасты ақын үйсін,  
Емханаңның, қарағым, аты күйсін!..  
Суыртуға бір тістен күнде келем,  
Сағынғанда шашыңның отір исін.

Есігіңді аңдимын күнде сенің,  
Әбу-әли атаммен тілдесемін...  
Жүрегімде бола бар, миымда да,  
Қиымда да бар менің бір кеселім!..

Өлем-ау деп түнімен қауіптенем,  
Ми жұқарып, ақылдан ауып келем.

Қандай еді, қарағым, мамандығың,  
Бір ауыру саған сай тауып берем.

Менен өзге істей бер ісің болса,  
Менен өзге қашайын кісің болса.  
Бір өзіңе барлығын суыртамын,  
Ауызымда үш жүз алпыс тісім болса!..

Ауруын айтпаған күнө десер,  
Ақын белін өманда қынап өсер.  
Алып кетіп қалмасын мені өйтеуір,  
Мұқағалиды өкеткен мына кесел!..

15.12.2002 жьы

## СЕН МАҒАН ОПАЛЫ БОЛ, ИТ-ӨЛЕҢІМ!

Сен маған опалы бол, ит-өлеңім,  
Өзіңе еркелеймін, сүйкенемін.  
Екеуміз егіз қозы – жар басында,  
Қит етсең төмен қарай итеремін!

Қараймын саған ғашық көзіменен,  
Сен Баянсың отырған Қозыменен.  
Мен алдасам жалғыз қап сен өлесің,  
Сен арбасаң серіксіз – өзім өлем!

Сен – менің тіршілігім, амандығым,  
Тек өзіңе қарады қараң күнім.  
Мен қатындар алдаса кешіремін,  
Кешірмеймін өлеңнің арамдығын!

Бұл биікке шығып ек жетелесіп,  
Кете алмаспыз енді одан жеке көшіп.  
Ант ішіп бір-біреуді алдамауға,  
Осы жерде алайық некелесіп!

Мен – сенің аузыңдағы асың болам,  
Мен сені сүйген сайын асылданам.  
Қолымнан келер толық жамандық та,  
Сен менен айныған күн басыңды алам!

Жорып жүрме, мені аңқау балақайға,  
 Өзім жүрем қасыңда жанапайға.  
 Мен сені АЙ қасына алып шығам,  
 Бермеу үшін басқа бір жалатайға!

Жан арманым – өлеңім мені ұқтырсын,  
 Жан жағыңды жұлдыздар толықтырсын.  
 Қараңғыда адамдар саған қарап,  
 Менің кім екенімді көріп тұрсын!

06. 11. 1999 жыл

## ҚОЛҒА НЕГЕ АЛМАДЫҢ?

Қолға неге алмадың ертеректен,  
 Жетемін деп жүргенде желке кеткен!  
 Тарт қолымнан,  
 Қара талым!  
 Өн қылып таратамын,  
 Балапаным,  
 Бармысың еркелеткен?!

Айналайын қасыңнан,  
                     кірпігіңнен,  
 Сақта мені дұшпаннан  
                     сырты күлген!  
 Мақта мені,  
 Қайтадан жақта мені,  
 Исі қазақ жаралған бір түбірден!

Неге алмадың иелеп  
                     өзің мені,  
 Бұл дүниеге келдім бе езілгелі?  
 Өліп кете бере ме өзіменен,  
 Мұқағали ақынның сезімдері?!

Тасың едім теңіздің шетіне атқан,  
 Тербетілдім толқында жеті батпан.  
 Сені көріп, ізіңе еріп-еріп,  
 Шығамын мен!.. Түргеліп топырақтан!..

Жата алмаймын!  
 Мен енді «сыр» беремін:

Құлаққа азынаулақ кірді өлекім.  
 Адамзатта иісі бар бірдеңенің!  
 Жеңілдет үстімдегі топырақты,  
 Мен қазір... түргелемін!

Көтерем  
 жердің бетін қыртысталған,  
 Өлемін жыртысқаннан,  
 қырқысқаннан!  
 Жібер, Құдай!  
 Жіберші!..  
 Атан басым,  
 Жатамын ба кем болып  
 бір тышқаннан!

Тарт қолымнан,  
 Мен саған үкім етем!  
 Мен-дағы сен сияқты үкімет ем!  
 Құзғындай қазан ұстап отырғанның,  
 Көздерін шұқып өтем!

Қапталында болайын бір баспаның,  
 Әнеки күрдастарым!  
 Қатын сынды еркекпен отырғанша,  
 Жақсырақ қатындармен сырласқаным!

Жан Отаным!  
 Алданышым!  
 Арманым!  
 Дара таңым!  
 Сені көрсем елжіреп баратамын!  
 Қара көзім,  
 Ақ көйлек – бала кезім,  
 Мынау саған созылған алақаным!

Қайда қашып қасымнан  
 барасың, ӨН?!  
 Табытыңның қысылдым ағашынан!  
 Тарт қолымнан!  
 Бір мәңгүрттің алайын жағасынан!



## ҰМЫТПА МЕНІ...

Басыңа қайғы қонғанда,  
Қалтырап қатты тоқғанда,  
Елу бес жасқа толғанда  
Ұмытпа мені, қарағым!

Дұшпаның беттен алғанда,  
Достарың іштен шалғанда,  
Мұңайып жалғыз қалғанда  
Ұмытпа мені, қарағым!

Бөлісіп өркім тигенін,  
Бөрібір болып күйгенің,  
Үлеске түссе үйлерің  
Ұмытпа мені, қарағым!

Шуағым кетіп, түн қалды,  
Жалыным кетіп, күл қалды,  
Өмірім қатты бұлғанды,  
Ұмытпа мені, қарағым!

Көңілім қалды басылып,  
Өлеңім қалды шашылып.  
Барайын қайда бас ұрып,  
Ұмытпа мені, қарағым!

Толысқан айға төркін көп,  
Сенсіз де жанар өртім көп.  
Жылаған кезде мөлтілдеп,  
Ұмытпа мені, қарағым!

Сендім-ау саған, нандым-ау,  
Өлдім-ау сенен, жандым-ау.  
Мойында темір-қарғыбау,  
Ұмытпа мені, қарағым!

Еліңді сатсаң оңарсың,  
Кезіккен тасқа қонарсың.  
Жақсы бір Қалбай жонарсың,  
Ұмытпа мені, қарағым!

## ҚАРСЫ ҮЙДЕ...

Қарсы үйде балконнан қыз көрінді,  
Жадыратты нұр шуақ күз-қоңілді.  
Ілдірді көк аспанға жұлдыздарды,  
Жіберді шығарып ол дүзге күнді.

Кейін ол соған қарап есінеді,  
Есінесе сұлу қыз... шешінеді.  
Әй, кетпе!  
Кетпе қазір балкониңнан,  
Сен кетсең бар үмітім кесіледі!

Сен онда сөндіресің жарық айды,  
Мені сосын оқушы танымайды.  
Қалады жақсы бір жыр жазылмастан,  
Сөйтіп сен өлтіресің Қалыбайды!

Тұра түр!  
Мына өлеңім төмамдалсын,  
Мына Күн,  
Мына жұлдыз тарамдалсын!  
Ілініп сен арқылы жұрт көзіне,  
Әбдіраманов Қалыбай аман қалсын!

Қарағым, болмайды ол асыққаның,  
Ұмытпа қарап тұрған ғашық барын!  
Тұра тұрсын аспанда ай мен жұлдыз,  
Төгілмесін менің де қасық қаным!

22.10.1999 жж.1

## ЖҮРЕГІМ ҚОЛЫҢДА!

Қиналмаймын өмірде құладым деп,  
Ұмтыламын орнымнан тұрамын деп.  
Сүйейтұғын адам жоқ жанымды ұғып,  
Жұрттың бәрі ұмтылар ұрамын деп.

Қайте аламын қойған соң құдай алмай,  
Тербелемін, теңселіп құлай алмай.  
Өртенеді өзінің жалынына,  
Менің нәзік жүрегім шыдай алмай.

Осы ма екен табаның тайды деген,  
Қара тұман мұным бар бойды жеген.  
Мен өзіңе жұбаныш іздеп келіп,  
Көтіп барам және де қайғыменен.

Сенен басқа адам жоқ мені құптар,  
Шығарамын дертімді төгіліп бар.  
Менің газиз басымды сен қастерлеп,  
Менің нәзік жанымды сен ұғып қал!

Лаулап жанып өтейін, налып өтпей,  
Жүрегімді қолыңа ал, жарым отпей!  
Жүрегімді қолыңа ал,  
Жүрегімді...  
Жүрегімді қолыңа ал,  
Өлі кетпей!..

17. II. 1982 жыл

## ӘЙЕЛДЕР

Әйелдер қандай күшті еді,  
Әйелдер қандай мықты еді!  
Әйелдер мені жықты да,  
Әйелдер мені тіктеді.

Әйелдер мені сендірді,  
Әйелдер мені нандырды.  
Әйелдер мені сөндірді,  
Әйелдер мені жандырды.

Әйелдер мені ақын ғып,  
Әйелдер өлең жаздырды!  
Әйелдер мені семіртіп,  
Әйелдер мені аздырды!

Білмеймін мұнша әйелге,  
Бұрады менің бүйірім?!  
Әйелдер менің биігім,  
Әйелдер менің күйігім!

Әйелге сендім мен өзім,  
Әйелден кейде алдандым.  
Қолдағай мені махаббат,  
Қанатым менің талған күн!

Өйелдер мені кұмар ғып,  
 Өйелдер мені түңілтсін!  
 Өйелдер мені өлтіріп,  
 Өйелдер мені тірілтсін!

28.04.1986 жжыт

## ЗУБАЙДА

Аманбысың, Зұбайда,  
 Есенбісің, Зұбайда?!  
 Қайда десе Қалыбай,  
 Не дейсіндер Кұдайға?!

Тау басында қарағаш,  
 Көлеңкесі ылдида.  
 Жағдайыңды сұрамас,  
 Мойындағы қыл бұйда!

Талшыбығым ну болды,  
 Қауырсыным су болды.  
 Қарындасты сағынып,  
 Ішкен асым у болды!

Мұң шағамын Кұдайға,  
 Сыр айтамын Кұдайға.  
 Қаратаудан қар көшті,  
 Қайда жүрсің, Зұбайда?!

Аққа Кұдай жақ болды,  
 Шыбықтарым бақ болды.  
 Жалғыз жүріп шалғайда,  
 Жалығатын шақ болды.

Шықтым, тміне, деңгейге,  
 Жар бол, Кұдай, мендейге!  
 Айға шапқан Ақбоз ат,  
 Түстеріңе енбей ме?!

Өсейін бе бұлақтан,  
 Өшейін бе құлақтан?!  
 Естіле ме дауысым,  
 Айғайласам жырақтан?!

Достарым бар ұнайтын,  
 Дұшпаным бар сынайтын.  
 Сенен өзге кімім бар,  
 Амандығын сұрайтын?!

Аманбысың, Зүбайда,  
 Аманбысың, Зүбайда?!  
 Түсіп жатыр ақ қырау,  
 Кешегі аппақ шырайға...

Сайгүлігім сайлы еді,  
 Екі қолым байлы еді.  
 Көз жасымды сүртейін,  
 Орамалың қайда еді?!

Қарындассыз қамықтым,  
 Жалғыз жүріп жалықтым.  
 Алып шығар Ақбоз ат,  
 Арасынан тамұқтың!..

Жанға батты жау ісі,  
 Күңіренді тау іші.  
 Қараңғыда белгілі,  
 Қарындастың дауысы!..

Табандарың нық!..  
 Тайма!  
 Ұға ма жұрт, ұқпай ма?!  
 Жұқанасы бүтін ел,  
 Жұлдыз алып шықпай ма?!.

"Ер басына күн туса,  
 Етігімен су кешер.  
 Ат басына күн туса,  
 Ауыздығымен су ішер"

Ер айнымас елінен,  
 Күс айнымас көлінен.  
 Қайыры жоқ қайран жұрт,  
 Қатыны көп ерінен.

Мүз үстінде зірледім,  
 Ақтығымнан кірледім.

Тау үстіне дән шашып,  
Тас үстінде гүлдедім.

Жұлдыздармен сырластым,  
Жалаң аяқ қырды астым.  
Елу бесте білмесең,  
Елу бес жыл тұрмаспын!

*Қараша. 2002 жыл*

## ОСЫНЫҢ БӘРІ ТҮС БОЛСА

Қазағым деген қасқамын,  
Жұлдызға толы аспаным,  
Болмайды маған қарындас,  
Қарындастары басқаның!

Қарындасымсың сен менің,  
Қарлығашымсың сен менің,  
Өкетші мені бөлектеп,  
Біріне бермей пенденің!..

Жанталасамын тершіп кеп,  
Дұшпаным айтса көлшік, деп.  
Теңіз болмаған нем қалды,  
Каспийді жүрсем меншіктеп!..

Қарындасымсың сен менің,  
Қарлығашымсың сен менің.  
Ботадай боздап сен жоқта,  
Өлемнің бәрін,  
Өлемнің бәрін,  
Өлемнің бәрін тербедім!..

Өсиеттей бір сырым бар,  
Қырсыққан жауға қырым бар.  
Осайын жаудың өңменін,  
Қолдарын басып,  
Қолдарын басып,  
Қолдарын басып тұрыңдар!..

Ұлдары қандай Алаштың,  
Қыздары қандай Алаштың!  
Қазақтарыма сүйеніп,

Тараспен орын таластым.  
 Жұлдызбын деп те мақтандым,  
 Төңірмін деуге шақ қалдым.  
 Керек екем ғой қазаққа,  
 Керек екем ғой қазаққа,  
 Керек екем ғой қазаққа,  
 Мен қалай жерде жатқанмын!..

Елу бес жаста гүлдеймін,  
 Үшамын қазір!..  
 Жүрмеймін.  
 Жетпегеніме жетісіп,  
 Не боларымды білмеймін!..

Мас болғандаймын ішіп ап,  
 Мұқағалиға ұшырап!..  
 Жеткеннің сүйіп көзінен,  
 Жүгіріп жүрмін...  
 Пысынап!..

Оңымда Күн түр қарасам,  
 Солымда Күн түр қарасам.  
 Қолымды қағар ешкім жоқ,  
 Жұлдыз болуға...  
 Жарасам!

Үңілсем көкке Күн, Ай бар,  
 Тігілсем жерге шұрай бар.  
 Тығынды қалай аштыңдар,  
 Жұлдызды қалай шаштыңдар.  
 Қүдіреті күшті Құдайлар!..

Жалғашы осы түсімді,  
 Үшырмай бастан құсымды.  
 Төлеген келіп өлеңнің,  
 Тасбақа шөбін ұсынды.

Хан болатындаймын алып тақ,  
 Құс болатындаймын шарықтап.  
 Түс көріп жүрген жоқ па екем,  
 Қарашы маған,  
 Қарашы маған,  
 Қарашы маған анықтап!..

Інілерім жүр аянбай,  
 Қарындастарым... Баяндай!  
 Осының бәрі түс болса,  
 Кеткенім жақсы-ау,  
 Кеткенім жақсы-ау,  
 Кеткенім жақсы-ау...  
 Оянбай!..

9.10.2001 жжыт

...

Ақ бантик таққан бір ару,  
 Алдымнан кейде өтеді.  
 Ойнатып қара көздерін,  
 «Аға» деп маған кетеді.

Сол қыздың маған сонысы,  
 Тұрады онша ұнамай.  
 Бақытым алда дегенде,  
 Болайын деп пе ем мынадай!..

Жиырмадағы жігіттер,  
 Жаңадан жазған өлеңдей.  
 Тәкаппар маған қарайды,  
 «Сенің не теңің!..» дегендей.

Жүзімді менің олар да,  
 Көнелеу көріп тұрады.  
 Түсінбейді деп ойлайды,  
 Кешегі таудың қыраны!..

Елудің мынау соңынан,  
 Алпысың келіп таптайды.  
 Кешегі тегіс маңдайды,  
 Шимақпалменен қаптайды!..

Құмдарға қара жел ескен,  
 Шыңдарға қара мен өскен.  
 Жылтылдан тұрған сағымдар,  
 Алпыста керек емес пе ең!..

Жүрсіндер неге жандырмай,  
 Ішейін деп ем қалдырмай.  
 Сусадым ғой мен сендерге,  
 Кешегі жауған жаңбырдай!..



Қанайын деп ем сіміріп,  
Алайын деп ем сіңіріп.  
Теңіздей терең көздерге,  
Қарайын деп ем үңіліп!..

Қаңбақ та болып қауладым,  
Жантақ та болып лауладым.  
Сексеуілдеймін енді мен,  
Жылытқан үйдің аумағын!..

Мен күйсем жаман күйемін,  
Мен сүйсем қатты сүйемін.  
Құмдардан өтер шөлдетпей,  
Өркешіндеймін... түйөңің!..

Білесің қалай!..  
Кірмесең!  
Жаңарам қайта, кірлесем.  
Шоқ бола берем қайтадан,  
Үстімнің күлін... үрлесей!..

Құрбылар қайда тең өскен,  
Алдаған күлді көмешпен.  
Жалт ете қалған найзағай,  
Жетпісте керек емес пе ең!..

Қайтейін сені сағынбай,  
Жалт етіп өткен... сағымдай.  
Ерінім қатты кезерді,  
Көктемгі селдің... қағындай!..

Жылысың қандай, КҮНШУАҚ,  
Кеудемді жүрген шымшылап.  
Отырып теңіз бойында,  
Өлетін болдым... сусырап!..

Ыстықсың қандай, махаббат,  
Жақсылық, мейірім, шапағат!..  
Іздей де іздей өзіңді,  
Өлетін болдым қаталап!..

Мен саған мәңгі жерікпін,  
Серігің жоқта серікпін.  
Қайтадан тірілтесің Сен,  
Үстінен бассаң... өліктің!..

Мен жайлы ойла тұрғанда,  
 Мен жайлы ойла жатқанда.  
 Келді деп ойла Қалыбай,  
 Есікті біреу қаққанда!

Келді деп ойла Қалыбай,  
 Сіріңке біреу шаққанда,  
 Шамыңды біреу жаққанда,  
 Балконнан біреу баққанда!..  
 Жалаң аяқ келіп ақ қарда,  
 Күтемін үнсіз... қақпаңда!..

30.11.1979 жыл

## РОМАНС

Сөндіруді ойлама,  
 Сөнбейтұғын жалынды.  
 Көндіруді ойлама,  
 Көнбейтұғын жаныңды.

Өз бетіңше мұңайған,  
 Қиын болар бәрібір.  
 Ең болмаса көңіліңе,  
 Түйін болар бәрібір.

Жасырасың несіне,  
 Жүрегінді езілген.  
 Ұмытудың ауырын,  
 Көріп тұрмын көзіңнен.

Сенің көзің қимаса,  
 Қоштасайын өзім-ақ.  
 Оңашада мұңайып,  
 Отырайық азырақ.

11.12.1979 жыл

## АРЫ АРДАҚТЫ

Кеткен жерден қайтеді кешікпесең,  
 Телмеңдетіп папаңды есікте сен.  
 Жалғыз қалып өлетін сияқтымын,  
 Дауысыңды бірер сөт есітпесем.

Терезенің тағы да алдындамын,  
 Ішкенімнің ұмытып қалдым дөмін.  
 Жар бола гөр, төңірім, ұл-қызыма,  
 Алсаң-дағы қолымнан малдың бөрін.

Қыз деп, ұл деп қақпадым сіре беттен,  
 Телміремін қызылға қылаң өткен.  
 Келіп қалды-ау, ойпырмай,  
 Келіп қалды-ау,  
 Қарлы қыстың соңынан мына көктем!

Қарашығы-ай көзімнің,  
 Бал шырыным.  
 Көрмегейсің тұрмыстың таршылығын,  
 Қайран өкең телмеңдеп жылап өтті,  
 Арасында қазақтың бар шыңының!

Арқа сүйеп сен соған балпаңдайсың,  
 Бала басқа түседі өрқандай сын!  
 Арпа ішінде өсірген қызыл бидай,  
 Қай есікке жағынып, жалтаңдайсың.

Жасың өтіп барады жиырмадан,  
 Өскен сайын бір қайғы үйір маған.  
 Бір керемет бақ біткей маңдайыңда,  
 Маңдайына папаңның бұйырмаған!

Өз қолыммен жетелеп төй бастырдым,  
 Табаныңды өлпештеп таймас қылдым.  
 Сөзіндей бол өкеңнің,  
 Көзіндей бол.  
 Қармауына түссең де қай қасқырдың!

Ұяңды қондырып ал биік тасқа,  
 Қол созба өмірінде күйікті асқа.  
 Қазақтың қозы болмас құлыншағы,  
 Қылт өткеннің тамағын қиып таста!

Қыздары қазағымның ұлдан асқақ,  
 Ұлдай асқақ болмасаң кім қараспақ?!.  
 Қыл мінезді қыз ғой деп қорсынғанды,  
 Жығып жібер!  
 Шығар да шыңға бастап!

Джунглидесің, карағым!  
 Ормандасың!  
 Талайлардың бұл орман орған басын!  
 Қаны кетсін жүректің,  
 Жаны кетсін,  
 Құлыншағы қазақтың қорланбасын!

Өлсе қазақ өледі ар-намыстан,  
 Біз жапалақ емеспіз жардан үшқан!  
 Қыз дегенде, карағым, қазақ емес,  
 Жолбарыстар шығады нар қамыстан!

Өпкең де бар, екі аған, үш інің бар,  
 Бір нан тапсаң біріңе ұсыныңдар!  
 Көп болыңдар!  
 Қазақтың көптігінен,  
 Кең далада жер жетпей қысылыңдар!..

Хақтағала, бергейсің ізімді үйіп,  
 Ұлдарым бар!  
 Ұл барда қызым биік!  
 Әу, дегенше қасыңнан өте шығар,  
 Өмір деген қыран күс, қызыл киік!

Жан сырымды мен бөлкім аз ақтардым,  
 Аз болса да ісімді саз атқардым!  
 Тұған жері ардақты,  
 Елі ардақты,  
 Ары ардақты бәрінен  
 Қазақтардың!

## ФАРИЗАҒА

– Фаризамысың жырдағы?  
 – Фариза өзі бір дағы!  
 Қазақтың бүкіл көңлінде,  
 Фариза қыздың ырғағы.

Фариза жалын сөнбейді,  
 Тұлпарларыңды өңдейді.  
 Фариза-жырды қазақтар,  
 Жазыстым десем сенбейді.

Фариза қыздар қайдасың,  
Жұлдыздар көкте жайнасын.  
Жаратқан мына Фариза,  
Фаризалардың тайғасын.

Қайбірін айтам саған мен,  
Айта алмай кетіп барам мен.  
Отыз жыл бұрын аулақта,  
Қыз қуып едік ағаммен.

– Фаризамысың жырдағы?!  
– Фариза өзі бір дағы!  
Қазақтың бүкіл көңлінде,  
Фариза қыздың ырғағы!

Айналу керек ұранға,  
Ойылу керек құралға.  
Фариза сөзін бұ қазақ,  
Ұқтыру керек ұланға!

Не болып кеттік мына біз,  
Сөйлеген тілді қырамыз!  
Өлтіріп болып бір ұлды,  
Өлсін деп және тұрамыз!

Апармау үшін бізді өрмен,  
Қарайды біреу ызғармен!  
Еркектің түбін көргенше,  
Өлгенім жақсы қыздармен!..

Жазылсын бұл сөз Құранға:  
Өлтірді бізді бір Алма!  
Қолдарым менің шабылды  
Ұзатқан кезде БҮ НАНҒА!

– Фаризамысың жырдағы,  
– Фариза өзі бір дағы!  
Қазақтың бүкіл көңілінде,  
«Фариза» қыздың ырғағы!

Ағалар өлді мен үшін,  
Тата алмай еккен жемісін!  
Толтыр деп ылғи жатады,  
Фариза-жырдың кемісін!

–Фаризамысың жырдағы,  
 –Фариза өзі бір дағы!  
 Қазақтың бүкіл көңлінде,  
 «Фариза қыздың» ырғағы!

Қазақтың қызы – қайыстай,  
 Мұны да көтер майыспай!  
 Өлетін тегін қазақ жоқ,  
 Қазаққа түсін шайыспай!

Қазақ деп қырық жыл қасардым,  
 Мен бәлкім ұзақ жасармын!  
 Ез болғандарды аяймын,  
 Ерлігін көрсем нашардың!

Қайбірін айтам саған мен,  
 Қайбірін айтам саған мен,  
 Бала боп әлі мен жүрмін,  
 Қыз қуып едім ағаммен.

Балалық біздің шақ қайда,  
 Көретін бізді хақ қайда.  
 Таңылып барам, Фариза,  
 Ағалар мінген тақтайға!

–Фаризамысың жырдағы,  
 –Фариза өзі бір дағы!  
 Таптады мені аяққа,  
 Қазан-табақтың күлдары!

Аз ба өлде көп пе күнөміз,  
 Фариза қыздан сұраңыз!  
 Қазақтың толды мұңына,  
 Қаршадай ғана мына қыз!

Біреуі сатқын, бірі сүм,  
 Күл тасыр қазақ күні үшін.  
 Мынаның бас ій алдында,  
 Еркек болғаның құрысың!

Іштерің толы кірсіндер,  
 Өзірейлменен бірсіндер!  
 Ақынды таптап аяққа,  
 Өздерің тірі жүрсіндер!

Апармау үшін бізді өрмен,  
Қарайды біреу ызғармен!  
Еркектің түбін көргенше,  
Өлгенім жақсы қыздармен!..

Сырласар менің кімім бар,  
Еркекті көрсем жыным бар.  
Фариза – қыздар қайдасың,  
Айтатын бірер сырым бар!

Қазақтың айдай жігіті ем,  
(Жігіттің тартар жүгі тең!)  
Мұқағали бола алмасам,  
Мен сені қалай жібітем?!

Ер адам бекер налынбас,  
Қалбай да көпке мөлім бас!  
Фариза – қыздар болмаса,  
Жарамыз біздің таңылмас!

Мұңымды көрер хан қайда,  
Су берер кім бар таңдайға?  
Иреліп құмда жатырмын,  
Жазылар кім бар маңдайға?

Самсаған судан құр қалып,  
Құмында жатыр бір балық.  
Су құйсаң соның түбіне,  
Кетер-ақ едім ырғалып!

Жолықсай енді жолыққыр,  
Құрығыр көзім көріп түрі!  
Фариза жазып мен-дағы,  
Кетейін сосын... оліп бірі!

18.10.2000 жыл  
Маңғыстау

## ТІРЛІКТЕ

Маған қарап күлімде,  
Маған қарап түңілме!  
Өлең таптым, қарағым,  
Өліп жатып... іңірде!

Келеді адам, оңғысы,  
Келеді адам, болғысы.  
Ұзағырақ жанады,  
Сіріңкенің... соңғысы!

Оянбасам өлем де,  
От бер, ару, өлеңге.  
Жанып тұрған махаббат,  
Мені тастай жөнелме!

Мен өлейін алдында,  
Тамшы суға зар қылма!  
Сені маған сыйлаған,  
Рахмет тағдырға!

Мен түсетін от қайда,  
Маған тиер оқ қайда?!  
Үйтілмесем алдында,  
Мені қыздар жоқтай ма?!.

Өрмелеген жан үшін,  
Махаббаттың бәрі шың.  
Білгенде май болмаса,  
Жастар сені неғылсын?!.

Құлаймын мен асқардан,  
Секіремін тастардан.  
Себеп жақсы кездерім,  
Махаббаттан басталған.

Ақ балтырлы қыз қайда,  
Мен өлетін құз қайда?!.  
Жер қойнына енбесем,  
Жата алмаймын мұздайда!

14.IX.2000 жыл

## **ӨТТІ БҮКІЛ ӨМІРІМ ШЫРЛАУМЕНЕН...**

Өтті бүкіл өмірім шырлауменен,  
Махаббаттың есігін тырнауменен.  
Елу жылда толмаған орта көңіл,  
Біреудікін тола ма ұрлауменен.



Өтті бүкіл өмірім.  
Сындарда өтті!  
Айлар да өтті осылай, жылдар да өтті.  
Енді артыма барамын қарай-қарай,  
Махаббат деп соңымнан ұлдар кетті!..

Ұйықтатпайды көңілім елегізіп,  
Елес беріп мен көрген көне қызық.  
Қашып шығып кетіндер шалдарыңнан,  
Жүрегімнің гүлдерін берем үзіп!..

Айтып шығам түсімде...  
Аттарыңды.  
Парақтаймын баяғы хаттарыңды.  
Бала күнгі сезіммен арпалысып,  
Білмейсіңдер не болып жатқанымды!..

Қашып шығып кетіндер  
Шалдарыңнан,  
Өзім күтіп алайын алдарыңнан!  
Терезенің алдынан жүз өтейін,  
Түспесе де ештеңе сандалудан.

Уақыт өтіп барады жылдырымдай,  
Қалай өлем артыма бір бұрылмай.  
Ақын көңіл өлі жас, өлі жалын,  
Адамдарды қайтеді  
Жынды қылмай!..

Көрмегендей ештеңе өтемін бе,  
Жан сырымды бір төкпей...  
Кетерімде!..  
Ит болуға қайылмын,  
Ит болуға,  
Жүру үшін қыздардың жетегінде!..

Менің сүйген жарым бар әр қалада,  
(Насихаттан құлағым қанған, аға!..  
Қалыбайды періште қыламын деп,  
Өлеңімді өзіңше балгалама!..

Қазір де мен Каспийдің бойындамын,  
Теңіз кешіп жүрсем де...  
Ойым мөлім!..

Өлетұғын қартайып кезім болды,  
Мына көздің көрмедім тойынғанын!..

Жалаңаштан, арулар!  
Жалаңаштан!  
Тал бойында бәле бар ала қашқан!  
Сұлулыққа өмірде көзім тойып,  
Кетейін бір!..  
Артыма қарамастан!..

*Я.Х. 2000 жыл Ақтау*

## ҚАРА ҚЫЗ

Бойдақ кезде досымыз,  
Жақын еді арамыз.  
Осы өппақ досымның  
Үйленгені қара қыз.

Енді барсам үйіне,  
Жалғыздығым батады.  
Ақ досымды қара қыз,  
Алып кетіп жатады.

Ертеңіне қара қыз,  
Күлім-күлім етеді.  
Оны көріп бұл досым,  
Мені сатып кетеді.

Қара қызда бәле бар,  
Ісі мұның қараңғы.  
Оңашада өткізіп,  
Жүрген болма параңды.

Онда үйіңе қонбаймын,  
Өзің жейсің етіңді.  
Қайдан келдің, қара қыз,  
Қара мысық секілді?!.

Сен адамды сатасың,  
Мен адамды сатпаймын.  
Сен ортада жатпасаң,  
Мен үйіңде жатпаймын!

Енді тапсам бір заһар,  
Осы саған беремін.  
Енді досым айныса,  
Осы сенен көремін!..

Енді тапсам бір бәле,  
Осы сені шатамын.  
Енді болса бір оғым,  
Қара қызды атамын!..

Ойнайтұғын күндерің,  
Қалып кетті, қара қыз!  
Сұмдығыңнан өзегім,  
Жанып кетті, қара қыз!

Қоя бермей сопайтып,  
Екеу ет мен – “жетімді”.  
Қайдан келдің қара қыз,  
Қара мысық секілді?!

1994-1998 жыл

## **БИЛЕ, БИЛЕ!..**

Қыздар, қыздар, қыздар-ай,  
Қыздар, қыздар, қыздар-ай!  
Қыз көрінсе ылдида,  
Құлар жігіт құздан-ай!

Биле, жастар, билеңдер,  
Тас көшені илеңдер!  
Болсын жігіт қырғидай,  
Жуас болса сүйреңдер!

Жігіт болса шоқ болсын,  
Шоқ болмаса жоқ болсын!  
Би білмеген жігіттің,  
Пешенесі көк болсын!..

Жастар, жастар, жалынсың,  
Қыз дегенің – қауырсын!  
Еремін деп... егденің,  
Аяқтары ауырсын!

Биле, биле, билеңдер,  
 Қосылыңдар, сүйгендер!  
 Жауға тізе бүктірген,  
 Қызға басын игендер!..

Жарқылдаңдар, жалындар,  
 Жалын барды – жаның бар!  
 Жанып тұрған жігітті,  
 От ішінен алыңдар!

Тау ішінде тарлан бар,  
 Тай кезінде... талғандар!  
 Отқа салып біреуді,  
 От ішінде қалмаңдар!

Той кезінде тойлаңдар,  
 Тойдың... соңын ойлаңдар!  
 Тойда тойып секіріп,  
 Той қадірін жоймаңдар!

Биле, биле, билеңдер,  
 Тимегенге тимеңдер!  
 Тойдан кейін сынайды,  
 Той кезінде күйгендер!..

25.XI.2000 жыл

## ЕРКЕМ

Қарағым, еркем,  
 Маралым, еркем!  
 Бар өнім еркем,  
 Бар өлім, еркем!  
 Алдыңнан жел боп,  
 Шабамын, еркем!  
 Өзіңді қайдан,  
 Табамын, еркем!

Жарық күнім-ай,  
 Атқан айым-ай!  
 Пәк жұлдызым-ай,  
 Бақ талайым-ай!  
 Жүректі саған,  
 Ақтарайын-ай!  
 Сандуғашым-ай,

Қарлығашым-ай,  
 Күйдіресің-ай,  
 Жандырасың-ай.  
 Шөлімді қашан,  
 Қандырасың-ай!

Кел десең қайда,  
 Келемін, еркем!  
 Кет десең оған,  
 Көнемін, еркем!  
 От болып отқа,  
 Енемін, еркем!  
 Қалайша сенсіз,  
 Сөнемін, еркем!

Алма жүзің-ай,  
 Айдан аппақ-ай!  
 Тұрмайды көзім,  
 Тайғанақтап-ай!  
 Жалынға түстім,  
 Жәй қарап қап-ай,  
 Кете алмай қойдым,  
 Айналақтап-ай!  
 Сандуғашым-ай,  
 Қарлығашым-ай,  
 Күйдіресің-ай,  
 Жандырасың-ай.  
 Шөлімді қашан,  
 Қандырасың-ай!

Жел болып зулап,  
 Барамын, еркем!  
 От болып лаулап,  
 Жанамын, еркем!  
 Өзіңді жар ғып,  
 Аламын, еркем!  
 Жалғыз боп қалай,  
 Қаламын, еркем!

Аппағым, еркем!  
 Арайлым, еркем!  
 Келер деп жолға,  
 Қараймын, еркем!  
 Жаныма сені,

Балаймын, еркем!  
 Жалғыз-ақ сені,  
 Қалаймын, еркем!  
 Қапастан шығып,  
 Бір құсым кетті.  
 Енді оны қалай,  
 Қамаймын, еркем?!.

14.XI.1999 жыл

## БОСАҒАДА БІР ҚЫЗ ТҮР...

Босағада бір қыз түр жылтындаған,  
 Жаутаң-жаутаң қарайды шіркін, маған.  
 Ата-анасы бір жаққа кете қойса,  
 Бермес пе екен шығарып кілтін маған?!

Досым, ойлан-оу,  
 Досым, ойлан-оу!  
 Тұра бермес жақсы қыз,  
 Осы бойдан-оу!  
 Досым, ойлан-оу,  
 Досым, ойлан-оу!  
 Әйелдің де балшығы,  
 Осы лайдан-оу!

Босағада бір қыз түр күлімдеген,  
 Барайын ба алдыңа гүлімменен.  
 Өкен біліп қояды, шешен біліп,  
 Босағанды тайдырсам ілінбеген.

Досым, ойлан-оу,  
 Досым, ойлан-оу!  
 Тұра бермес жақсы қыз,  
 Осы бойдан-оу!  
 Досым, ойлан-оу,  
 Досым, ойлан-оу!  
 Жаман қатын шығады,  
 Осы қайдан-оу!

Босағада бір қыз түр жайтаңдаған,  
 Көңілінде бір сөз бар айта алмаған.  
 Босағанды тайдырып кіре ғойсам,  
 Бір келіншек боласың қайқандаған!

Мен өзіңді түсімде көп көремін,  
 Кілтін берсең аржағын ептер едім.

Қашан көрсең аулада күйбеңдейді,  
Өкең менен шешеңді жек көремін.

Өкең жаман аяғы маймаңдаған,  
Шешең жаман етегін айрандаған.  
Сен қалайша туылдың өппа-а-ақ болып,  
Түсінбестен бұл іске қайран қалам?!

Досым, ойлан-оу,  
Досым, ойлан-оу!  
Тұра бермес жақсы қыз,  
Осы бойдан-оу!  
Досым, ойлан-оу,  
Досым, ойлан-оу!  
Жаман қатын шығады,  
Осы қайдан-оу!

6.11.1999 жыл

## ҚАЙРАУ

Әр жапалақ іздейді өзіндейді,  
Жарғанаттың жарықты көзі ілмейді.  
Өзің қандай жігітсің  
Қайыры жоқ,  
Бары-жоғың өлемде сезілмейді.

Томшиып кеп жүресің  
Қозы құсап,  
Бола ма екен – мұндай да сезімі ұсақ?!.  
Біріне де өзілдеп,  
Тиіспейсің,  
Әйелдердің ашпаса өзі құшақ.

Айбынасың білгенді білем деуден,  
Сөзді де сен жүресің үнемдеумен.  
Шыныңды айтшы,  
Мен саған қарасайын.  
Қорқып жүрген жоқпысың біреулерден?!

Тойларға да кірмейсің дархан барып,  
Жұрттан сенің нең бар-әй,  
Жалтаң қағып,  
Жауыр аттай өркімнің жетегінде,  
Қашан көрсең жүргенің  
Арқандалып.

Сен өзі жігітсің, қозымысың,  
 Дүрсілдей ме жүрегің,  
 Қозып ішің?!  
 Докторлардың алдына барасың ба,  
 Сен соның бар екенін сезу үшін?!

Бар ма өзі сол нәрсе  
 Соғып тұрған,  
 Анықтап сұрадың ба со доктордан?!  
 Сені тілдеп отырған дұшпаныңның,  
 Кетпеймісің алдында болып құрбан?!

Қызық жігіт екенсің  
 “Неріві” жоқ,  
 Неріві жоқ адамның сенімі жоқ!  
 Мұндай адам қарғадай жүз жасайды,  
 Жүз жасының бір күндей өмірі жоқ!..

Өзің қандай жігітсің үшқыны жоқ,  
 Үшқыны жоқ адамның – ұсқыны жоқ!  
 Мұндай адам қарғадай мың жасайды,  
 Мың жасының бір күндей ыстығы жоқ!..

Кімсің-әй,  
 Мүрдемісің,  
 Өліп қалған?!  
 Шыға келген жоқпысың моргтардан?!  
 Бұл дүниеге адасып келіп қалып,  
 Жасап жүрген жоқпысың қорыққаннан?!

Жүремін мен өркімді шалып-қиып,  
 Атқан оғым жатады анық тиіп.  
 Сендей болып бір ғасыр жасағанша,  
 Өліп кеткен жақсырақ  
 Жанып-күйіп!

Сорпам саған үш қайнап қосылмайды,  
 Батыл басқа түседі тосын қайғы!  
 Қажыры жоқ жүректі  
 Қайрау керек,  
 Бұл автор ұнатады  
 Осындайды!



## КЕЛІН КЕЛІП ТҰР

Той басталды ауылда...  
 Өн айтындар,  
 Қуанышты, шаттықты молайтындар!  
 Аулымыздың өнерін айта жүрсін,  
 Аулымыздың өнерін айта жүрсін,  
 Мерекеге бүгінгі жолайтындар!

Күй тартындар, билеңдер, өн салындар,  
 Екі жастың тойына тамсанындар!  
 Қыздырындар, жігіттер, той-думанды,  
 Қыздырындар, жігіттер, той-думанды,  
 Келіп тұрған келінді қарсы алындар!  
 Келін келіп тұр, міне, келін келіп,  
 Балауса қыз қуансын елін көріп.  
 Осы жұрттың барлығы өзіңдікі,  
 Осы жұрттың барлығы өзіңдікі,  
 Ата-енең тұр өне төрін беріп.

Бәрі осында дос, туыс, көрші-қауым,  
 Төгіп отыр көңілінің ел шуағын.  
 Өзіңдікі барлығы,  
 Өзіңдікі!  
 Өзіңдікі барлығы,  
 Өзіңдікі!  
 Ортасына солардың ен, шырағым!

Қыздың жігіт алыпты көркемінен,  
 Қыз жігітті таңдапты телпегімен.  
 Екі жастың құшағы бөлінбесін,  
 Екі жастың құшағы бөлінбесін,  
 Думан қызық болады... ертеңімен!

Жігіт тойға келмейді қыз болмаса,  
 Қыз жігітке ермейді жүз бармаса.  
 Мынадай болар ма еді той мен думан,  
 Мынадай болар ма еді той мен думан,  
 Арасы екі ауылдың із болмаса!

Өзіңдікі ақ жігіт алып келген,  
 Оған сені ешкім жоқ таңып берген.  
 Ақ махаббат дегенің кандай жақсы,

Ақ махаббат дегенің қандай жақсы,  
Қандай жақсы жастықта жанып көрген!

Жас жұбайлар, жана түсі  
Жалындай бер!  
Ата-еменді, жұртыңды, жаныңдай көр!  
Осылардың барлығы сен деп отыр,  
Осылардың барлығы сен деп отыр,  
Сосын ертең оларға... бағынбай көр!

1.11.1999 жж.м.з

## ОЙЛАЙМЫСЫҢ, ЖҰРТЫМ-АУ, ОЙЛАЙМЫСЫҢ?!

( М. Мақатаевқа )

Аманбысың, армысың, Аяулы арман,  
Кім боларым қашан-ақ аяндалған.  
Ағаларым Төлеген, Мұқағали,  
Ферзі деген шығады жаяулардан!

Аманбысың, армысың, Асыл өнім,  
Енді мені жылатпа!  
Бас ұрамын!  
Даусым шығып барады күңіреніп,  
Дауысымды... қай жаққа жасырамын?!

Түргелемін!  
Демеші қолтығымнан!  
Асырайын даусымды алты қырдан!  
Фаризажан, Фариза, Фариза қыз,  
Домбырамды өкелші тартып ұрған!  
Кімдер менің нанымды жарты қылған?!

Өкел мында,  
Бермесең сындырамын!  
Мына қазақ ақынның қырды бөріні  
Мен өзіңе еңіреп,  
Еңіреп боп,  
Қыздың бөріні өзіме құл қыламын!

Орынымнан түрегеліп тасқа басқан,  
Өшімді бір аламын қасқа бастан!

Қасқа басқа жүгінген біздің халық,  
Тас көрінсе сүйрейді тастамастан!

Ойлаймысың, жұртым-ау, ойлаймысың,  
Ойламайды қасқырлар қой қайғысын!  
Табанына таздардың тас үйгенше,  
Мүсіндерін қыздардың қоймаймысың?!

Бұл өмірден, Фариза, кетемін мен,  
Кетпегенде бұларға не етемін мен?!  
Тас – қабірде жатамын жалғыз қалай,  
Хабар алып тұрыңдар кетегімнен!

Қорқам, АЖАЛ! Қорқамын ұран салып!  
Анау-мынау күшім бар қыраншалық!  
Қорықпаймын өлімнен, қозғалмасам,  
Қорқамын мен:  
Алар деп жылан шағып!

Кетемін мен ауылға!  
Қой қайдасың?!  
Кілең мәңгірт орныма ойды ойласын!  
Бақ берем, – деп, – астыңа, тақ берем, – деп,  
Қалың қазақ ізімнен ойбайласын!

9.11.2000 жыл

## ӨНІМДІ ӘКЕТ ШАЛҒАЙҒА...

Әні: Есенбай Құлиевтікі

Келемін өзім көктемде,  
Жұлдызға қолым жеткенде,  
Қазағым менің қайда деп,  
Шығып бір қара,  
Шығып бір қара,  
Шығып бір қара көк белге.

Қайырмасы:  
Қазағым мені өя қылсын,  
Дауысым көкте жаңғырсын.  
Өлеңім кетіп аспанға,  
Тек мені жерде,  
Тек мені жерде,  
Тек мені жерде қалдырсын.

Дүздерім анау сырласқан,  
 Іздерім анау бір басқан.  
 Бармын ба екен есінде,  
 Сұрай жүр мені,  
 Сұрай жүр мені,  
 Сұрай жүр мені құрдастан.

Қайырмасы:  
 Жатамын шетте өн тыңдап,  
 Саялы бақта салқындап.  
 Қараймын анау аспанға,  
 Аққулар ұшса,  
 Аққулар ұшса,  
 Аққулар ұшса жарқылдап.

Жанымнан көктем, жаз ақтар,  
 Көңлімде менің ғажап бар.  
 Каспий боп анау тербелсін,  
 Жырымда жүрген,  
 Жырымда жүрген,  
 Жырымда жүрген қазақтар!

Қайырмасы:  
 Тәңірім, бақ бер маңдайға,  
 Қазағым деген жан қайда?  
 Өзімді жерде қалдырып,  
 Өнімді өкет, өнімді өкет,  
 Өнімді өкет шалғайға!

2.10.2001 жыл

## МАХАББАТЫ ЖОҚ АДАМ

Бүгін онша бола алмаймын төзімді,  
 Қара ойлар жетелейді сезімді.  
 Ашқанымнан ашпағаным жақсы өді,  
 Қара мақпал тұмшалаған көзімді.

Бүгін жақын жүре гөрме тұсымнан,  
 Қағып таста қолдарымды ұсынған.  
 Көкірегімде бар құзғынның ұясы,  
 Темірқанат балаланын ұшырған.

Иттігім бар, бар бетімнің шіркеуі,  
 У жыланның сілтеуіндегі сілтеуі.

Көкірегімнен көтереді үш басын,  
Ысылдаған айдаһардың үлкені.

Жүрегімді шаттандырар мұнайған,  
Қуысынан иреледі сұр айлаң.  
Қиналғанда мені сұра, адамзат,  
Ажал, дозақ сұрағанша Құдайдан!

Құралдың да ойлап тауып жаңасын,  
Біреулердің қиратамын қаласын.  
Мен дүниеге өрт саламын қайтадан,  
Өртеу үшін адамзаттың баласын!

Өзім туған жер бетіне еркемін,  
Жұрт шаттанса аза күйін шертемін.  
Бухенвальдта адам сойып мен кеше,  
Освенцимде балаларды өртедім!

Мен ояумын ақиқаттық көз ілсе,  
Мен пендені ойнап жүрмін көзінше.  
Аңдып жүріп аяғынан шаламын,  
Бір адамның жақсылығы сезілсе!..

Жауың менмін, жалғыз ұшпа, жас қыран,  
Бір басыңа әлеуметті қас қылам.  
Ұлы адамдар іс тындырып жатқанда,  
Ор қазамын аяғының астынан!..

Мен сендерден сөл сойырақ өлемін,  
Сенікінен көп жасайды өлеңім.  
Дүниенің жаралғанын көрмедім,  
Мен дүниенің таралғанын көремін!..

*30.X.1966 жыл жазылды,  
21.XII.1981 жыл түзілді*

\*\*\*

Сен едің ғой арманымның тұрағы,  
Түнгі гүлді күндіз қазан ұрады.  
Түнде көрген бақытымды таба алмай,  
Күндіз менің жылағым көп тұрады.

Жан сырынды айтпасаң да ұғамын,  
Демейсің ғой мені орға жығамын.  
Жан күйімді өлеңіме түсіріп,  
Түсімде де өлең жазып шығамын.

*1966 жыл*

## БҮЛ МАХАББАТ СЕНБЕЙМІН ӨШЕРІНЕ...

Аяғымды мен бүгін қиық басам,  
Лапылдап жанған отпен иықтасам.  
Жаным-ау, айлам бар ма, айлам бар ма,  
Көз алдымнан кетпейсің ұйықтасам.

Есте сақта сөзімді осы ұқтырған,  
Күн еңісте мен болам есікті ұрған.  
Аяулым-ву, мен емес, сенің жаның,  
Самал болып жырымнан есіп тұрған.

Бұл махаббат сенбеймін өшеріне,  
Бір алапат өрт кетті төсегіме.  
Күн еңкейсе ілмеймін кірпігімді,  
Кетпейін деп өлінің есебіне...

Тіл де көмек ақынға, гүл де керек,  
Басымдағы мына жәйт мүлде бөлек.  
Бұл дүниеде өзге жоқ,  
Жалғыз сен бар,  
Айналдырған басымды шырқөбелек.

Дәріптетсе, тек сені дәріптетсін,  
Сені сүйген өмірім қалыпты өтсін.  
Алар болса егер де мені құдай,  
Осы сенің алдыңнан алып кетсін!..

Өрбір ұста сомдайды келіскенін,  
(Түзулеп аларсыңдар кемістерін!..)  
Біреу егер құл болса адамзатқа,  
Мен құлымын қолдағы періштенің!..

Шуақ табам түннен де, іңірден де,  
Қанбайтұғын шөлім бар сіміргенде.  
Теңізге түскен тастай кете барам,  
Мен қыздардың көзіне үңілгенде!..

Құлай шығам қыздарға, құлай кіріп,  
Жастық шақтың бояуы шырайға ұрып.  
Құдай бізге бақыттың бәрін берді,  
Қой демесем орныңа Құдай қылып.

Құмыра емес бұл өмір сазырайған,  
 Біз қуансақ төңірек мөз-мейрам.  
 Бұл дүние күңгірттеу болмас па еді,  
 Махаббатсыз жаратса... саз лайдан?!

Нұр шашады жүрегім, арман еріп,  
 Қуантады ұл-қызым алдан өріп.  
 Ұрпағынан айналдым Ауа-ененің,  
 Жүрегімді жұбатқан алма беріп!..

Жаным бүгін төңірден нұр тіледі,  
 (Нұры жоқтар аяқта түртінеді!..)  
 Махаббатсыз дүниенің несі қызық,  
 Махаббат та адамның бір тірегі!..

Адам деген – саз балшық, ояңбаса!  
 Мынау өлем сұрғылттау-боялмаса!..  
 Өмір деген – Күншуақ,  
 Өрт пен Жалын,  
 Тіліменен Қалыбайдың баяндаса!..

## ҚЫЗ КҮТУ

Мынау аспан астында,  
 Бір ғана ғашық.  
 Нұрдан адасып келеді,  
 Ұрлана басып.

Жүрегім сағынды сені,  
 Жүрегім сағынды сені.  
 Тістерін ақситып алып,  
 Төбетің қанымды ішеді...

Қара шал күркілдеп жатыр,  
 Отауын жау қамағандай.  
 Аспанның бұлты да сирек,  
 Сараңнан саудалағандай!..

Түнімен үйіңді айналып,  
 Қасқырын үйқымда ереді.  
 Іргеңе көлеңкем түссе,  
 Алдымен итің көреді!..

Ілесіп үрейімді алады,  
Ізімнен көлеңкем еріп.  
Аяулым, жесір қаласың,  
Есікте көнерте беріпі..

Өзегім ауызыма тығылып,  
Жүрегім дүрсіл қағады.  
Ауылға айғай салады,  
Әйнектің тырсылдағаны!..

Өрмелеп өлетін болдым,  
Қос пенен қос арасында.  
Шықпасаң мүрдем қалады,  
Үйіңнің босағасында!..

*18.XII.2003 жыл*

## СТУДЕНТ ҚЫЗ

Сағынып мен тоғайдың наз құшағын,  
Келіп едім бұл жерге жазғысалым.  
Қыздар көрдім ақтарған ақ кітапты,  
Ақ көпшікке тигізіп өз құшағын.

Орманың да шалғытпай, ағашың да,  
Көкжиекке көз салмай, ана шыңға.  
Бір ақынның өлеңін оқып отыр,  
Қатыгез емтиханның арасында...

Қара көздер қараса қиығынан,  
Сөл күледі жымып, миығынан.  
Көп гүл отыр тоғайда – бір қыз отыр,  
Қолаң шашы төгіліп... иығынан.

Мен де оған қиылып, жүз қарадым,  
Сырымды оған білдірмей сызданамын.  
Қызғанбаймын мен оны біреулерден,  
Қолындағы кітаптан қызғанамын...

Ол бірақ та өзгені аңдамайды,  
Ол кітаптан өзгеге паң қарайды.  
Кім болды екен авторы кітабының,  
Ұмыттырған аруға бар маңайды!..



Тұманбай ма, Сағи ма, Төлеген бе,  
Не туралы жазды екен сол өлеңге?..  
Қарындасым, сен жейлі өлең жазып,  
Сурет болып тұрайын керегеңде!..

(...Бәлкім ақын өлгі қыз, бәлкім дана,  
Фариза ма, білмеймін, Марфуға ма!..  
Сылтауратып қасынан өтіп едім,  
Сәлемдесті менімен салқын ғана!..)

Айналайын өзіңнен, қарындасым,  
Сен менің жанымдасың, қанымдасың.  
Қасындағы Қалбайды елемедің,  
Менен де үлкен бір ақын табылғасың!..

Шағалаң боп мен енді шаңқылдаймын,  
Жұлдызың боп мен ертең  
Жарқылдаймын.  
Жұлдыз деген өзіңнің қапталыңда,  
Жұлдызыма мен неге талпынбаймын!..

Жасыл орман, күе бол, жазық дала,  
Айналады еменге нәзік бала.  
Түбі бір күн мен сені иелеймін,  
Ұнағандай бір кітап жазып қана!..

...Қандай жақсы, тапқырлық, талаптылық,  
Махаббатты ұша бер қанат қылып!  
Мен өзімнің бет қостым кітабыма,  
Кітабына өзгенің... қарап тұрып!..

27-28.09.1967 жыл

...

Мұңайма, жаным, қасымда,  
Ішіңе түсер мұңайған.  
Өзіңнен басқа Құдай жоқ,  
Сұрайын десем Құдайдан!

Мұңайма, жаным, қасымда,  
Жарқылдап жүрер жақсы адам.  
Өзіңнен басқа патша жоқ,  
Сұрайын десем патшадан!

Мұңая берме оншама,  
Саған да қиын болды деп.  
Қай жаққа кетіп барасың,  
Қарақат көзің мөлдіреп!..

Жапырақ басын шайқаған,  
Жылдарды қалай қайтарам!..  
Тек саған еріп жүрмес пе ем,  
Туылар болсам қайтадан!..

1 02.1982 жыл

\*\*\*

Өлеңдеймін ешқайда өтпей жүрген,  
Оқырманның қолына жетпей жүрген.  
Қара күшік сияқты қыңсылаймын,  
Есігіңнен сығалап... кетпей жүрген.

Неғылайын жабысып көк кенедей,  
Тағдырыма налимын еткен өгей.  
Кел дегенде келемін ырсыл қағып,  
Кет дегенде кетемін өкпелемей!..

Мені мұнда ешкім де кел демеген,  
Байлап қойған ешкім жоқ белдемеден.  
Мен бәрібір өлемін қайғы-мұңнан,  
Өлмей кетсем таяқтан сермелеген!..

Қан іштім бе, білмеймін, зәр іштім бе,  
Тәнім жара тырналып өр үшкірге.  
Қыстың сызы өтсе де аяғымнан,  
Шоңқиып отырамын... қар үстінде!..

Отырамын қара жер жарылғанша,  
Ақ бораннан айнала арылғанша.  
Босағаңды мен сенің күзетемін,  
Менен артық махаббат табылғанша!..

10.02.1982 жыл

\*\*\*

Жүрегімде тұнып жатқан бар бұлақ,  
Жүрегімде бар тұңғыық Аралым.  
Бірақ саған келген шақта албырап,  
Сөйлесуге сөз де таппай қаламын.

Мейлі-ау бәрі! Жүрек түр ғой табысып,  
Түсінбе тек сорлылық деп мұны, еркем.  
Бар сөзімді бүгін айтып тауысып,  
Айрылысып кетпеймін ғой күні ертең!..

31.03.1968 жыл

\*\*\*

Қара басым деп ұмтыла берме гүлге онша,  
Армандап іштей аңсаған жандар шалқысын!  
Тек бақыт көріп татар ем қазір у болса,  
Таласып ішсең...  
Жартысын!..

26.03.1968 жыл

## ӨЛЕҢ

Өзге біреу өтсе иініне қол салып,  
Құрбы қызға қарайсың сен томсарып.  
Жастығыңа күйінесің ішіңнен,  
Өйткені сен сезімталсың соншалық!..

Көп нәрселер көңіліңнен кетпейді,  
Бір ару қыз сені арман етпейді.  
Шын беріліп сүйер еді-ау ол сені,  
Жырық да оның жүрегіне жетпейді!..

Жанарыңда жас тұрады мөлтілдеп,  
Өшірөйін бұл қайғының өртін деп,  
Қалам алып, қағазыңа үңіліп,  
Столыңда отырасың сол түн көп...

Бірақ жыр да оңай емес білгенге.  
Өлең – өлең бола қоймас бір демде.  
Сол аруың кемпір болып үлгірді,  
Сен жыр жазып ұнаймын деп жүргенде!..

Қаңтар, 1970 жыл

## СҮЙІКТІҢ КЕЛСЕ!..

Көңілі жақын адамдар,  
Үйіңе тез-тез енеді.  
Сүйгенің келсе үйіңе,  
Теңіздің де өзі келеді.

Көңілі жақын адамдар,  
 Бір-бірін іздеп жүреді.  
 Бір-бірін сүйген ғашықтың,  
 Таулардан биік жүрегі.

Жаныңа келсе сүйгенің,  
 Кіреді жұлдыз төсекке.  
 Көрінер саған мамықтай,  
 Тисе де тізең кесекке.

Болса да үйің жертөле,  
 Ошақтың отын өртеме.  
 Сүйіктің үйге келгенде,  
 Күн нұры кірер көрпеңе!

*Қаңтар, 1996 жыл*

## ҮСТІРТТЕ

(Су жыры)

Суың бар ма, қарындас,  
 Суың бар ма?!  
 Кетті сөлім мына күн қуырғанда.  
 Қуырылған табада балықтаймын,  
 Бір тамшылық алдыда күным бар ма?!

Қуырылған табада шұжықтаймын,  
 Тартып алар қабынды бұзықтаймын.  
 Су бер маған, қарындас!  
 У бер маған,  
 Содан өзге нәрсеңе қызықпаймын!..

Тамшы керек жаным!  
 Тиыш керек!  
 Жирентеді жанымды түйіскен ет.  
 Білем сенің үйіңде нәрің барын,  
 Тауып келдім қосыңды иіскелеп.

Мына Құдай өлтірді қақтап ғана,  
 Сөл нәріңнен тамызшы ақ мақтаға!  
 Сөл ызғарлап алайын көмейімді,  
 Сығып алды сөлімді бетпақ дала!

Табысады адамзат осындайдан,  
 Жол үстінде жолықты қосың қайдан?!  
 Машинемнің бензині түгесіліп,  
 Жоян бола жаздады басым қайран!

Суға қансам бойыма сөл келеді,  
 Тіріледі сонымен өлген өлі.  
 Аптап дала.  
 Аңызак. Аптап дала...  
 Тыға жаздап қалды гой көрге мені!..

Суға қансам... есіме қыз келеді,  
 Ақын жыры, қарағым, мұзға өнеді!  
 Мынау ағаң шөлдесін, шөлдемесін,  
 Енді саған қайырылып жүз келеді!..

Қандай жақсы жол тапқан... адасқанда,  
 Енді жұлдыз шығады ана аспанға!..  
 Түседі еске сондағы шөлдегенім,  
 Асқар-асқар таулардан... әрі асқанда!

29.VII.2000 жылы

## КЕЛІН КЕЛДІ АУЫЛҒА...

Келін келді ауылға бұлғақтаған,  
 Келін келді... көйлегін сырмақтаған.  
 Келіншектің басында үкісі бар,  
 Күй дауысы естіліп тұр қақпадан!..

Өнді, күйді қазақтың бөрі ұнатқан,  
 Қандай жақсы қобызды аңыратқан!..  
 Келін келді ауылға,  
 Келін келді!..  
 Күй дауысы шығады шаңырақтан!..

Бұл ауылда енді өн аспандайды,  
 Серпіледі көңілді басқан қайғы!  
 Енді жиын өлеңсіз аяқталып,  
 Енді жиын өлеңсіз басталмайды!

Қандай жақсы өн салып, биді білген,  
 Қанат қағып ұшады үй дүбірден!..

Аққу ұшып келді де, аққу ұшып,  
Қарғаларға қиямет тиді бірден!..

Қу домбыра ауылды сиқырлайды,  
Бұл ауылда жоқ енді қиқым қайғы.  
Ел жатпайды жатқанша үкілі қыз,  
Сыртқа шығып ауыл-ел күй тыңдайды.

Таңнан ауыл тұрады дауыс тыңдап,  
Саз дауыстан жанады, жан үшкындап.  
Өрбір үйдің көңлінде қу домбыра,  
Үкілі қыз,  
Ақ көйлек,  
Таныс бұлғақ!..

Сол келді де осы ауыл арайланды,  
Сол келді де көшеде... қан айналды.  
Балалар да сол жерді айналшықтап,  
Бозбалалар бас бұрып қарай қалды.

Соқыр келіп сол жерде ақиланды,  
Сараң келіп сол жерде сақилаңды!..  
Бойжеткенді сол жерде желік билеп,  
Маңғаз біткен сол үйге қоқиланды!..

Желікпегін, жас келін,  
Желікпегін,  
Қоймас көршің бәйгіні беріп тегін!  
Аздан кейін жұмыла іс бастайды,  
Басып болып бұл ауыл зеріккенін!..

Тыңдаған боп, енісіп... бірыңғайлап,  
Өсекші жұрт шығады тілін қайрап.  
Ән-күй жақсы біреуге,  
Біреулерге,  
Қу домбыра қалса екен құрым байлап!..

...Айтқандай-ақ, аздан соң «халық» шықты,  
Епсімбай үш-төрт үйге барып шықты.  
Жусаябай кирка менен лом көтеріп,  
Мырқымбай кувалдасын алып шықты!..  
Сөйтті де жұмыла «жұрт» іс бастады,

«Жұмыс»-тың бізге мөлiм iшкi астары:  
Жекпе-жекке қайрақпен шалғы шықты,  
Құрманғазы күйiмен ұстасқалы...

Үш-төрт көршi...  
Жиналып... үйтiлгелi,  
Соғыстырды шығарып итiн берi.  
Екi ұста көшеде орақ тiсеп,  
Көлiк мiнген осы үйге бипiлдедi!..

Бiз осындай «халық»-пыз қас көңiлдi,  
Жеңу үшiн өн айтқан жас келiндi,  
Ана көршi аулақта жасақ жинап,  
Мына көршi бөшкенi таспен ұрды!..

Айналайын, жас келiн, бұлғақтаған,  
Мынау елге ұнайды тiл қатпаған!..  
Iлдiрiп қой қазыққа домбыраңды,  
Шешiп қой көйлегiңдi, сырмақтаған!..

Өндi сүйген, айналдым, жүрегiңнен,  
Мынау елдiң пиғылын бiлемiн мен.  
Дина шешей қол созып домбыраға,  
Құрманғазы шықпаған бұл өңiрден!..

Бұл елде азаншы бар,  
Қазаншы бар,  
Билеп отыр ауылды мазаршылар!..  
Тағдырыңа көн ендi, айналайын,  
Келiп түскен бұл елге...  
**ЖАЗАҢ ШЫҒАР!**..

2.XII.1999 жыл

## **СЕН АМАНДА – МЕН АМАН...**

Қия есiктен шығасың қырын кiрiп,  
Қызды қырып барасың, ұлыңды ұрып.  
Өйелiне ақынның ел қарайды,  
Алма менi бiр отқа ұрындырып.

Ақын сүйсе – өмiрi ұзарады,  
Оңайымды бiр алса – қыз алады.

Сен ғанасың тыл жағым, осал жерім,  
Қорғанымды онсыз кім бұза алады!..

Егессең құйың мәлім, айлаң мәлім,  
Садаға табаныңа қайран дарын.  
Сан ғасыр елім де өлек, жерім де өлек,  
Жігіттің тіктей алмай тайғандарың!..

Жылтылдаған қыздардың сырғалары,  
Жетелеп таудан өрі, қырдан өрі.  
Жомарттығын Ақынның біліп тұрып,  
Тұрсыңдар-ау дөметіп бір қаланы!..

Көш едім Қаратаудан көшкен ары,  
Көшкен ел өскен жерін еске алады.  
Өзегіме сен менің от бергенде,  
Табаныңа тастармын бес қаланы!..

Мың найза кірпігің мен қасыңда бар,  
Жан пида қадамыңа басылған өр.  
Бір қызға елді неге сатасың деп,  
Көп болса біздің әкім басымды алар!..

Сен бұлай өртей берсең... жандырасың,  
Жандырып... қай ауылға хан қыласың!..  
Сен аманда – мен аман, абайламай,  
Табасына бір иттің қалдырасың!..

Жасқантып жанарыңмен, жарағыңмен,  
Кімсің-өй, жаныма өрт сала білген!..  
Темірден мойыныма шынжыр байлап,  
Күшіктей ізіңе еріп барамын мені!..

31.X 1999 жыл

\*\*\*

Шығып ем мен сапарға бастан тілеп,  
Мынау өлем сенсіз де тастан түнек.  
Күнге карап көтерім көкірегімді,  
Иығыммен тұрғандай аспан тіреп.

О, менің өршіл көңілім, жасыма түк,  
Жүрер өркез ақынның басы қатып.  
Әу басында күлімкөз мың сан жұлдыз,  
Ойларымды кететін шашыратып...



Енді алаң боп жатпаймын түктемеге,  
Келсем шалқып, мінгендей құт-кемеге.  
Қазір менің жұлдызым Темірқазық,  
Қазір менің жұлдызым тік төбеде!..

Қоршалауға жүр едім қорған таппай,  
Саялайтын басыма орман таппай.  
Сен менің Қыз Жібегім, Ақ Баяным,  
Айрылам ба бір дұшпан қолдан қақпай!..

29.03.1968 жылы

## ШОШЫНУ

Кетті ғой жігіт...  
Жексен ғып кетті жерменен,  
Мәңгіге кетті... сол шақта-ақ!..  
Жылады сұлу,  
Өмірінде жылап көрмеген,  
Көзінен жасы моншақтап!..

Алдынан кілең шығады-ау иттер  
камалап,  
Қорқытып бейпіл қаланың өңшең мастары.  
Жыртады-ау бетін дұшпаны келіп табалап,  
Аяйды-ау енді достары!..

Ақ қайың сөйлер, басынан сипап, елжіреп:  
Қаймықпа, жаным, қайта есілі..  
Келмеске кетті,  
Мәңгіге кетті...  
Жел-жүрек,  
Қамығып қайтесің!..

О, өмір, сондай малғұнға неге бұрасың,  
Арада жоқпың!..  
Бара алмай тұрмың!.. Тістеніп!..  
Мөлдіреп балғын  
Жүрегімде жүрген бір асыл,  
Секіріп тұрдым... ТҮС КӨРІП...

26.03.1968 жылы

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН

Келін отыр жігіттің қармағында,  
Жігіт отыр жүзігі бармағында.  
Құтты болсын мына той мәңгібақи,  
Келін күткен қазақтың шарбағында!

Керегесі отAUDYң кең керіліп,  
Аққу отыр мамыққа көмкеріліп.  
Дүбірлісін есітіп мына тойдың,  
Бабаларың бір түссін төңкеріліп.

Қанаттанып той жасап құлыны отыр,  
Ағайынның жүзінде жымың отыр.  
Немереңнен көресің шөбере де,  
Биігірек, кемпір-шал, тұрып отыр!..

Жігіт болып балалар сызданады,  
Желік билеп той көрсе қыз баланы.  
Жақсы тілек тілейін жамиғатқа,  
Жақсылардың соңында із қалады!..

Әрбірінді қайтейін санап шығып,  
Жүздеріне қуанам қарап шығып.  
Қос періште көктегі қосылды деп,  
Қос қолтықтан отырмыз қанат шығып!..

Құс жетілсе қанатын қағп шығар,  
Қанат бітсе отAUDYң бағы ашылар.  
Айта берсем ақ тілек көп болмайды,  
Тілектің де өзінше бағасы бар!..

9.X.2003 жыл

\*\*\*

Рас сен деп қой шақта өкінерім,  
Рас және қайтадан бекінерім.  
Мен ізіңнен мұңайып қала бердім,  
Келін болып басқа үйге кетіп едің.

Рас, сені кей шақта қызғанамын,  
Көрген жерде қайырылып жүз қарадым.  
Мен анамнан не үшін кеш тудым деп,  
Көрсең еді жанымның сыздағанын...

Үйі-күйі олардың аман бүгін,  
 Ал менің ше?!  
 Емдейді жарамды кім?!  
 Сөйлескенде етемін қипаң-сипаң,  
 Өлдекімге бардай-ақ жамандығым...

Сөздің құны, ойымның сәті қашып,  
 Қалтыраймын қоярдай атып, асып.  
 Өмір құрығыр сүйрейді-ау өтірікке,  
 Айтпау үшін дертіңнің атын ашып!..

*Жезтоқсан, 1981 жылы*

...

Үйінен бүгін айсызда шыққан жолаушы,  
 Жұлдызға қарап белгілеп жатыр жолдарың!..  
 Сапарға шықсаң... жарқылдап үйге оралшы,  
 АРМАНЫМ!..

Ойласын тобыр:  
 Болсақ-ау десіп, соларша,  
 Біздерге қарап белгілеп алсын соқпағың,  
 Қараңғы кеште...  
 ЖОЛ АЛСА!..

*24.03.1968 жылы*

...

Менің жаным өмірден мұң тілемес,  
 Жұлдыз жанған кеудеме түн түнемес.  
 Мүмкін емес өмірде жалқы жасау,  
 Жар іздемеу өмірден мүмкін емес.

Қайғың менен төгілтпей, тастырғызбай  
 Күт деп едім көзіме жас тұрғызбай.  
 Өтермісің деп едім алып мені,  
 Көкірегімді тау менен тасқа ұрғызбай.

Вермедің де ойлаған тілегімді,  
 Жаңа шыққан нәзік жыр, гүл-егінді,  
 Тауға сүйреп, қия шың, тасқа сүйреп,  
 Тілім-тілім еттің ғой жүрегімді.

Көндім, жаным, еркіңе қинасаң да,  
 Кеттім, жаным, қасыңнан қимасам да.

Өзі жамау жүрегім өртенеді-ау,  
Өзге қызға бүтін деп сыйласам да.

Қылжақтаймын қыздарға көне ме деп,  
Ыржақтаймын отыңды сөне ме деп.  
Ебін тапсам айтамын өтірік те,  
Пәктігіме біреулер сене ме деп.

Менің жаным өмірден мүң тілемес,  
Жұлдыз жанған кеудеме түн түнемес.  
Мүмкін емес өмірде жалғыз жасау,  
Жар таңдамау өмірден мүмкін емес!..

1968 жыл

...

Жанымды бүгін толтырып кеттің сезімге,  
Ақынға онысыз бар ма сөн!..  
Күдіретті сөзді жазатын мынау кезімде,  
Төмен болам ғой жұлдызға қарап алмасам!..

Егілген кезде буамын үнсіз жасымды,  
Тусын деп мәңгі от өлең.  
Сықырлап нәзік ойларға толған басымды,  
Төкаппарлықпен көтерем!..

27.03.1968 жыл

...

Қажеттісің сен маған қанатымдай,  
Неге тудың қосылып жаратылмай!..  
Мен сені қызғанамын, қызғанамын,  
Қолымнан біреу қағып алатындай!..

Орта болсам тұрамын толғым келіп,  
Сен отырған бұтаққа қонғым келіп.  
Күн сайын ұмтыламын, ұмтыламын,  
Мен де саған лайық болғым келіп!..

29.03.1968 жыл

## ҰЛЫ ТІЛЕК

Өн дауысы шарықтап ала таңда,  
Бақыт құсы қоныпты алақанға.  
Айдын көлде қосылып егіз аққу,  
Екі бүршік бітіпті қара талға.

Берік болғай аттаған ақ босағаң,  
Бақ та саған осы үйде, тақ та саған!  
Қол жетпейтін норсе жоқ мына өлемде,  
Тазалығын бойының сақтаса адам.

Бақыт тойын тойлаңдар есіп-тасып,  
Қарлығаштай үйіңе несіп тасып.  
Шаттық – егіз шын сүйсең, қайғы – жарым,  
Бақыт өзі келеді есікті ашып.

Алып ұшар қос қанат қақса ғана,  
Жалғыздықта бұл өмір жақсара ма?  
Барлық тілек бүгінгі сендердікі,  
Қонып жатқан тұғырға, АҚ ШАҒАЛА?

Ел тілегі Сіздерге аппақ-аппақ,  
Таусылмайтын кітаптай ақ парақтап.  
Бүгін беті ашылған бұл кітапты,  
Енді екеуің жазасың шатпалақтап.

Шарықтай бер, АҚ ҚҮСТАР,  
Шалғып ұшқан,  
Қосылыңдар жүректер, талпынысқан.  
Бүкіл өлем жаралған қосылудан,  
Бүкіл өлем туылған тартылыстан!

Бақытты шақ мына шақ, ұнамды шақ,  
Найзағайдай қақ бөліп тұманды ұсақ.  
Алып ұшып кетіндер ақ отауды,  
Анау аспан көгіне Қыран құсап.

Махаббаттың нұрынан – жарық ақ таң,  
Тіршілікті махаббат жамыратқан.  
Бар ізгілік таралған мына өлемге,  
МАХАББАТПЕН тіктелген шаңырақтан!

Жарық болсын онысыз қайдан аспан,  
Махаббатсыз жұлдыздар майдаласқан!  
Ақ отаудай жоқ бақыт бұл өлемде,  
Екі ғашық ішінде аймаласқан!..

Екеу болса өн шығар шапалақтан,  
Өрістеген адамзат шапағаттан.  
Шапағаттан тұрған соң, махаббаттан,  
Тетті болған бұл өмір шоколадтан!

06.04.2003 жыл

\*\*\*

Басыма қонған бақыттан жүзім нұрланып,  
Өлеңінді оқып, отырдым оймен ырғалып.  
Көгіне, шіркін, шыңырап шықса дедім мен,  
Өрлігі менен сыпайылығын бірге алып.

Аңсаған арман жеткізер талай өрлерге,  
Ататын ақ көп мергенге.  
Бар шыным осы, бас иіп өттім, аяулым,  
Ұлылық пенен кішілік көрген жерлерге.

Жаспыз ғой өлі,  
Қайтеміз жырға өлшем боп,  
Жырымда мынау кемшілік деген көрсең көп.  
Аппақ қағазға кірпіктерімнен із түсті,  
Махаббатымды қалайша сөйлеп берсем деп.

Қанатын жайып қалқиды көкте қыран құс,  
Халқымның титтей інішегімін тіл алғыш.  
Өрқашан мені жеткізер деймін биікке,  
Аман-сау болса өмірге деген құмар күш.

Сапарға шықпас ақындар арман өтпесе,  
Лапылдап барам қолдарымменен от көсеп.  
Бетіңнен алған үміттенбеуге болады,  
Ұйқыңды көзден серпуге күшің жетпесе...

От пенен жалын өлеңнің әрбір қатары,  
Сөз дегенің де жүрөктен шығып жатады.  
Жырыңа біреу сенбеймін десе: лапылдап,  
Қанатымды басқым келеді,  
Жанатын отқа...  
жақындап!..

7 сәуір, 1968 жыл

## ҰНАДЫМ БА!..

Ұнадым ба, жансәулем, ұнадым ба,  
Тек оңаша екеуміз мына құмда.  
Биігінде жұлдыз бар мына аспанның,  
Мына күннің үміт бар шуағында!..

Өңің түгіл жатасың ұйқыңда өсіп,  
Қинамайды құмынан қиқым көшіп.  
Кәуіп төнсе, біздерге боз даланың,  
Бозторғайы шығады шүйкілдесіп.

Ұнадым ба, өйтеуір, ұнадым ба,  
Өзімнің де күдік бар сұрағымда.  
Қасиетін басының қадір тұтқан,  
Өз елінің сыйлайды тымағын да!..

Қырмасам да жетістім кіші арманға,  
Қалғанын да көрермін күш алғанда...  
Телпегімен ойнайтын ақымақ жоқ,  
Танылды деп есімім үш ауданға!..

Өлетіні болады мұраның да,  
Өшетіні болады шыраның да...  
Айғайлайды Асанның құлағында,  
Жүрген нәрсе Үсеннің планында!..

Ұраным да туган ел, тұмарым да,  
Бауырым еріп, келеді жылағым да.  
Айтатұғын сырыңды айғайлап айт,  
Томам елдің отырмын... сынағында!..

*Қазан, 2003 жыл*

\*\*\*

Толғанған анау көк теңіз,  
Тұтасып жатқан аспанға.  
Толқыған толқын кеудесін,  
Соғады келіп... тастарға!

Қарайды көктен қызған күн,  
Қарайды көзің қанықпай.  
Жалтырап анау қыздардың,  
Жатуын қара балықтай!..

Соғады толқын тастарға,  
Жанымды жалағандай боп.  
Қараймын қарындастарға,  
Теңізге қарағандай боп!..

Толқиды жаным сезімнен.  
(толқымай қалса... өзімнен!..)  
Қарындастардың иығын,  
Сипалап тұрып... көзімнен!..

Сүйдірген суға бетінен,  
Сұңғыла, ару, шетінен!  
Жаратқан кезде Құдайым,  
Теңіз болмағаныма... өкінем!..

Бақытты анау тастар-ай,  
Суланған қара шаштар-ай!..  
Адам ғып неге жараттың,  
Тас қылып мені тастамай!..

Осында барлық үй, қалаң,  
Ойнама, Жүрек!  
Ит!  
Арам!..  
Көк теңіз қандай бақытты,  
Осынша қызды сипаған!..

20.07.2000 жыл

## АҚ ҚАЙЫҢДАР

Орыстың сұлу екен,  
Орманы ағашы да.  
Ойланып талай келдім,  
Оканың жағасына.

Көйлегін атып ұрып,  
Сыбырлап тіл қатысып.  
Келбетін бір көрсетіп,  
Кетердей суға түсіп.

Тұрады ақ қайыңдар,  
Ақ балтыр – көзді ойнатқан.  
Бір көрсең мың келуге,  
Еріксіз сөз байлатқан!



Жасыл шөп – жасыл кілем,  
Ақынды ая мына!  
Бірер сәт жатсам ба екен,  
Жығылып аяғыңа!

Не деген көркем еді,  
Не деген жер кең еді..  
Қасыңда ақ қайыңдар, –  
Орыстың еркелері!

1971 жыл  
*Нижний Новгород*

## ЖАМАНДЫҚ БАРДА...

Жан сырымды игеруге бол асық,  
•Жүрегімде толып жатыр қазына!•  
Дұшпаныммен бара алмаймын таласып,  
Мен өзімді түсінбейтін қазыға.

Биігіме жетер ем ғой жөйлап та,  
Бірақ атқа қамшы басам борбайлап.  
Жақсы адамдар қоршап жүрген аймақта,  
Жамаң болғым келмейді-ақ!..

Жүрегіме болса деймін ел ғашық,  
Елім-жұртым жатырған соң көңілде.  
Бір жамандық жүрген кезде жер басып,  
Жаманатым жетеді ғой менің дел..

Жан сырымды игеруге бол асық,  
•Жүрегімде толып жатыр қазына...•  
Дұшпаныммен бара алмаймын таласып,  
Мен өзімді түсінбейтін қазыға!..

31.03.1968 жыл

## ЖЕМНІҢ ҚЫЗЫ

Ақмешіттің жолында,  
Айдалада жолықтың.  
Айналақтап өзіңе,  
Армандайтын болыппын.

Аманбысың, Ақсәулем,  
Алаңбысың, Ақсәулем!..

Сен болмасаң өмірде,  
Қараңғы ішім, Ақсәулем.

Ойға келдің оянсам,  
Түске кірдің көз ілсем.  
Бақытыңды аңғармай,  
Қайда жүрсің өзің сен!..

Ақылымды Жем-өзен,  
Алып кеткен төрізді.  
Суретіңді Рафаэль,  
Салып кеткен төрізді!..

Жүрегімде сезім бар,  
Көкіректе көзім бар:  
Керек маған Жылыой,  
Жылыойда өзің бар!..

Ақылымды Жем-өзен,  
Алып кеткен төрізді.  
Ауылыңда жүрегім,  
Қалып кеткен төрізді!..

Ыстық екен Жылыой,  
Қыздарының сұлуы-ой!..  
Ағам өзі келер деп,  
Өппақ қыздың тұруы-ой!..

Аманбысың, Ақсәулем,  
Алаңбысың, Ақсәулем.  
Сен жоқтықтан өмірде,  
Қараңғы ішім, Ақсәулем!..

*16.10.2000 жыл  
Атырау, Жылыой ауданы.*

## **ҚАЙДАСЫҢ МЕН ІЗДЕГЕН, АҚ БАРАБАНИ!..**

Төгесіліп барасың, қайран гұмыр,  
Сарқылып самаладай сайран, дүбір.  
Дірдектеп Айбергенов жүгірген жер,  
Соңғы рет қағайыншы айнаңды бір.

Қайтесің таусылмастан, қайран шабыт,  
Келесің қырық жыл бойы майдан салып!  
Бармысың, пулеметтің соңғы оғы,  
Соңғы рет кетейінші сайран салып!..

Жігіттер, бармысыңдар айналада,  
Мен қазір өрт салайын қай қалаға!..  
Сіреңкенің ең соңғы шобіменен,  
Тағына қайтып келді тайған Аға!..

Жырымның іші – Қасым, беті – Қасым,  
Оқылмасаң сен енді оқыласың.  
Ал енді Құдай болсаң тоқтатасың,  
Жыланның көтерілген жеті басын!..

Жырларым қалайынша қақсайды өктем,  
Ол енді қолын созар басқа өйнектен.  
Жердегі гұламаның соңғысымын,  
Кеш қалып...  
Бір материк ашпай кеткен.

Шомылып нұр ішінен нұр таппадым,  
Табам деп өдеуір-ақ жыртақтадым.  
Шуақ жоқ бұл жиһанда бардан басқа,  
Жаңа нұр іздесеңдер, ұрпақтарымы!..

Бұдан да айрылармын... тұра берсем,  
Неғылған жаңалыққа құмар ең сен!..  
Таң емес бұл заманда адамзатқа,  
Басынан Эвересттің құлап өлсең!..

Ал біздің аламыз бар, шаламыз бар,  
Бары сол. Енді қандай шарамыз бар!..  
Ақынды кешіріңдер арманда өткен,  
Африкада туылған қара қыздар!..

Мен жырға жүргенімде машықтанып,  
Қашан кеп кеткен екен Ғашық-Ғаріп,  
Ертіп-ақ өлсем деп ем өздеріңді,  
Мойыныма бір барабан асып барып.

Қайдасың мен іздеген, АҚ БАРАБАН,  
Дыбысы ай қасынан нақ тараған!..

Оянысн Ақ барабан даусыменен,  
Ауызымды жарты ғасыр қақпалаған!..

Жатырмын Маңғыстаудың кеңдігінде,  
“ҚАЗАҚҚА ХАТЫМ” кетті белдігімде.  
Бастан төж, мына бастан бақ кеткен соң,  
Бармын деп мақтанамын енді кімге!..

Иленіп...  
Топыраққа араластым,  
Мен бұдан қайта өнуге жарамаспын.  
Соңында мен мынандық боқ болдым ғой,  
Кеше мен төттісі едім АНАНАСТЫҢ!..

Ұшып ем қиырмен де, шиырмен де,  
Қауызда дән қалмады үйіргенде.  
Бәрібір бұл дүниеге кім болғаның,  
Бір түсіп шыққаннан соң диірменге.

Айтылар әңгіме де... кеп кеткен соң,  
Мектеп жоқ біздер көрген мектептен соң,  
Бардың не,  
Бармадың не  
Алма астына,  
Барлығын өзге қағып жеп кеткен соң!..

Артым өлек іздеумен, алдым өлек,  
Тәңірім қалай айтсын, қарғыма, деп.  
Бар мешінің қолында құралы бар,  
Қағып жатыр БІР АЛМА қалды ма, деп!..

28.04.2003 жыл

## ТЕҢІЗГЕ КЕТЕМ...

Кетемін мен теңізге,  
Аққуларға қараймын!  
Алдарқатып өзіне,  
Шақырады ақ айдын.

Серік болып жаныма,  
Еретұғын кімің бар?..  
Ішімдегі жалынға,  
Үйтілетін түрім бар...

Отқа күйіп барамын,  
Ақ емеспін, қарамын.  
Сөндіресің енді сен,  
Отқа басып, қарағым!

Қарындастың дауысын,  
Қараңғыда табамын.  
Іздей-іздей өзіңді,  
Жауыр болды табаным!

Бір өзіңсің жалғанда,  
Өліп барам арманда.  
Шыжғырып түр жүрегім,  
Шұжық болып... маңғалда!..

Отқа түс де – көнемін,  
Суға түс де – сөнемін!..  
Уксус сеуіп алдыңа,  
Тостағанда келемін!..

22.02.2001 жыл

## ЖҮРЕК ҚҰШТАР

Махаббаттың шеті жоқ,  
Көк теңіздің шеті бар.  
Жүрек деген – қасқалдақ,  
Екі шайнам еті бар!

Сөздеріңе мон берем,  
Ойнамаңдар жанменев.  
Жүрегімді жеп қойма,  
Екі бөлек нанменен!

Ұшар құстар – құстарға,  
Жүрек құштар – құштарға.  
Жер жиһанға шырлаймын,  
Жұдырықтай күш барда!

Өзілдерсің, байқарсың,  
Қалжыңдарсың, шайқарсың!..  
Су бойына апарып,  
Су ішкізбей қайтарсың!

22.02.2001 жыл

## ТӘУЕКЕЛ

Болдыңдар неден жасқаншақ,  
Есікті неге қақпайсың?..  
Өзің деп жүрген кісіге,  
Өзгені неге мақтайсың?

Тәуекел түбі – желқайық,  
Отырсаң жалғыз – кірлейсің.  
Өзіңді күткен есікке,  
Жұлқынып неге кірмейсің?..

Күндердің күні келгенде,  
Адасу керек адамзат!  
Ұтырын тауып бір жерде,  
Жанасу керек адамзат!..

Құдай да болса бір күні,  
Жаңылу керек адамзат!..  
Бір-бірін ойлап, көрмесе,  
Қамығу керек адамзат!..

Сарылу керек адамзат,  
Сағыну керек адамзат.  
(Махаббат деген – адал зат,  
Махаббат деген – адал зат!..)

Жұмақ жоқ арғы әлемде,  
Алдаумен өмір өткізбе.  
Бір білмей кетсек “ол елге”,  
Оралып келу жоқ бізге!..

Сыртылдай соғып әр сағат,  
Секундтар асықтырады.  
Кімдердің қолы жетпеген,  
Кімдерге нәсіп қылады?..

Біреулер өтер имендеп,  
Сүймеген де өтер сүйген боп.  
Қырандар ұшқан тауларға,  
Жылан да жетер... ирендеп!

Бұл өмір деген – бақ сынау,  
Өзіңдей көрме, тақсыр-ау!..  
Таңылып таста жатқаннан,  
Жаңылып өлген жақсылау!..

*Қаңтар, 1996 жыл*

## СУҒА КЕЛГЕН АҚ ҚАЙЫҢ...

Сары қыздың көзінде,  
Сағыныш бар сарғайған.  
Ақ көйлегін жел үрлеп,  
Толқын сипар шалғайдан.

Сары тасқа соғылып,  
Күрсінеді көк теңіз.  
Ақ қайыңды жақтардан,  
Келіп пе едің көпке, қыз!..

Тал-шыбығы тауланған,  
Келіп пе едің таулардан!  
Есен ұлы мен болам,  
Есенинді аударған.

Суға келген, Ақ қайың,  
Сені есімде сақтайын.  
Көрмегенмен орманды,  
Көріп едім тақтайын!..

Тамыры бар тастың да,  
Аяғыңды бас құмға:  
Көк теңіздің күмбезі,  
Қарабарақ астында...

Мамыражай мекенде,  
Мамырлаған қазақпыз.  
Табытыңнан бөтенге,  
Тамырлаған қазақпыз.

Таскөмірдің шоғымыз,  
Тас үстінде гүрлеген...  
(Мені қайдан түсінсін,  
ТӨЛЕГЕНДІ білмеген!..)

*9.05.2003 жыл*

**ӘКЕТЕМ СЕНІ...**

Әкетем сені теңізге,  
Қашамын алып тауларға.  
Көрсетпей сені Қодарға,  
Көрсетпей сені жауларға!..

Шақырар мені көк теңіз,  
Теңізде сенсіз неғылам.  
Құтқарғым келер тек сені,  
Қодардың мірдей оғынан!

Шақырар мені ақ шағыл,  
Қайтемін бірақ төбені!..  
Жұлқиды менің қолымнан,  
Жігіттік шақтың өлеңі.

Шақырған бүгін жерлер көп,  
Мен оған бүгін бармаймын.  
Көзіңе сенің телмеңдеп,  
Мәжнүн боп жүрген Қалбаймын!

Шақырған мені төрлер көп,  
Ертеңге оны қалдырам.  
Аяғына теуіп өтемін,  
Жігітті көрсем қалғыған...

Армандап қайтем биікті,  
Төріңнен қымбат босағаң.  
Қазір мен көздеп киікті,  
Ататын кезім... тасадан!

Армандап қайтем теңізді,  
Өзіңмен бірге кешпесем.  
Өрге ұшып, қыран төрізді,  
Жас жігіттермен өштесем!

Армандап қайтем қайықты,  
Өзіңмен бірге жүзбесем.  
Армандап қайтем Жайықты,  
Ауылда күнде... жүздесем!..



Өрлік керек тумау үшін жасық өн,  
Тасты бұзып, таба ғойсам бірер кен –  
Алғанымды бергенімше асығам,  
Қаза тауып кететіндей күні ертең.

Қорқамын мені..  
Мейлің илан.  
Күл мейлің!..  
Жүрегімде сол газиз жыр мекендеп.  
Көбінесе көзімді мен ілмеймін,  
Көзімді ілсем... мәңгі ұйықтап кетем деп!..

1968 жыл

## ӨЗІҢ ДЕП ӨТЕМ

Асқа да бардым сенімен,  
Тойға да бардым сенімен.  
Оқыдым өлең сен жәйлі,  
Сахнаның шығып төрінен.

Көгершін болып аттанып,  
Қыранға қайттым ұқсап мен.  
Поездбен кетсем, (сақтанып),  
Асығып қайттым ұшақпен.

Өзіңе келсем бақ табам,  
Тұмарым сенсің сақтаған.  
Өзгеге барсам (жаңылып...),  
Өзің деп ендім қақпадан!

Тауға да шықтым тасып кеп,  
Оралдым таудан асып кеп.  
Ортайып биік таулардан,  
Мен саған қайттым... гашық боп!..

Ойласам сені, жақсардым,  
Сапардан жиі хат салдым.  
Өзіңнен кетсем суалдым,  
Өзіңнен қайта басталдым.

Көп сөзді қайтем шығындап,  
Орманың болам шуылдап.  
Бозторғайың боп өмірден,  
Өзің деп өтем шырылдап!..

18.12.2003 жыл

## ӨТТЕҢ-АЙ, ӨТТЕҢІ..

Жас бие жолын таппай жүр,  
Жеген ас бойға батпай жүр.  
Көзділер оны көрмей жүр,  
Мөргендер оны атпай жүр...

Дегені оның болмай жүр,  
Дорбасы оның толмай жүр.  
Үйқысы оның қанбай жүр,  
Өрелі оты жанбай жүр.

Сыртынан қарап гүлдеймін,  
Иесін оның тілдеймін.  
Ұрынған кезде отқа кеп,  
Неғыларымды білмеймін!..

Сулығын бие шайнап тұр,  
От болып көзі жайнап тұр.  
Жараулы атты қазыққа,  
Өлтірген екен байлап күр!..  
(Жіберіп оны жайлауға,  
Айдап тұр, көке, айдап тұр!..)

Мұншама неге қасардың,  
Қай суық тастан қашалдың?!  
Оңбаған иттің баласы-ау,  
Обалы бар ғой нашардың?!.

Шашыңның қара ағына,  
Көңіліңнің қара дағына!  
Байлаған жап-жас баланы,  
Салып жіберейін бе жағыңа?!..  
Жібер сен оны жайлауға –  
Өзінің жастық шағына!..

Келе ме оның көңгісі,  
Келеді өсіп-өнгісі.  
Билік бермеген балаға,  
Жаман екенсің, сен кісі?!.

25.10.1999 жыл

## МЕН СЕНІ СҮЙДІМ-ДАҒЫ...

Мен сені сүйдім-дағы басқа болдым,  
Шарықтап биігірек тасқа қондым.  
Жырақ кетсем артыма айналақтап,  
Өзімше жүре алмайтын қасқа болдым.

Мен сені сүйдім-дағы күнге айналдым,  
Аспанның көшерінен бірге айналдым.  
Күнбағыстай өзіңе қарай-қарай,  
Биігірек өсуге ыңғайландым.

Сенсіз де ұялайды жанымға мұң,  
Сенсіз де... ырғағымнан жаңыламын.  
Кетпе, жаным, қасымнан,  
Кетсең егер,  
Ортасына түседі шаңырағым!..

Сен менің аяулы еркем, жарқын өнім,  
Айтуға одан әрі...  
Тартынамын.  
Мен сені сүймегенде ешкім едім,  
Мен сені сүйдім-дағы...  
Жарқырадым!..

Жанымға сен жаныңды жақын ұста.  
(Аты нұсқа ақынның – хаты қысқа!..)  
Сен менің көздерім бол...  
Көк желкемде,  
Қас дұшпан атпау үшін... қапылыста!..

Барады бұл сөзімнің арты алысқа,  
Жауымнан оқ жегізбе...  
Қалтарыста.  
Аңқау басым у ішпей жақынымнан,  
Дұшпаныммен өлейін арпалыста.

1.01.1996 жыл

## АППАҚ ХАТ

(Баллада)

### I

Мектепте бірге оқыған,  
Кішкентай бір қыз бар еді.  
Қараған көздің сөні еді,  
Сыныптың биі, ханы еді.

Бәтима көйлек кигенде,  
Кетуші еді жарасып.  
Жақындау соған болсақ деп,  
Бәріміз жүрдік таласып.

Бәтима егер сөйлесе,  
Тыңдамайтұғын құлақ жоқ.  
Бәтима егер қой, десе,  
Тоқтамайтұғын сынақ жоқ.

Осы бір қызды ойласам,  
Созғандай едім қол көкке.  
Көзіне түссем деп оның,  
Көп нәрсе жаздым, әлбетте!..

Ішімде еді арманым,  
Білмеді мені Бәтима.  
Алынбай келсе тырнағым,  
Тергеді мені Бәтима.

Тұрушы едім асығып,  
Он сегіз жасқа келсем деп.  
Барушы едім мектепке,  
Тек қана соны көрсем деп!..

Үйіміз қамыс қос еді,  
Көлік те онда басқа еді.  
Сол қыздың мінген есегі,  
Ақсақ та болса жақсы еді!..

Сумкасының да сол қыздың,  
Әдемі еді құрағы.

Бір дәптер бере тұршы деп,  
Бізден де кейде сұрады.

Елден бір озған Бәтима,  
Қыз еді сондай құдырет.  
Тапсырып маған мұғалім,  
Үйіне бардым бір рет...

Жүруші ем көзге ілінбей,  
Есіктен бірден төрге өттім.  
Класком едім класта,  
Өзгелер қалып ...  
Мен кеттім!..

Қызықпаушы едім мансапқа,  
Қызметім сонда бір өтті.  
Көзімнің алды бұлдырап,  
Жүрегім қатты дір етті.

Таласып жүрген сол қызға,  
Досымды сонда аядым.  
Тағады маған кім кінә,  
Бағынбай қойса аяғым?!.

## II

Хат жаздым оған бір күні,  
Дәптердің бетін шатпақтап.  
Көйлегімді апам жуганда,  
Езіліп кетті аппақ хат.

Білмеймін қазір не дедім,  
Сол құрттай хаттың ішінде.  
Өйтеуір құрттай сол қызды,  
Көп көріп жүрдім түсімде...

## III

Мектептен үйге қайтарда,  
Қынжылам қызға қарайлап.  
Киімім жаман екенін,  
Қаламын іштей абайлап.

Роман жазсам бір күні,  
Жаримын бірден ақшаға.  
Ішінен жаман отаудың,  
Шыққан гой талай жақсы аға?!.

Жүрген гой талай жақсы адам,  
Ішінде жыртық шалбардың.  
Қуанар деймін Бәтима,  
Биіктеу үйді салған күн.

Ауызыма қолым жетсе бір,  
Қояр ем қойды баққанды.  
Күлімдеп қарсы алар ем,  
Ағарып тұрған ақ таңды.

Елемей жүрген үйлерге,  
Еркін бір басып кірер ем.  
Жетімдік барын ұмытып,  
Жарқылдап мен де жүрер ем.

Галстук тағып мойыныма,  
Бірғытып шықсам “Волга”-ны,  
Орындалар еді-ау сонда бір,  
Көңілімнің жақсы арманы!..

#### IV

Оқудан келсем тағы бір,  
Емтиханнан өтем екшеліп.  
Аударып көрер жан анам,  
Қалтамның түбін тексеріп.

Қинайды сөйтіп бұл сынақ,  
Қинайды қой да көп мені.  
Кітап деп қойдың қозысын,  
Жойылттым талай өйткені...

Алдамайын деп-ақ жүріп мен,  
Алдаймын кейде анамды.  
Ақкөңіл бәйгүс білмейді,  
Жаңадан тапқан шарамды...

Ойлаймын ғой мен бас барда,  
 Табам ғой айла сасқанда.  
 Өуезовтың “Абай жолы”-сы,  
 Томпайып тұр ғой астарда!..

Айтпаймын оған оны да,  
 Сөздіріп алсам тергейді.  
 Пальтомның артқы астарын,  
 Аударып блайғұс көрмейді...

Қараңғы қашан түсер деп,  
 Қайғымен күнім өтеді.  
 Елеріп кейде ешкілер,  
 Егінге түсіп кетеді.

(Өдептен артық озбаңдар,  
 Кісінікіне қол созбаңдар.  
 Ақын болайын деп тұрғанда,  
 Таяқ жегізесіңдер ғой, «казелдар!..»)

...Денемді менің көгертіп,  
 Сиымды апам береді.  
 Сол кезде туған үйімнен,  
 Безіп бір кеткім келеді.

Өлеңге қосы сол кезде,  
 Көркінді айттым мен сенің.  
 Түсініп мені Бетима,  
 Ұнатып қалса деуші едім...

Сол күні жыңғыл қораға,  
 Тығып ем бәрін шатпақтап.  
 Балалық күннің белгісі,  
 Жойылып кетті, аппақ хат.

Есіміз енген кезде де,  
 Өзіңді қайта қозғадым.  
 Мерзімді баспасөзге де,  
 Жарамай қойды жазғаным.

Жырымның кейбір буыны,  
 Артықтау болып кетіпті.

Басымнан менің өткендер,  
Басынан көптің өтіпті.

Біздер де кештік дегенге,  
Бірақ та өзім сенбедім.  
Бақытым едің өйткені,  
Арманым едің сен менің!..

## V

Демалысқа бір күн келгенде,  
Есіттім сені кетті деп.  
Алғаш рет мұнайдым,  
Сонда жерді тепкілеп.

Қайдасың қазір, аруым,  
Бәрі өтірік, дөп мені  
Ертіп кете ғой алдап,  
Барайын қайда  
Жүр десең де жаяулап.

Алданып та көрейін,  
Байлығым болса өкете ғой бірге сен.  
Көзімді жұмып ерейін,  
Жер шетіне жүр десең!..

Алда мені, сұлуым,  
Барады өмір зымырап.  
Жетегіңе ерейін менің шыныққа,  
Көздерім жетіп тұрып-ақ...

Алап екен өзіңсіз,  
Бір ауырлық жүрегімді қинайды.  
Мынау әппақ заманымның шаттығы,  
Қазір менің көкірегіме симайды!..

Жастар тамды көзімнен,  
Өкініштің заһары бар денемде.  
Сенбеймін мен өзіңді  
Мені тастап өзгеменен  
Кетіп қалды... дегенге!..



Бүгін жазып отырған,  
 Қағазыма құйылуда қара дақ.  
 Бүгін тағы ақ түсті,  
 Шаштарымды аралап.

Қапталымда қыздар көп... –  
 (Жанарында бақыт нұры ойнайды).  
 Олар мені көргенде,  
 Бақытты деп ойлайды!..

Өлеңдерін оқытып,  
 Сұрайды олар бағасын.  
 Періштедей көреді,  
 Әжім енген ағасын!..

Жан-жағымды толтырып,  
 Ортаға алып отырады бір кетпей.  
 Сақтағысы келеді,  
 Менің аппақ хаттарымды кірлетпей.

Аппақ қарындастарым,  
 Отырады қара көзі мөлдіреп.  
 Ойламайды осы құрттай ағада,  
 Бір махаббат болды деп!..

2.12 1979 жыл

## АМНИСТИЯ

(Баллада)

Сағынамын мен сені, армандаймын,  
 Шуылдаған самалға ормандаймын.  
 Мен Құдайға барам деп сақал сұрап,  
 Мүйізінен айырылған сормаңдаймын.

Мүнша неге өйелге құлағышпын,  
 Қызды көрсем елжіреп құрақ ұштым.  
 Өйел үшін барып мен өлімге де,  
 Дайын тұрған тамақты жылап іштім.

Жатырмын міне ауылда түрме деген,  
 Қабырғасы қарайып бүргелеген.

Аламын оңашада жылап-жылап,  
Еске түсіп етегің бүрмелеген.

Бір қара қыз тұр маған сақшы болып,  
Жақсы көріп барамын, жақсы көріп.  
Қара құлып, ортада темір есік,  
Мен жатырмын карцерде қақсып өліп.

Мүмкін білмес бастықтар, мүмкін білер,  
Мен қозыдан жуаспын, құлқымды көрі!  
Қапталыңда бес минут отырайын,  
Айналайын, қарындас, кілтінді бер!

Сосын мейлің... тау қашап, тас үктірсең,  
Қашып кетер едім ғой, қашып білсем.  
Еркің бар ғой, қолыңда кілтің бар ғой,  
Айналайын, қайтеді ашып кірсең?!

...Өттеген-ай, мен мұнда қайдан түстім,  
Сиыр бағып, келеді айран піскім.  
Қара құлып арада, темір есік,  
Лажы не бұлқыған қайран күштің!

Коридорда ешкім жоқ қыздан бөтен,  
Тастан суық ол дағы, құздан бекем.  
Қарайды глазокқа күмөнменен,  
Сорыма өзі де бір ожданды екен.

Қараймын қара қызға жалынышпен,  
Шығады әрбір демім жанып іштен.  
Есігіңді сөл-пөл аш, айналайын,  
Өртеніп барамын ғой сағынышпен!

Мені ондай деп ойлама!  
Басқарақпын!  
Аман шықсам қылмысты тастамақпын.  
Қазір тек құмарлықтан өліп барам,  
Қой көрмеген қасқырдай ашқарақпын.

Қапталыңда бір сөтке жылынайын,  
Күнім, Айым!  
Ертең мейлі... түбірден жұлынайын!

Сағыныштан әйелге... күйіп барам,  
Кілтінді бер!.. Қайтадан туылайын!

Тәттілігін дүниенің ұғынайын,  
Сосын мейлі... Өмірден қуылайын!  
Есігінді қиялат!  
Жаным, еркөм,  
Аяғыңның астына жығылайын!

Ертең таң ағарғанда атыламын,  
Қалар жерде бір уыс топырағым.  
Келші, жаным,  
Қасыма келші менің,  
Білдірместен... мен саған сатыламын!

Тұрқымды көр,  
Ішімді,  
Сыртымды көр,  
Маған ұрлап оңаша бір түнді бер!  
Ашқым келіп барады, ашқым келіп,  
Айналайын, ақсөулем, кілтінді бер!

Мен саған әке дейін, көке дейін,  
Ұят болса күнәңді көтерейін.  
Аман шықсам басыма некелейін,  
“Жаным” дейін, жейтұғын наным дейін,  
Содан басқа мен саған не төлейін?!

Сәл қиялат есікті,  
Сұғынайын,  
Аяғыңның астына жығылайын.  
Күнім, Айым,  
Мен де қыздың нелігін ұғынайын!..

Ертең мен жоқ боламын!..  
Қыршын кетем!..  
Есігінді түсімде дүрсілдетем...  
Аппақ айым,  
Осы сөзім есінде тұрсын бекөм!..

Атылам...  
Оқ тұрады көмейімде,

Бұл өмірден осылай жөнейін бе?!  
 Қандай төтті екен бұл әйел заты,  
 Ең болмаса... бір көріп өлейін де.

Шіркін халық!..  
 Жүреді жылтың қағып,  
 Тағы постқа келесің кілтіңді алып...  
 Мен өлемін таңертең  
 Жоқ боламын,  
 Құлпың қалып қояды,  
 Құлпың қалып!..  
 Ештеңе көрмегендей жылтың қағып,  
 Отырасың карцердің сыртын бағып!..

...Бұл тоңқылды іркейін соза бермей,  
 Жігіт, сен де тұра тұр қоза бермей!  
 Жаман сәт ең соңғы сәт – өлім алды,  
 Қыз да тұр осы маған маза бермей...

Мен енді халқым менен ойласамын,  
 Ойласпасам отпенен ойнасамын:  
 – Қайтейін елім-жұртым?! Өлейін бе?!  
 Жас тұр ғой кептетіліп көмейінде.  
 Немесе “арестантты” аласұрған,  
 Ап шығып топыраққа көмейін бе?!

Қой болмас!.. Мен ақынмын. Ақ көңілмін.  
 Келмейді оқушыма жат көрінгім.  
 Ажалға үш-төрт сағат қалған шақта,  
 Жетелеуін қараша төтті өмірдің!..

Айналайын, қара қыз – сене білген,  
 Жасауды да біледі – өле білген!  
 – Алып шығып кете бер, жолы ашық,  
 Жігітке... Амнистия... беремін мен!

Амнистия!..  
 Өлімнен құтқарады,  
 Құлап бара жатқандар тік қалады.  
 Қыл арқан алынады кеңірдектен,  
 Басында дар ағаштың... жіп қалады.

Басында дар ағаштың... жіп қалады,  
 Мойынында ер жігіттің жүк қалады.  
 Адам болсаң бетті бүр игілікке,  
 Қандай жақсы... жаныңның шықпағаны!..

Өлмесең... қызға келіп үйленесің!  
 Өлмесең...  
 Бақыт тауып, сый көресің!  
 Жаныңды алмақ болған қыл арқаннан,  
 Өмірді қадірлеуді үйренесің!..

Рахмет арга-дағы,  
 Дарға-дағы,  
 Адамның жанына тең әр қадағы.  
 Мың алғыс, бас алғышқа – жендетке де,  
 Солардан шықпай қалған... жанға-дағы!

Өлерде екі көзің алақтайды,  
 Қыл арқан тұра-тұрға қаратпайды.  
 Білмесең мейірімді, шапағатты,  
 Қара қыз табанын да жалатпайды.

Алдында тұр жайнаған сұлу өмір,  
 Ақ махаббат, нұрлы жүз, жылы көңіл.  
 Адамзатқа, білмеймін, не жетпейді,  
 Қара мынау жігіттің түріне бір!

Қазір ол қара қызға ынтығады,  
 Қазір ол махаббатқа ұмтылады.  
 Жасасын еркін өлем,  
 Тыныш өмір –  
 Құлып пенен кілттің ынтымағы!

– Ұмытпа! Ұмытпа!.. – деп, – Бұл күндерді! –  
 Ару қыз жас жігітке кілтін берді.  
 Ашылып қара құлып, темір есік,  
 Алдында махаббаттың... тілкімделді.

Аңқайып кетті ашылып түрме деген,  
 Қабырғасы қарайып бүргелеген.  
 Ашты ол есіктерді жабық тұрған,  
 Кірді ол есіктерге кірме деген!

Кілтін беріп қара қыз аққа айналды,  
Тас түрме мінетұғын таққа айналды.  
Түрпідей тиіп менің құлағым,  
Түрме деген сөз енді жақпай қалды.

Михаббат күн екен ғой күдіретті!  
Алдынан ғашықтардың Қыдыр өтті.  
Берілді амнистия азаматқа,  
Еріні ару қыздың күбір етті:

– Жігітім, бір түн емес, мың түнімді ал,  
Менің де сен сияқты құлқыным бар!..  
... Ұнады авторға да осы жауап,  
Ғашықтар, құлпырыңдар, құлпырыңдар!

Жыртылғысы келгендер, жыртылыңдар,  
Сырқылғысы келгендер, сырқылыңдар!  
Айналайын ғашықтар, өмірге сөт,  
Өйткені менің-дағы қылтыңым бар!

Көңілім дариядай тасып кетті,  
Тілін ол домбырамның басып кетті.  
Жастардың өз қылығы өзіменен,  
Сондықтан оңашаға...  
Қашып кетті...

Мұндайда басқа не жоқ,  
Төске не жоқ?!  
Ағады аңғарымен көшкен өзек!  
Біледі қыз бен жігіт өз жұмысын,  
Віз барып сығалайтын ештеңе жоқ!

27-28.10.1999 жылы

## ӨПЕНДЕЛЕУ ЕКЕМ ҒОЙ. . .

Өпенделеу екем ғой мүлде-мүлде,  
Мүлде-мүлде кіршік жоқ күн-көңілде.  
Жалғыз қала жаздаймын жау ішінде,  
Екі ете алмай досымды жүргенімде.

Жан іздедім жанымды...  
Түсінгендей,  
Өлмейді адам сенімі ішінде өлмей.  
Өзге жанды іздеген қандай қиын,  
Өз бойыңа өзіңнің күшің келмей!..

## СЕН КЕЛГЕНДЕ...

Сөз айтпасың белгілі, үндемесің,  
Мен мұнайсам сен қайта гүлденесің?!  
Сенсіз маған дүниеде жасау қиын,  
Сен менсіз-ақ, аяулым, күн көресің!..

Қайдасың, қарлығашым, қияқ құсым,  
Зерекпісің бұл күнде, зиятпысың?!  
Мен сені сартап болдым сағынғаннан,  
Сен тіпті сағынбайтын сияқтысың.

Сарғайып түстім талай сергелдеңге,  
Көзтүрткі болдым сырттан көргендерге.  
Албырап екі-үш жерде домаладым,  
Кездейсоқ есік қағып сен келгенде.

Кеудемді қарс айырып, соқ барабан,  
Қос жанар, мен сендікпін, шоқ тараған!  
Аяулым, жаудан көрмей сенен көрем,  
Аттан аусам майданда оқ бораған!

Ел мен жұрт тағдырымды көріп білсін,  
Мен қалып, сен тарихқа еніп тұрсың.  
Бір гүмыр сабылдырған екеумізді,  
Көрші қып кесенеде жолықтырсын!

Жақсы көп мекендеген аспан астын,  
Мен сені үйреніскен тастамаспын.  
Елуге келгенімше іште сақтап,  
Алпыста есіміңді тасқа бастым.

Қыпша бел, көзден кетші бұратылмай,  
Өрбірің арманымдай, мұратымдай.  
Бір гүмыр махаббат деп шырылдатып,  
Балалық бостан кетті-ау тұра тұрмай.

Енді мен сарғаймаспын, сағынбаспын,  
Көңілдің сырымды айтып зәрін бастым:  
Қос тамшы кірпігімнен жас төгілсе,  
Қасымда жоқтығынан қарындастың.

## ТҮСІМЕ БҮГІН ТАҒЫ...

Түсіме бүгін тағы кірді көктем,  
Жанымды баяғыдан ділгір еткен.  
Жайма-шуақ соңында барады екем,  
Қолға алып жүрегімді дір-дір еткен.

Жүрегім күншуаққа қандай құмар,  
Ақында жан қайғы жоқ, өн қайғы бар!..  
Сен менің қапталыма келші, жаным,  
Қалбайды күшің болса Қалбай қылар.

Сағынып бұрмалатқан бұрымыңды,  
Мен бүгін ой ойлаймын ірі, құнды.  
Сұлуыңды қайтейін, жылуыңды,  
Мен сенің сағынғанда... қылығыңды...

Қыздардың осы күнгі шашы қысқа,  
Жинақы болу үшін... асығыста.  
Қыздардың осы күнгі ақылы көп,  
Жүрмеңдер  
Жемтік болып осы құсқа!..

Құрдымнан су шығады қайламенен,  
Дәм табар қызыл түлкі айламенен,  
Көзім түскен көп қыздан жүзің сұлу,  
Құрбыжан, көп ойнама айнаменен.

Талай күн бастан кетті сайран құрмай,  
Көңліңді шығармаймын жайландырмай.  
Қалбай деп келген болсаң мақсатқа көш,  
Көп созып, өңгімені айналдырмай.

Қарағай деп жүргенің қай қарағай,  
Сәулемді көңілім тынбас аймаламай.  
Кештетіп ақ қайыңның астына кел,  
Сөзіңнен кешегі айтқан тайғанамай.

•Жылжиды жұлдыз біткен айға қарай•..  
Сен бүгін сертіңе жет шаймаламай.  
Жұрт құсап балалы бол, шағалы бол,  
Қаласың ертең тіптен бай қаламай!..



## КҮНДЕЛІГІМ

Барлығы бұл күндердің – күрделі күн,  
Білесің сырым көппен біргелігін.  
Қағаздан өзге менің сырласым жоқ,  
Барлығын сөулелендір, Күнделігімі.

Өзгедей жүргенім жоқ айламенен,  
Сал менің суретімді, қайран, өлең.  
Жүректің өр лүпілін сөулелендір,  
Жүзімді көрсеткендей айнаменен!..

Өлеңім, жазыл десем, жазыласың,  
Жанымның қатпарынан қазыласың.  
Айдай ғып ақ қағазда қалдырайын,  
Жанымның көрінбейтін қазынасын!..

Өртейін жүрегімді жарық етіп,  
Жағайын бояуымды қанық етіп.  
Өмірден дос арттырам деп жүргенде,  
Барады достарымның бөрі кетіп.

*Ақпан, 2009 жылы*

## АНЫҚ ХАБАР

Өмір қоя бермейді өркендетіп,  
Кешегіңе айналар ертең кетіп.  
Өзәзіл келіп сені бауыздайды,  
Көзіңді құралайдай мөлтендетіп.

Қыс пен көктем, жазың мен күзің қалар,  
Вауырымдап ұлың мен қызың қалар.  
Үшің өтіп, ертең-ақ жетің өтіп,  
Жыл жуықтап, қырқың мен жүзің қалар.

Осы менің айтқаным анық хабар,  
Ештеңе жоқ өлем деп арып талар.  
Хан, сұлтандар, патшалар жүрмес пе еді,  
Сұм ажалдан күш болса алып қалар.

Не батырлар кетеді әскерімен,  
Әкімқараң жөнөйді... пәстерімен.

Саябақтар құлайды бақшасымен,  
Шығайбайлар жылайды ақшасымен.

Жақсылар көп кезінде гүл көрмеген,  
Гүл бөруге ел мен жұрт үлгермеген.  
Салтанат құра ғой деп жұртқа лайық,  
Бәлкім оған әкесі пұл бермеген.

Мен де ақынның бірімін арманда өткен,  
Арман қуып, қайтпадым алған беттен.  
Алдымнан сағымдай боп қол бұлғайды,  
Ба-а-яғы Байқожадан қалған көктем!..

*Ақпан, 2009 жыл*

## САҒЫНЫШ

Сенің өппақ жаныңды ұғатын да шығармын,  
Армандаған өріме шығатын да шығармын.  
Мынау байтақ әлемнен пәс тұтқанмен өзімді,  
Ием десең мәдгілік иілмейтін шығармын.

Мен құлаймын, мына күн күмбезінен құласа,  
Мен шыдаймын тағдырға, біреу егер шыдаса.  
Асып айтқан сөз болса айып етпе, асыл дос,  
Айтшы кімнің ауызы қисаймайды жыласа?!.

Мен де адаммын мұңданып, егілетін шығармын,  
Мен төгілсем теңіз боп төгілетін шығармын?!.  
Түйе баққан қазақтың туылып ем жұртында,  
Кім біледі сол жерге көмілетін шығармын?!.

Арман қуып кей кезде, жүрдім алыс жақтарда,  
Зар да болдым там-тұмдап жететұғын ақпарға.  
Достарымды сағындым құлын-тайдай тебіскен,  
Тос көтеріп біреулер өлең айтып жатқанда.

Қара таудың қасқиған күздарын да сағындым,  
Туган жердің гүл түгіл, мұз-қарын да сағындым.  
Аппақ ару, сөзіме ашулансаң қайтейін,  
Ауылымның қап-қара қыздарын да сағындым...

Ойнап өскен ауылдың жігіттерін сағындым,  
Жерге түскен мақтаның шиіттерін сағындым.  
Жарда ойнаған даламның киіктерін сағындым,  
Армандаған анямның үміттерін сағындым.

Сағындым ғой, сағындым, саядағы ақ бұлақ,  
Сағындым ғой мен сені, саумал өзен, көк құрақ!  
Сағынғаным соншалық еңіз-теңіз жыладым,  
Алабаған артынан ел шетіне кеп құлап.

Қайдасыңдар ормандар, қарағайы сыңсыған,  
Сүртетұғын кімің бар көз жасымды ыршыған?!  
Мен сендер деп жыладым, мен сендерді сағындым,  
Жерін сүйсе бір негр, елін сүйсе бір сыған...

Күм шағылдар, көктеңдер, қына бітіп асқарға,  
Қызгалдақтар гүлдеңдер, қып-қызыл боп тастарға.  
Жұлдыз көзін ашқанда,  
Ай сөулесін шашқанда,  
Қалыбайым тірі деп қол жайыңдар аспанға!..

Қандайлығын өгейдің түсін мейлі, түсінбе:  
Жылай-жылай түсімде, дерт қалған жоқ ішімде.  
Оқысан да өзің біл, оқымасаң өзің біл,  
Қазағымның ішінде, кінарат жоқ ісімде!..

1967 жыл

## БАЯНДЫ

Білмеймін маған тықыр таянды ма,  
Сен түгіл сағындым ғой саянды да.  
Мені күтіп тұрғандай сұлу Баян,  
Барғым келе береді Баяндыға.

Шүй төбемде ұшып жүр бала қыран,  
Жазсын деп сол туралы жаңа бір өн.  
Шабытпен атыңды айтып өн шырқадым,  
Қаймықпай қарт өкеңнің қабағынан!..

Тірімін ғой мен міне, өлгенім жоқ,  
Көн дегенмен тағдырға, көнгенім жоқ.  
Бір дастаннан шығудың жолын таппай,  
Өлуге қой соңында келгенім жоқ!..

Мен сені түстерімде анық көрдім,  
Көргенімді қалайша дәріптермін.  
Сығалап арасынан түр екенсің,  
Маржандай боп тізілген әріптердің.

## БАР ШЫНЫМ ОСЫ...

Басыма қонған бақыттан жүзім нұрланып,  
Өлеңінді оқып, отырдым оймен ырғалып.  
Көгіне, шіркін, шыңырап шықса дедім мен,  
Өрлігі менен сыпайылығын бірге алып.

Аңсаған арман жеткізер талай өрлерге,  
Ататын аң көп мергенге.  
Бар шыным осы, бас иіп өттім, аяулым,  
Ұлылық пенен кішілік көрген жерлерге.

Жаспыз ғой өлі,  
Қайтеміз жырға өлшем боп,  
Жырымда мынау кемшілік деген көрсең көп.  
Аппақ қағазда кірпіктерімнен із түсті,  
Махаббатымды қалайша сөйлеп берсем деп.

Қанатын жайып қалқиды көкте қыран күс,  
Халқымның титтей інішегімін тіл алғыш.  
Әрқашан мені жеткізер деймін биікке,  
Аман-сау болса өмірге деген құмар күш.

Сапарға шықпас ақындар арман етпесе,  
Лапылдап барам қолдарымменен от көсеп.  
Бетіңнен алған үміттенбеуге болады,  
Ұйқыңды көзден серпуге күшің жетпесе...

От пенен жалын өлеңнің әрбір қатары,  
Сөз дегенің де жүректен шығып жатады.  
Жырыңа біреу сенбеймін десе: лапылдап,  
Қанатымды басқым келеді,  
Жанатын отқа...  
жақындап!..

*7 сәуір 1968 жыл*

## АЛАҚАШПА

Алақашпа адамның көзін байлап,  
Бстық-суық шығады сезімге ойнап.  
Күйеуің мені ардақтап жүрген кезде,  
Мен отырам ішімнен өзіңді ойлап.

Шарасынан көзіңнің жылтың көрем,  
 Ойнаймын мен, арыстан, мұртыңменен.  
 Барсың неге айналып сыртыңменен?!..  
 Бір жылы сөз айтсайшы, аяулым-ау,  
 Өлсем де... махаббаттың жұртында олем.

Асыл өнім!  
 Жан сырымды несіне жасырамын?!  
 Іші толы қазынаға сыр сандықтың,  
 Кілтін тапсаң мен қазір ашыламын.

Аңсағаным!  
 Мен бүгін сұлулыққа тамсанамын.  
 Өзіңді қимастықпен шығарып сап,  
 Таңертең сағынышпен қарсы аламын.

Көусар өнім,  
 Қайдасың, аяулы еркем, таң самалым,  
 Мен бүгін махаббат деп... жар саламын!..  
 Мен бүгін жел өтіне қарсы ағамын!..

Сен, қиял, қадам жетпес қиырға көш,  
 Сарғайды сағыныштан сұйылған есі!..  
 Алпыс деген – мен үшін бозбала шақ,  
 Алпыс деген мен үшін – жиырма бес!..

2010 жыл Қыз.

## ЖАН ДОСЫМ

Мұқалмай мықты тау-мүсін,  
 Жан досым, аман-саумысың?!  
 Мен саған аңсап келгенде,  
 Сен-дағы маған зармысың.

Көзінше жұрттың қорс етпей,  
 Елге ұқсап өттің ерсі өтпей.  
 Жетелеп шықтың аулаққа,  
 Жылағың келсе көрсетпей.

Шаршаған жоқсың пайда ойлап,  
 Семірген жоқсың май байлап.  
 Жетелеп шықтың аулаққа,  
 Жылағың келсе айғайлап.

Пенделер болған кіріптар,  
 Хаққа да менде күдік бар.  
 Жиһанда мынау қалған жоқ,  
 Біз сыбырламаған құдықтар!

Үстем боп жатыр айуандар,  
 Аяққа таптап...  
 тойғандар.  
 Жиһанда мынау қалған жоқ,  
 Біз сиынбаған пайғамбар.

Мөлдір су керек бау-баққа.  
 Ақ жауын керек тау жаққа.  
 Екеуіміз барып еңіреп,  
 Қайтайық, досым, аулақта!

Жаратамыз деп жаңа айды,  
 Көңілдер қанша қарайды.  
 Лапылдап біздер жанбасақ,  
 Күншуақ қайдан тарайды?!

Жазылар жара – емдесек,  
 Азаяр қате – жөндесек.  
 Біздерді білсін ел қайдан,  
 Құлпырып тасқа өнбесек.

Түзелер қисық – оңдасақ,  
 Пейіліміз жаман, оңбасақ!..  
 Еліміз қалай ел болар,  
 Өзіміз атқа қонбасақ?!

*13.01.2008 жыл*

## **МЕН САҒАН КЕЛ ДЕМЕДІМ...**

Мен саған кел демедім, кет демедім,  
 Қырқымда қылымсуды жек көремін.  
 Қара тас күнге қарай мөлтендейді,  
 Үстіне көрмей шөптің көктегенін.

Мендей боп жұрттың бәрі тілесе еді,  
 Үстіне қара тастың гүл өседі,  
 Күндерге өліп кеткен лажың жоқ,  
 Бар күннің табылады бір есебі!..

Көктедім Қарауымбеттің сорында өсіп,  
Ешкімнің жүрмейін деп жолын кесіп.  
Кемді күн кешіге тұр, қара табыт!..  
Орнымен жанған жақсы, орынды өшіп.

Өмірдің жетпей жатып ширегіне,  
Қоңыздар күл тасып жүр қорегіне.  
Баяғы арулар жоқ күтіп тұрған,  
Бізге осы көп жасаудың керегі не?!.

Қызулы махаббаттан, жырдан өштім,  
Қуатты Төлегендей тұлға емеспін.  
Бізге осы көп жасаудың керегі не,  
Жоқ біз деп есік қағып тұрған ешкім.

Қолымнан инем түспес жамаймын деп,  
Көп үйді таяқ жедім жанаймын деп.  
Айырылып Айсұлудан жесір қалдым,  
Көзіне Күнсұлудың қараймын деп.

Өмірде сағынасың, сарыласың,  
Дос па деп дұшпаныңа жарыласың.  
Кей-кейде өз жұмысың шала бітер,  
Біреудің тындырам деп шаруасың.

Жүрер ем ортасында хандық етіп,  
Бірталай құрдастарым қалды кетіп.  
Сендер де жаусындар ғой, сөз тындаңдар,  
Кемді күн... жүрерсіңдер өңгіме етіп!..

## НҰРДИДАР

Дүние жаңарады...  
Жаңарғанда -  
Ескі сөз орын берер жаңа арманға.  
Жас сөби қарайды үйге көзін салып,  
Жаңа үйдің іргетасы қаланғанда...

Өкесі атасынан үлгі алады,  
Өрімтал орман болып ырғалады.  
Ісімнің бітпегенін бітірер деп,  
Құдайдан тілейді адам ұл баланы!..

Немерем, сенен артық бар ма құнды,  
Армандап адам болдым алдағымды.

Мен саған алпыс үш жыл жол қарадым,  
Осы кеп жөндей ме деп шарбағымды...

Өжеңнің жасай беріп сөні кеткен,  
Атаңның сөйлей беріп дәмі кеткен.  
Жанарымды жанартып екінші рет,  
Құдайдан айналайын жарық еткен.

Хан болам десең Көктен тақ сұрайын,  
Өзімде емес, ізімді жақсылайын.  
Соңымды ойлап жинаған өмір бойы,  
Мен саған қазынамды тапсырайын!..

Тұрса егер менің соңым рас тұрсын,  
Ақын боп бірдеңелер құрастырсын.  
Көбейтіп әулетімді, Хақтағала,  
Ғасырдан ғасырларға ұластырсын!..

15.01.2011 жыл

## СЕН ОСЫҒАН ШҮКІР ЕТ

Өткенді ойлап, мастанып, панданасың.  
Шөже асырап, нан илеп, мал бағасың.  
Өз шаңырағың биіктеу болу үшін,  
Өтірік те айтуға қамданасың...

Бәрі мәлім, қарағым, бәрі мәлім,  
Қайдасың сен, боялған өрім, өнім?!  
Сүрлеуімнен мен бүгін...  
Жаңыламын:  
Келіп кет деп өзіңе жалынамын.

Оралады қайтадан  
Көшкен көктем,  
Сығалайды бір жұлдыз өшкен көптен.  
Мен баяғы оқимын өлеңімді,  
Өміріңді оятып... Естен кеткен.

Азын-аулақ мына бас пікірлейді,  
Аракідік бұл жүрек лүпілдейді.  
Ақ бұлақтың суына қанған адам,  
Көк бұлақтың суына түкірмейді...

Нұр, шапағат пайда боп жарылыстан,  
Көкірегімде оявды көрі мыстан.



Қандай жақсы түртетін сайтан бары,  
Қандай жақсы өмірде жаңылысқан?!

Қайдан өндік қозы боп өрісте өнбей,  
Бақытыңа шүкір ет кеміс көрмей.  
Су бойында отырып екі жетім,  
Махаббатпен болайық көріскендей.

14.01.2011 жыл

## ЕКІ ОЙДЫҢ КҮМІЛЖІГЕН ОРТАСЫНДА...

Бойында көк теңіздің тұрған құрбым,  
Кеудеме сөуле шашып, нұрландырдың.  
Мен үшін мың есе артық жұмағыңнан,  
Өмірде ойын-сауық құрған бір күн.

Көктемде қызыл түлкі қырдан қашар.  
Көрісіп екі көрші жылмаңдасар.  
Көңілің көктемді іздеп жүрген жоқ па,  
Бойында көк теңіздің тұрған нашар?!

Адамның туылғаннан мұраты егіз,  
Бірі – ана, ай мен күннің бірі – әкеміз.  
Тербеліп екеуіміз деп жатқан жоқ па,  
Екі жүз миллион жылдық  
Мына теңіз?!

Санайсың күнкөріс деп күніңді өткен,  
Ойланбай күншуақты күлімдеткен.  
Байқамай бар өмірін өткізіп ап,  
Ішінен сұрбойдақтың қырынды өткен.

Сағынып бүгін келсем  
ертең дедің,  
Қаламай ізгіліктің ерте өнгенін.  
Сенімен қуанышқа кенелем деп.  
Мен сенің көздеріңе мөлтендөдім.

Құшағын арманың түр  
айқара ашқан,  
Құман жүр төуекелмен тайталасқан.  
Екі ойдың күмілжіген ортасында,  
Өмірің өтіп болар байқамастан.

14.01.2011 жыл

**БІЛЕМІН МЕНІ..**

Білемін,  
Барлығын да  
Білемін мен,  
Білем деп зорға қалдым бір өлімнен.  
Жақсы еді білгенімнен білмегенім,  
Жанымның шығатынын жүрегімнен!..

Жақсы еді білгенімнен білмегенім,  
Сүйексіз екендігін тіл дегенің..  
Білемін, білемін деп...  
мен жүргенде,  
Менсіз де болатынын бірдеңенің!..

Білгірдің де білгірі, ғалымы бар,  
Білмегеннің білгенге жаны құмар.  
Тындағым да келмейді, есіткім де,  
Көргенім, білгенімнің бәрі мұнар...

Көңілің – қанды қапас, жақұт – тысың,  
Біледі ел жатықпысың, батықпысың.  
Көршіңе қарағанмен күлімсіреп,  
Жарыңмен білмегесін, бақыттысың...

Білімсіз де қиындау, біліммен де,  
Басқа бәле – білгенің құның кемге...  
Білгенімнің мен бәлкім арқасында,  
Қайта тұрып жатырмын...  
Бүлінгенде!..

Жолдарын жақсылардың жалғастырдым,  
Сен менен қауіптенбе, қандас құрбым.  
Өзім үшін өзгені отқа басып,  
Мен елімді келмейді алдастырғым.

Сене берме сен маған бір көрінген.  
Айтып тұр деп білгенін шын көңілден.  
Нәйістерге шындықты айтуға емес,  
Өтірікті айтуға тіл берілген.

Шындықпын деп ол-дағы ұрандайды,  
Тәсіл салып қызыл тіл бұраңдайды.

Қасқырдың да шыны бар, түлкінің де,  
Біреуі ақыл бірінен сұранбайды.

Жыланшылап күн кешпей, хайуаншылап,  
Саған қарап ұмтылдым, қайран шуақ!..  
Шелегімді жасырып үй артына,  
Жүргенім жоқ мен сенен айран сұрап.

Демейін, озық жүрдім заманымнан,  
Көп бірақ жақсылығым жаманымнан.  
Мен деген он бес жаста анық білдім,  
Дұшпанның ататынын табанымнан.

Өтірік, ымыңды ұқтым, жымыңды ұқтым,  
Қолыңды сермеместен бұрын бұқтым.  
Сенімен достаспадым, сондықтан да,  
Бір ғұмыр артындамын шымылдықтың.

Көнемін, Жаппар Алла, жарлығыңа,  
Мен сенің тас атпаймын қандығыңа!..  
Көнбеймін біле тұра бірақ та мен,  
Жасаған ағайынның қарлығына!..

Келсейші қайта айналып, өшкен арман,  
Айналып қарағайға кескен орман.  
Сыр айтам деп сендерге ақымақ басым,  
Шынымды айтып отырмын... есте қалған!..

19.01.2011 жыл

\*\*\*

Жүгініп аяғыңа мөлдіредім,  
Білмеймін сені қалай көндіремін?!  
Ардақтым-ау, асылым, аяулым-ау,  
Не болады тағдырым енді менің?!.

Қарайсың сонша маған несіне өктем,  
Кәрімді көріп келем несібе еткен.  
Мен сенің көздеріңе жалтақтаймын,  
Жел соғып делқұлыдай есі кеткен.

Егіз қозы емес пе ек емшекте өскен,  
Мен шектім-ау, қайғыңды сен шекпестен.  
Су қылып кірпігіммен жастығымды,  
Мен саған жылап келем көрсетпестен.

Мен сенің қайдан түстім қармағыңа,  
 Аңдумен көзім талды шарбағыңа.  
 Сиқырланған сырнайға әбжылайдай,  
 Мен сенің қарап келем бармағыңа.

Теңіздей кейде тулап басыламын,  
 Бір өзің аяулы еркем, асыл өнім.  
 Ажал жетсе осыдан жазатайым,  
 Мен сенің балконыңа асыламын.

Тамырлап жүрегіме төркіндөдің,  
 Үйреткен аң сияқты еркіндемін.  
 Сен мені тәмам етсең сүйреп жүріп,  
 Ел-жұртқа мәлім болсын өлтіргенің!..

Күні-түн үйіңді аңдып тұрдым, кұрбым,  
 Сен бірақ есесіне қырғын кұрдың.  
 Қысып ап қыл дұзақпен мойынымнан,  
 Жаным-ау, мұнша неге қылғындырдың?!

## САҒЫНЫШ, САҒАН ДЕГЕН МАХАББАТТАН...

Жеткен жоқ бар өмірім шәй қайнауға,  
 Жаралған жан екенмін қайғы ойлауға.  
 Сен кеткен басқа ауылдың аржағынан,  
 Мен саған даусым жетпес айғайлауға.

Арада ағады өзен лайланып,  
 Өтпесім өзім түгіл, былайға анық.  
 Сағыныш, саған деген махаббаттан,  
 Барады басым менің шыр айналып.

Өмірдің соңы қырау, басы көктем,  
 Ешкім жоқ бұл тағдырдан қашып өткен.  
 Шөлдетіп су бойында сөл тамызбай,  
 Қай Құдай мені саған ғашық еткен?!

Қайғыңнан күшік құсап қыңсылармын,  
 Өлмесем қайта өмірге күлшынармын.  
 Күйгеннен өзің жайлы өлең жаздым,  
 Отырып саясында бір шынардың.

Күйдірмей шықсаң қайтті берілеуге,  
Айналдым езілгеннен еңіреуге!..  
Қайғысын басқа адамның түсінбейтін,  
Төңірім жолықтырды-ау меңіреуге.

Қараулық қайдан шығар ластанбасақ,  
Ластанып, ластыққа мастанбасақ.  
Зерігіп жұмыс жоқтан бір мүсінші,  
Соққандай мүсініңді тастан қашап.

21 XI 2010 жыл

## КҮНДЕГІДЕН, ҚАРАҒЫМ, ЖҮЗІҢ СУЫҚ

Қызғанады біреулер әлденесін,  
Сен де, сұлу, кемді күн сәнденесің!..  
Ақ найзағай төбеңнен соққан кезде,  
Бір білесің өмірің мәңгі емесін.

Жаншы бүгін, көңілімді алшы бүгін,  
Аман-есен бармысың, талшыбығым!  
Келем десең өз еркің өз қолыңда,,  
Кетем десең жоқ оған қарсылығым!..

Бар көктемнен өзгеше мына көктем,  
Жолаушыға қараймын қылаң еткен.  
Күндегіден, қарағым жүзің суық,  
Арамыздан сияқты жылан өткен.

Ана жерді қар жатыр...  
мақтаға орап.  
Жылан жылжып барады қаққа қарап.  
Жарты галам жақсылау түс көреді,  
Астындағы сұлтанның таққа қарап!..

Жайма-шуақ әлемді көрікті еткен,  
Жапыраққа жан кірді келіп көктем.  
Алжыған шал баяғы қыз күйінде,  
Құрбыларын көреді... өліп кеткен!..

2010 жыл Қыт

## АҚЫНДА ЖАН ҚАЙҒЫ ЖОҚ...

Түсіме бүгін тағы кірді көктем,  
Жанымды баяғыдан ділгір еткен.  
Жайма-шулқ соңында барады екем,  
Қолға алып жүрегімді дір-дір еткен.

Жүрегім күншуаққа қандай құмар,  
Ақында жан қайғы жоқ, өн қайғы бар!..  
Сен менің қапталыма келші, жаным,  
Қалбайды күшің болса Қалбай қылар.

Сағынып бүрмалатқан бұрымыңды,  
Мен бүгін ой ойлаймын ірі, құнды.  
Сұлуыңды қайтейін, жылуыңды,  
Мен сенің сағынғанда... қылығыңды...

Қыздардың осы күнгі шашы қысқа,  
Жинақы болу үшін... асығыста.  
Қыздардың осы күнгі ақылы көп,  
Алданып қалмаңыздар қапылыста...

Құрдымнан су шығады қайламенен,  
Дәм табар қызыл түлкі айламенен.  
Көзім түскен көп қыздан жүзің сұлу,  
Құрбыжан, көп ойнама айнаменен.

Талай күн бастан кетті сайран құрмай,  
Көңліңді шығармаймын жайландырмай.  
Қалбай деп келген болсаң мақсатқа көш,  
Көп созып, өңгімені айналдырмай.

Қарағай деп жүргенің қай қарағай,  
Сөулемді көңілім тынбас аймаламай.  
Кештетіп ақ қайыңның астына кел,  
Сөзіңнен кешегі айтқан тайғанамай.

•Жылжиды жұлдыз біткен айға қарай•,  
Сен бүгін сертіңе жет шаймаламай.  
Жұрт құсап балалы бол, шағалы бол,  
Қаласың ертең тіптен бай қаламай!..

## БАУЫРЫМ

Аузымдағы қақпақты,  
Алып таста, бауырым.  
Төмен болсам басымды,  
Жарып таста, бауырым.

Шығар мені жарыққа,  
Айтарым бар халыққа.  
Өлсіз болсам табытқа,  
Таңып таста, бауырым!..

Мен өлейін, сен өлме,  
Досты жауға берем бе.  
Тартсам сені төменге,  
Шалып таста, бауырым!..

2001 жыл

## АВТОПОРТРЕТ

Қай пенде, ұқсаймын деп қай малғұнға,  
Мінеки, қарап тұрмын айна алдында!..  
Әлпетім сүрлеуіндей борозданың,  
Білмеймін, ет тартқышқа шайналдым ба?!

Жас кезде сұлу едім, шырайлы едім,  
Балауса балдың дәмін сұрайды ерін.  
Мен өзім кінәлімін, ешкім де емес,  
Қартайып қалғанымға бұлай менің.

Маңдайым ит сүйреген шимақпалдай,  
Сонша жыл жүргем қалай қирап қалмай.  
Той, жиын, мерекеге барғанымда,  
Ел-жұртты сұлдерім жоқ сыйлатқандай!..

Шаш бурыл, сақалым ақ, мұртым қара,  
Мұнайдым қырау түсіп нұр тұлғама.  
Алдына қалқатайдың барар едім,  
Құдайым жас қып қойса бір күн ғана.

Нұр тасып кететіндей сұрланбасам,  
Бұлт басып кететіндей нұрланбасам.

Мен-дағы адам құсап жеңіл ойлап,  
Болмай ма аракідік жылмаңдасам?!

Ауызым арыстанның апанындай,  
Мақалым Мұзағаңның мақалындай.  
Білмеймін, елім-жұртым, қалай жүрем,  
Өмірде мен ешкімді қапа қылмай?!

Мына күн көп күттірді-ау жылтың етпей,  
Өмірім өмір емес сұр түнектей...  
Адам көңілі доңыздың күркесіндей,  
Мұнараны көрмейсің сыртына өтпей...

Кейде адам... сырты – түнек, іші нұрлы,  
Ішімнен шеккен қайғым түсіме ұрды.  
Жасырып өз бойымды аргымақтай,  
Мен кейде көрінбеймін кісі гүрлы...

Сақалым өскеніне бір ай ғана,  
Қайғының белгісі ұрған шырайға да.  
Сылаймын безеу басқан беттерімді,  
Апырым-ау, не болған деп мына айнаға.

Күн болсам өз жарыма жаранар ем,  
Нұр беріп денсаулығын жаңалар ем.  
Сақтап жүрген шыршасын қайта тіктеп,  
Жаңа жыл өтер ме екен Тамарамен?!

Мөңгілік қоймайды өмір бала қылып,  
Көңілге ұялайды қара күдік.  
Солай деп... кешіріммен өзіме өзім,  
Айнаға қарап қоям аракідік!.

25.XI.2010 жыл

## **МЕН ЕРТЕҢ ТАБЫЛМАЙМЫН!..**

Сарғайып сағынышпен ала таңнан,  
Сары ауыз жол сұрадым балапаннан.  
Қапыда қанын шаштым  
шөп үстіне,  
Түсіріп жүрегімді алақаннан.



Сәуірдің көндім барлық қиынына,  
 Мамырдың баттым барлық ұйығына.  
 Маусымда жанын күйттеп, малын баптап,  
 Жусанбай гүл жинап жүр сиырына!

Шілдеде шіліктөй боп белсенемін,  
 Тамызда тамызық боп мен сөнемін.  
 Төніме қыркүйекте орақ тиіп,  
 Қып-қызыл гүл ішінде төңселемін.

Кемсеңдеп келді міне қара қазан,  
 Қаптады жердің бетін ала тозақ...  
 Жүмле жұрт жақсылықпен жыл күткенде,  
 Біз айтқан кімге дәрі жарапазан?!

Азаптар мұнша неге құлын құдай,  
 Сәулем-ау, сезімің жоқ бұрынғыдай.  
 Сен мені таптап жүріп аяғыңа,  
 Келесің көтермелеп құныңды ұдай!..

Күттірме, келем деген кезінде кел,  
 Күтумен шаққа жеттім өзім де өлер.  
 Сен мені тамырымнан қиып таста,  
 Айтып боп... шаймаласам сөзімді егер.

Мен құсап сенер болсаң еліңе сен,  
 Дән шашып төңірекке өніп-өсем.  
 Ерке өскен арпа ішінде бір түп бидай,  
 Мен ертең табылмаймын еңіресең!..

*21 қазан, 2010 жыл*

## ЖОҚ ӨМІРДЕ ҰСТАЗДАН ҰЛЫҚ АДАМ!..

*(Ардақты ағам әрі құрметті ұстазым  
 Төлжісали Темірқұлов туралы толғау)*

Ардақты ұстазымсың, жан ағамсың,  
 Ініңе үмітпенен қарағансың.  
 Абай сынды қазақтың аспанына,  
 Жұлдыз боп кетуімді қалағансың.

Қанат қақтым шыңдарға сені көріп,  
Шынар болдым шыбықтан өніп-өніп.  
Соңғы сағат соққанда мен өзіңе,  
Кете берсем көнеки сеніп өліп.

Иір-иір жармастым емендерге,  
Үйір-үйір жолықтым өлеңдерге.  
Аллатағаладан сәл бергі, адамзаттан,  
Сенен биік үл шықса менен көрме.

Агажан, сені өсірген әлемде өстім:  
(Сылтауы, сырқауы көп әрі өнбестің).  
Үлкен болып көздерім сен арқылы,  
Талай-талай жұлдызбен сәлемдестім.

Бар мектеп қолыңда екен... кітап барда,  
Ең қуатты жармастым бұтақтарға.  
Сол кітаптар арқылы еркін кірдім,  
Генералдар отырған штабтарға!..

Жамандықтың жол бермей тарқауына,  
Ізгіліктің айналдым арқауына.  
Жетелеген қолымнан сол кітаптар,  
Жеті аспанның жеткізді алтауына.

Қауға тартып бұлақтай тереңдерден,  
Жол сұрадым Гомердей кемеңгерден.  
Айбергенов сияқты ағаларым,  
Аристотель сияқты өлең көргені!..

Сәлем берсең ғасырдан ғасырларға,  
Жарық жұлдыз көнбейді жасырғанға.  
Ақылыңмен өзіңнің жеттім, аға,  
Мұқағали сияқты асылдарға!

Құл болғандар халқына – ханға айналды,  
Ездің болдым дегені болмай қалды!..  
Махамбет пен Исатай гүлге оранып,  
Баймағамбет биліктен шалғайланды.

Соның бәрін үйреттің сабағыңда,  
Ақбастаудың отырып тамағыңда.

Мен мұңаям еңселі елден бұрын,  
Кірбің көрсем, Агажан қабағыңда.

Сенен білдім өмірде Пушкин барын.  
Ақын етер ақынды күштің барын!..  
Жинап келем жұлдыздай содан бері,  
Сен от берген мотордың ұшқындарын!..

Озық өткен өрқашан заманынан,  
Ақындардың айналдым қаламынан.  
Тайбурылдың осынау шаққа дейін,  
Найзағайлар ұшады табанынан...

Жебеушім,  
Қолпаштаушым,  
ен қанатым!..  
Сен айтсаң бүкіл әлем жанданатын.  
Сабаққа сүмірейіп кірген бала,  
Қанатын саған қарап қомданатын!..

Өзің деп күннің көзі ашылатын,  
Құс жолы төбемізден шашылатын.  
Өзгенің сабағынан қашқан бала,  
Тек сенің сабағыңа асығатын!..

Жан ұстаз,  
Жақын бауыр,  
Асыл ақын!..  
Өзгеден ештеңем жоқ жасыратын!..  
Құзғындар қап-қара еді құсалықтан,  
Өзіңнен тас таба алмай асыратын!..

Өнердің сенен білдік дәрі екенін,  
Дүниенің миллион жылдық кәрі екенін.  
Бері екенін біреудің, өрі екенін  
Бізден де өзге жандардың бар екенін!..

Түзу сөзді қалайша кері өңдейін,  
Бұрғы салып бұдан да тереңдейін.  
Ізтай, Сағи, Мұзафар, Тілеуберген,  
Ғамзатовтар тұрады сенен кейін!..

Тіл болған соң қалайша сөйлемейін,  
 Кейде алдында, ұлықтар, кейде кейін!..  
 Осылардың бәрінен сен ұлықсың,  
 Бұдан артық қалайша бейнелейін?!

Ірілерден мен Сізді ірі көрдім,  
 Ірілермен із қусам тірілермін.  
 Тауқыметін топырақтың тарту үшін,  
 Тау, Тасыммен мен ертең бірігермін!..

Қайтейін өмір думан, қызықты еді!..  
 Қызықтың хатқа түсті үзіктері!..  
 «Қазақнама» кітабы қазына болса,  
 Сен, аға, гауһар тассың жүзіктері!..

Демеу болдың бүгінім, ертеңіме,  
 Жебеу болдың желді күн  
 желкеніме,  
 «Қазақнама» кітабы отау болса,  
 Жалауыңды қалайын ең төріне!..

Өманда жақсылықтың айы көркем,  
 Шығады тау басынан жайып өркен.  
 Ағажан, өзің жайлы сөзім қалсын,  
 Келмеске кеткенімде тайып ертең!..

Сұңқарға түсуден де ұшқан қолай,  
 Кір басса көңіл шіркін дұшпанға оңай.  
 Жалындап жарты ғасыр жанған оттың,  
 Авторын білсін өлем, түспалдамай!..

Өзекті өртеу үшін өлең керек,  
 Мен-дағы сол өлеңге берем көмек.  
 Тұтанған от қасына көмір қалап,  
 Бұл отты кім жағады сенен бөлек!..

Өзіңдей адамдармен жылы ғалам,  
 Біреу Сізге сөз айтса жұлып алам.  
 Періштенің ұстаздан бәрі кіші,  
 Жоқ ұстаздан өмірде ұлық адам!.

Теңеу таппай теңізді сүзгіледім,  
 Ту көтергім келеді

Сізді менің!..  
 Жер шарынан теңеуге сөз таба алмай,  
 Асыл аға, алдында тіз бүгемін!..

Аймен, Күнмен, Жұлдызбен салыстырдым,  
 Дәптерімнің сыртына жабыстырдым.  
 Абзал аға, өмірден кетерімде,  
 Менің Сізден келмейді алыс тұрғым.

Ойың терең ұқсайды көк теңізге,  
 Сөл мен шуақ таситын өкпемізге.  
 Он алты-он жетіме кеткім келіп,  
 Өлсін-өлсін қараймын откен ізге!..

Қәнеки, алпыс үштен кері кетсем,  
 Іні боп іздеріңнен еріп өтсем.  
 Жасырып Бәтимаға өлең жазып,  
 Бақыттың босағасын берік етсем!..

Ізіме қайтаршы, аға, алған беттен,  
 Аяймын жастығымды арманда өткен.  
 Жетектеп тас молаға бара жатыр,  
 Баяғы Байқожадан қалған көктем!..

Көк теңіздің жалғызбын жартасында...  
 Өлеңдерім қазақтың қалтасында.  
 Ақын болып білмеймін неге жеттім,  
 Мәңгі отырмай мектептің партасында?!

Өтті өмірім ештеңе көрмегендей,  
 Ойымды айттым, сөз айтқан елге көнбей.  
 Көп жасатсаң, Тәңір-ау, нең кетеді,  
 Махаббатын ақынның жерге көмбей!..

Егіл-тегіл жас толып етегіме,  
 Мен сезімнің көп ердім жетегіне,  
 Бастан кешкен өмірдің соңын көріп,  
 Ең соңында қамалдым кетегіме!..

Мынау соңғы күндерім...  
 Көп күндердей...  
 Ештеңе жоқ еліріп-екпіндердей.

Сағыныштың есігін қағып жүрмін,  
Мынау төтті өмірден кеткім келмей!..

Тағдырымды отырмын  
танып-көніп,  
Енді бұдан жанбаспын жарық болып.  
Өлеңімді осымен тоқтатайын,  
Босағаңа шаршадым... барып-келіп!..

Барар жерім белгілі,  
халім айқын...  
Байдың бағын қайтейін дарымайтын?!  
Айдан көркем Өзихан апамызбен,  
Ағайынға сәлем айт танымайтын!..

Ініңмін ғой баяғы  
Қолыңда өскен...  
(Іні болып ағаның жолын кешкен).  
Ортасында отыздың өліп кетіп,  
Қайта тудым алпыста... көрінбестен!..

Ініңмін ғой баяғы үйіңде өскен,  
(Іні болып ағаның күйін кешкен!)  
Өсіп-өнген миллион шаңырақтан,  
Жібек жіптің бірімін... түйіндескен!..

Басымдағы мына жәй мүлде бөлек,  
Тіл де көмек ақыңға,  
Гүл де керек.  
Алпыс жастан өткенде қайта туып,  
Айналдырдым басыңды шыркөбелек.

Сіз деп үзіп көктемнің қызғалдағын.  
Өлеңді де бүгінгі Сізге арнадым.  
Тек өзіңнің көңіліңе жету болған,  
Адам болсам дегенде...  
Ізгі арманым!..

Тас үстіне келмейтін қойылғысы,  
Көзім бәлкім көздердің тойымдысы,  
Менің бәлкім Пушкиннен миым аздау,  
Менің бәлкім Абайдан бойым кіші.

Күйдірген соң менсінбей  
 таныс құрбым,  
 Өзгелермен ойымды жарыстырдым.  
 Төлегенге жете алмай кеше жүрген,  
 Қара жерге намыстан... қарыс кірдім.

Озық жүрген соңғыдан бұрынғылар,  
 Есіміне сөз айтсаң қырын құлар.  
 Тас үстіне тіктер ем мен де сені,  
 Кімін бар мұнымды ұғар,  
 құныңды ұғар?!

Өділет аз бұл күнде, жалғаншы бар,  
 Қызыл түлкі қылмаңдап алдан шығар.  
 Ебін тауып жағалап, ағаласам,  
 Бере ме орын бір жерден... алдамшылар.

Өмір салты күншілдің жаудан айқын,  
 Құдығы бар күн сайын қауғалайтын...  
 Шлагбаумда отырған бейшараның,  
 Содан басқа несі бар... саудалайтын!..

Қарап тұрсаң қасқырдан қозы көптей,  
 Сол қозыға жүресің сөзің өтпей.  
 Қапталында қазанның отырған соң,  
 Қозың да өзін қоймайды озық етпей!..

*Қазан, 2010 жылы*

## ҚҰРДАСЫМ ҚАЙТЫС БОЛҒАНДА

Мен сені дос дегенде бір деп едім,  
 Үй салып саяжайда жүр деп едім.  
 Қамап ап бір бөлмеге өлең оқып,  
 Қатырып құлағыңа үрлеп едім.

Сен едің жанашырым, елдігім де,  
 Бір кітап зая болды-ау белдігімде.  
 Сен менің Нөкістегі елшім едің,  
 Бұл істі тапсырамын енді кімге?!

Өмірде жігіт едің тасың басым,  
 Бұл күнде алпыс екі жасыңдасың.

Ағамыз Төлеген деп жүруші едің,  
Енді сен Төлгеннің қасындасың...

Отырмын тереземді көктемге ашып,  
Тығылдым онашаға көптен қашып.  
Төбемиен бір найзағай соға ма деп,  
Келемін тақыр жерде еппен басып.

Сатып жүр балаларың товарыңды,  
Білмеймін алмасымды, яларымды.  
Үйтілген үйдегім деп қасқаларың,  
Білдірді бір жылдан соң хабарыңды.

Мен тоздым сарғайып та, сарсылып та,  
Қысады былғары етік таршылықта.  
Ел-жұртқа сыр айтам деп шынымды айтып,  
Бір күні жолығам ғой қарсылыққа...

Дәуірлеп мәңгі-бақи тұрмас ақын,  
Ақынға да дос керек сырласатын.  
Көтерген көкжелкеме Қаратауды,  
Енді менің кімім бар ыргасатын?!

Бүкшитіп иығымды тас келеді,  
Жаңылсам көздеріме жас келеді.  
Бұл күнде мен де ажалдан қорқып жүрмін,  
Қашанғы Қалбай өлмей, басқа өледі.

Бір мезет көзің қимай уақытыңды,  
Жетем деп қуушы едің бақытыңды.  
Балдардың бақыты үшін бір күн тынбай,  
Жинаған қайда көмдің жақұтыңды.

Ұрысып-сөгісесің балаңменен,  
Балаң жүр өзгелерге алаңменен.  
Түгендеймін деп жүріп кемтігіңді,  
Кетіпсің ол дүниеге шалаңменен.

Мен бүгін ойламаймын үшқарылап,  
Алпыс жыл қыштан тұрдым қышқа құлап.  
Қазағымды кіргіздім Ақ сарайға,  
Бұйырса егер содан тышқак лақ.



Арманым арманындай Ескеңдірдің,  
Жырыммен дұшпанымды сескендірдім.  
Жайлы жат, топырағың торқа болып,  
Бірге ойнап, бір ауылда өскен құрбым!..

## МЕН ЕГЕР СҰЛТАН БОЛСАМ...

### I

Мен егер сұлтан болсам не істер едім,  
Жаманды жақсы бол деп күштер едім.  
Таптырып арамдықпен байығанды,  
Жемқорға жегеніңді күс дер едім.

Алдымен ездің басын шабар едім,  
Төменді абақтыға жабар едім.  
Өтірік сөйлегеннің көзін шұқып,  
Жатқызып дыр қамшымен сабар едім.

Түбіне жалғаншының жетер едім,  
Жаманды жақ ашпастай етер едім.  
Жаман күпі кисем де иығыма,  
Мен елімді аспанға көтеремін!..

Өлсем бірге боламын халқымменен,  
Айтқан сөзім тепе-тең антымменен.  
Өз сөзімнің, ел-жұртым, Құдайымын,  
Теңестірме сен мені өркімменен!..

### II

Жыртық бүтін болмайды жаматқанмен,  
Жаман жақсы болмайды қаматқанмен.  
Сұлтан қойсаң қоя бер, бұдан биік,  
Жағаласып қайтемін Жаратқанмен!..

Иман шартым ең соңғы ел дер едім,  
Ел деп жырлап, теңіздей тербелемін.  
Елім деген ең соңғы зергер едім,  
Ел демеген пысықты тергер едім!..

Сұхбаттасар көңілім аспанменен,  
Жүз мың тұзақ құрсаң да баспаңменен.  
Қайта тұрдым көтеріп табытыңды,  
Жүз ібіліс иықтан басқанменен.

## III

Пірім – Қадыр, жолдасым – Төңір екен,  
 Өнер жүгі қара зіл, ауыр екен.  
 Алдым менің Төлеген, Мұқағали,  
 Сабыр түбі – ойласам... қабір екен!  
 Қолы нанға жеткеннің бәрі өтірік,  
 Алданып жүре беру – жәбір екен!..

Кірпік ілсем түсімде ел көремін,  
 Қыннан шығып мен енді сермелемін!..  
 Озам деген жүйрікке жол беремін,  
 Жанам деген жүрекке жел беремін.

Хан басымды ханыңмен теңгеремін,  
 Өрт боп жанып, суыңмен өңделемін.  
 Жетпісімде мойындап кез-келгенді.  
 Сексенімде мен бөлкім жөнделемін!..  
 Күн ғып жағып мен сені, қалың қазақ,  
 Бесігінде сәби боп тербелемін,

22.10.2007 жыл

## ҚАСКЕЛЕН

(Ай-апам Әзіханға)

## I

Бар бүгін келетұғын күнге сенім,  
 Өйткені мен Өзіңмен тілдесемін.  
 Өз-апа, Құдай мың жыл өмір берсе,  
 Жығылам аяғыңа күнде сенің!..

Тас болсам саған қарап жылысар ем,  
 Тау болсам Алатаумен туысар ем.  
 Алысқа Өз-апамнан кетпеу үшін,  
 Дос түгіл, дұшпаныммен жұғысар ем!..

Жел болсам саған қарап өсер едім,  
 Күн болсам шуағымды төсер едім.  
 Сол жерге барарыңды білгенімде,  
 Мен кеше-ақ Қаскелеңге көшер едім

Мені ая, аяр болсаң, таргыл аспан,  
 Жаңылып кездерім көп, жарды басқан.  
 Жоғалтып Аяпамды алам ба деп,  
 Сағынып хат жолдадым қарлығаштан.

Құрғатты көз жасымды сүртіп көктем,  
 Қондырып бұтағыма... үркіп кеткен.  
 Мені биік ұшсын деп...  
 қас дұшпанды,  
 Құдайдан айналайын мылтықты өткені!..

Өрлемесең бақытың жанбайды екен,  
 Төрлемесең құмарың қанбайды екен.  
 Бүркіт өкеш бүркіт те атқан оқтан,  
 Өлмеу үшін  
 Биікке самғайды екен!

Қорықтым-ау,  
 Қорықтым өлем бе деп,  
 Дұшпан салған жарақат денемде көп.  
 Алпыс жаста отырдым босағаға,  
 Асыққаннан он бесте... өлеңге кеп!..

Шынымды айтсам біреулер мін көреді,  
 Ғұмырымның, қайдасың, іргелері!..  
 Сен көрмесең, Өз-апа, ел көрмесе,  
 Бақытымның жанғанын кім көреді?!

Қырандардың соңынан қыран ерсін,  
 Жас қосылсын!  
 Келіндер туа берсін!..  
 Жақсылары салтанат құра берсін!..  
 Жаманы да қазақтың ...  
 тұра берсін!..

Арым да сен, Өз-апа,  
 кием де сен,  
 Мен осалмын өзіңе сүйенбесем.  
 Жыр жазарда күмілжіп, кібіртіктеп,  
 Жыр жазбаймын...  
 түсіме жиі енбесең!..

## II

Бақытыңды келемін бастан тілеп,  
 Мынау өлем сенсіз де тастан түнек.  
 Інім десең көңілім құлпырады,  
 Иығыммен тұрғандай аспан тіреп!..

Бұл өмірде бар менің бір ғана ағам:  
 (Мөңгілікке өзгесі... сырғанаған!..)  
 Пайғамбардың жасынан өтіп барам,  
 Бір ескерткіш соғам деп...  
 жырдан оған.

Суретшідей сағымды сағымға ұрып,  
 Кеш ойлапшы...  
 ойланар шағым кіріп.  
 Тәжін, тағын соқсам да сом алтыннан,  
 Қоям оны өзіңе бағындырып...

Мың жасайтын  
 Өз-апа-ау,  
 еменсің-ақ,  
 Келем Хақтан саған сай  
 өлең сұрап.  
 Тәжімақалдың сызып төрт  
 қабырғасын,  
 Жанарымен көзімнің келем сылап.

Айналайын қазақтың хандарынан,  
 Таққа мінген ізгілік салдарынан!..  
 Мен де ағамды бір күні биіктетем,  
 Хантөңірдің тас өкеп мәрмарынан!

Керек шығар қиялдан бөлкім аспау,  
 Жаман бірақ көңілді халқыңа ашпау.  
 Мен өзіңді көтерем ханнан биік,  
 Ханшатырға қойдырып...  
 алтын астау.

Мың жасайтын, Өз-апа-ау, еменсің-ақ,  
 Келем Хақтан саған сай өлең сұрап:  
 Тәжі-ағам таққа отырған үш мемлекетін,  
 Басқаратын болады сенен сұрап!

Мен қазақты бай қылам, арлы қылам,  
 Барлық бөле – көңілдің тарлығынан.  
 Қазақтың сексен бес мың өзенінің,  
 Сен шалқисың су ішіп барлығынан!..

Мен қазақты бай қылам, арлы қылам,  
 Барлық бөле – көңілдің тарлығынан...

Қлазактың қырық сегіз мың көлдері бар,  
Алтын балық суырған...  
Сандығынан!..

Асып-тассам, Өз-апа,  
Шектемейсің,  
Шектей бәрсең көңілді көктемейсің!..  
Ханшайым қып, хан қылып қойсам-дағы,  
Жарты кило күніне ет жемейсің!..

Дала қимай қайтейін,  
қала қимай!..  
Мен көтертсем көтертөм...  
шала күймай!..  
Мен сендерді өтемін дәріптеумен,  
Бойға сіңсе бір үзім қара бидай!..

Жүгін артып қазақтың қасқа өлеңге!..  
Шашып жүрмін байлықты шаш дегенге!..  
Ұстазымды хан етіп тіктеу үшін,  
Менің көзім бұл күнде – Қаскелеңде!..

Бір ағамнан бір ағам кем еместей,  
Өрлемейді бұл қазақ өлеңі өспей!..  
Елорданы Нұр ағам салып бітсе,  
Қарызымды не бопты төлеместей?!..

Сендерсіңдер асылым,  
маржаным да!..  
Айым, Күнім, Жұлдызым!..  
жан-жағымда!..  
Жетпіс бес жыл аққудай жетелескен,  
Алматының арманым ар жағында!..

Теңіздер адамымен тереңдейді,  
Тауың да тауды көрсе төмендейді!..  
Жүрген соң ағам, апам бауырында,  
Түсіме сенен басқа жер енбейді.

Ақындар жыр жазбайды жантасқанға!..  
Мен бүгін үн тыңдадым  
Жартастан да!..  
Жақсылығы арқылы адамының,  
Мен жерімді

Көтердім  
Алты аспанға!..

Ақ қала, ұлыма арман, қызыма арман,  
Сөніңді қай сөулетші сызып алған!..  
Ақиық ағалардың ізі қалған,  
Арулар өкшесінің бізі қалған!..  
Ай, Күннен аймақпысың үзіп алған,  
Ақ сүттен қаймақпысың сүзіп алған?!.

Қарасай, аман болғын, Қаскелеңім,  
Төмендеу Қаскелеңнен басқа өлеңім!..  
Өз-апам Қаскелеңде аман жүрсе,  
Мен тіпті қына болып тасқа өнемін!..

Ұлымды хая көтердім жүріп төмен,  
Тау болып тау, тасыммен бірікті өлең!..  
Мен өлі талай барам Қаскелеңге,  
Ағамды көрем деген үмітпенен!..

Мен ылғи махаббатқа кезігемін.  
Сарғайсам сағыныштан езілемін.  
Мен енді Қаскелең деп оянамын,  
Мен енді Қаскелең деп көз ілемін!..

Жеріңнен жер таппадым көріктірек,  
Тасына тауап еттім келіп түнеп.  
Егер мен өле қойсам, Қаскелеңді,  
Сүйгеннен, айтарсыңдар, өліпті деп!..

Тауды, тасты сүйіңдер тауап қылып,  
Жұлдыздарды жүріңдер  
қанат қылып.  
Мен дала мен қаланы бағаладым,  
Кім барына ол жерде қарап тұрып!..

Жаныменен адамның  
көркем көше,  
Мені біреу күл болам ертем десе.  
Керегі не бауырдың, туысқанның,  
Бірін бірі сағынып, өртенбесе?!.

## ӨЗИХАН АПАМА

(Мұңдасу)

Екі көзім елімнің картасында,  
Мен шаршаймын отырып өр тасында.  
Ақын көңілі өрілеу хан, сұлтаннан,  
Болмаса да көк тиын қалтасында!..

Отырсам да сыныптың партасында,  
Отырғандай көңілім хан қасында!..  
Қаскелеңге хан да бол, Қаншайым бол,  
Құдай берген байлықтың арқасында!..

Тағдырым тау аркалап  
үйқымда өткен,  
Оянсам... шал екенмін  
Сиқым кеткен.  
Қазақтың жақсысының мен де бірі,  
Өз басын сөздерімен сүйкімді еткен!..

Басым мұз, самайым қар, ішім көктем,  
Жау қалып, сыйласатын кісім кеткен.  
Білдірмей бөрі арығын қомпияды,  
Жан жуас, сөйлегенмен, түсімде өктем.

Қанша рет басқа шөгіп заңғар аспан,  
Тыпырлап отқа түстім аңдамастан.  
Бекер деп барлық өмір ойламаймын,  
Жұлдызды сөттерім көп...  
оңға басқан!..

Халқыма мүсінім бар тастан кескен,  
Елім деп гұмырым бар бастан көшкен.  
Алып қашып кетеді аракідік,  
Қазақтың Тайбурылы дастанда өскен.

Біреулердің біреуге таласы бар,  
Таласатын әркімнің қаласы бар.  
Жаратқаны жыланның алашұбар,  
Иреңдеуге оның да шамасы бар...

Ежелгі ата қазақ жұртындамын,  
Қазанның ішінде емес, сыртындамын.  
Өледі, өледі енді, – деп жүргенде,  
Аспанның алтауынан жылтыңдадым!..

Ініңнің көпке жетті көп еңбегі,  
 Қозысы қошқар болып көгендегі.  
 Қызғаныш қып-қызыл боп итке айналды,  
 Жаппарға айла таппай төбемдегі.

Жұлдызбен сұхбат құрдым жарқылдасқан,  
 Ағамә іні болдым артын басқан.  
 Жауымды да аяймын осы күнде,  
 Құлақта құрбақасы барқылдасқан.

Аққу құсап көкке өрле, қыран құсым,  
 Балапанның ізіңе ерт ұнамдысын.  
 Мынау шыңға шығарған, досым түгіл,  
 Дұшпанымә бар менің мың алғысым!..

Кекілбаев, Шаханов, Сүлейменов,  
 Сөйлеген жоқ ауызы клейленіп?!.  
 Шыққанымды биікке білмей қалдым  
 Жаудың атқан оғынан үрейленіп.

Аузындағысын қазақпыз жатқа алдырған,  
 Досын таптап, дұшпанын шаттандырған.  
 Айбергенов інім деп ізіне ертіп,  
 Мақатаев Қалбайға хат қалдырған!..

Бір мұңайып қыжылдан, бір ісінем,  
 Құлагерлер жаңылса жүрісінен.  
 Өлісіне қазақтың өкпемді айттым,  
 Жәрдем болмай қазақтың тірісінен!..

Еліме арнап Ақ Сарай салғызғанмын,  
 Маңғыстаудан кірпішін алғызғанмын.  
 Сенен биік, Өз-апа, ешкімім жоқ,  
 Жалмап жұтып жиһанды...  
 жалғыз қалдым.

Жүрегімді қинаңдар зырқыратып,  
 Жұлдыздарды жағыңдар... жылтыратып.  
 Құрандарың биікке өрлемейді,  
 Аракідік қоймасаң...  
 Мылтық атып!..

*2010 жыл Қыркүйек айлары*



## ҚОШ БОЛ, ЕРКЕМ

### I

Тамарадан не қалды?..  
 Арман қалды.  
 Дала қалды, тау қалды  
 Орман қалды.  
 Тіршілік деп күйбеңдеп,  
 қол босамай,  
 Көптен қалған сұм дүние, жалған қалды.

Алтын арай мың алғыс, күміс күнге,  
 Қылша мойным көп түсті қылыш тілге.  
 Тамарамен қайтам деп аққу көріп,  
 Жалаң аяқ із қалды күм үстінде.

Отырып ек екеуміз қай маңайда,  
 (...Сүйрелейді, аяулым, ойдан-ойға.)  
 Өшірді ғой ол ізді сол сәтінде-ақ,  
 Толқындары теңіздің майда-майда.

Өкінгенмен не пайда өткен ізге,  
 Тағдыр біздің қарай ма өкпемізге?!  
 Өткен жылғы су емес мына су да,  
 Ондағыдан басқаша көк теңіз де.

Ол көктемнен жоқ еді асқан көктем,  
 Табаны ол көктемнің тастан кеткен.  
 Мына теңіз аспаннан кеше түсіп,  
 Өткен жылғы көк теңіз...  
 Аспанға өткен!..

### II

Боз інгенін боздатып босқан атам,  
 Өзге түгіл жаймаған досқа алақан.  
 Тамара мен Қалбайдан өнген бұтақ,  
 Еріп жүрген қасымда бес балапан!..

Көк теңіздің бойында бұла күш бар,  
 Бірі келіп толқынның, бірі алыстар...  
 Өткен жылғы біз көрген аққулар жоқ,  
 Ол аққудың баласы... Мына құстар!..

Өзге сөз бар өзгенің құлағында,  
Кімдер келіп-кетпеген бұл ауылға?!  
Тамараның барады көлеңкесі,  
Көк теңіздің көлбеңдеп тұманында...

### III

Ағаш қайық алыста қылтыңдайды,  
Жалғыз жүрген адамды кім тыңдайды?!  
Ойнап-күліп, бұл дүние ақар-шақар,  
Бұрынғыдай жүрегім...  
бұлқынбайды!..

Сырласуға шақырсам сеніскенді,  
Іш демеймін оған да мен ішкенді.  
Жылағаны ақынның айып па екен,  
Жоғалттым ғой мен бүгін...  
періштемді!..

Төлегенің емес пе ем, Жүмекенің,  
Өз сөзімнен өзімнің зір етемін.  
Әрең-әрең келемін жасымды іркіп,  
Жігеріңді жыласам құм етемін!..

Сұрамай ма сен жайлы елім ертен,  
Мың болмай ма соныңнан өніп өркен?!  
Бұл дүниенің құтылып тамұғынан,  
Жұмаққа өтіп барады...  
менің еркем...

Өз еркіне жіберсем...  
Қайық блсын,  
Бұл қайғының білемін айықпасын.  
Жел өтіне шығып бір жылайыншы,  
Барлығымды көпшілік...  
Вайыптасын!..

16.02.2011 жыл

## ДҮРСІЛДЕ, ЖҮРЕКІ..

Өмірдің өлі жартысындамын,  
Халқымның сүйген жан тұсындамын.  
Дүрсілде, Жүрек,  
Дүрсілде, Жүрек!  
Дүрсілдеп өрге тартысың мәлім,  
Мен өлі сенің алпысыңдамын!

Көктемнен өттім, күзден өтемін,  
Сексеннен, тоқсан, жүзден өтемін.  
Жүз жиырма жаста... қыз деп өтемін,  
Ең ізде келдім...  
Ізде кетемін!..

Жасаймын тасқа гүл көктегеніше,  
Бір көктем туар бір көктем өлсе!..  
Дүрсілде, Жүрек!  
Дүрсілде, Жүрек!..  
Жүректі жұртың құрметтегенше!..

## АЛЛАТАҒАЛАДАН ТҮСКЕН СӨЗ

Пенделер, тәуба етіңдер,  
Тәуба етіңдер!  
Өмірге саламат кеп, сау кетіңдер.  
Сендердің сөз түсірдім төбеңізден,  
Сол сөзді мәнді етіңдер,  
Мәңгі етіңдер!..

Пенделер, шүкір деңдер,  
Шүкір деңдер.  
Алдымен ел туралы пікірлеңдер.  
Ертең кеп босағамда ыңырсиды,  
Аспанның алтауына түкіргендер!..

Сендердің жарқыраттым шырайынды,  
Көркемдеп жан бітірдім... лайынды.  
Пендем-ау, көңіліңе не көрінді,  
Есіктен мәлтөңдетіп....  
Құдайынды!..

Білдірмей кіріп келген Қыдыр едім,  
Жүгірсем мен сендер деп жүгіремін.  
Иманы түгел болса адамзаттың,  
Мен неге босағада кідіремін?!

Ішінде адалыңнан арамның көп,  
Берің де жүгіресің аламын деп.  
Соңында таластыңдар Құдайменен,  
Жұмақты сегізінші саламын деп,  
Мен жалғыз Құдай болып қаламын деп...

Үміттімін дараның дарасынан,  
Жана ма деп бір жұлдыз арасынан.  
Аспаныңа алпыс жыл телміремін,  
Екі көзім шыққанша... шарасынан!

Ақындар көп иығы нықтасқан,  
Әр ақынның орыны биік тастан.  
Өлетұғын кісімен қосыла өліп,  
Дұрыс емес әрине...  
Сұйықтасқан!..

Шыдайың шыдағанша,  
Шыдайың мен,  
Өзім боп өзім соққан лайыммен.  
Қайтесің жерге шөкпей,  
көрге кірмей,  
Төбеде төбелесіп...  
Құдайыңмен?!

13.05.2007 жылы

## **ЖҮРГЕНДЕ КӨЗІ БАРЛАР...**

Көп ақындар жатқанда “аштан өліп”,  
Мен сөзімді тыңдаттым ақша беріп.  
Асқар таудың басына гүл өсірдім,  
Егін салдым сор жерге тасқа келіп.

Маңгүрттер мұны көріп ойланбайды,  
Менің еккен гүлімді ойрандайды.  
Біреулер елу үште жігіт болып,  
Біреулер отыз бесте шойнаңдайды.

Жердің ой, дөңесі жоқ алғыр атқа,  
 Бұлбұл өзі келеді сәнді баққа.  
 Біреулер отыз бесте аттан құлап,  
 Мен міндім елу үште аргымаққа.

Мен күшімнің барында қой бағамын,  
 Мен басымның барында ойланамын.  
 Сексенімде бітіріп “Шаһнаманы”,  
 Мен бөлкім тоқсанымда тойланамын!

Тіріде тақ та, бақ та пұлданады,  
 Біреулер кем болдым деп тұлданады.  
 Тырмыштап орындығын, кабинетін,  
 Көреміз жүз елуге кім барады?!

Біреулер масаттанар орден алып,  
 Мансап қуып, орынды төрден алып.  
 Жүз адамға жетпейді бір орындық,  
 Мінем деумен қаласың белге барып...

Таласындар, мөңгүрттер, таласындар,  
 Бергенің бар халықта, аласың бар!  
 Сол бойда бұзылмастан топтарыңыз,  
 Бәріңіз де тарихта қаласындар!

Күресіңдер, мөңгүрттер, күресіңдер,  
 Барлығың да сол таққа мінесіңдер!  
 Үсталар тақтай жонып, жасап жатыр,  
 Мәрмөрдан орын күтіп тұр есімдер!

Аспан кең, жұлдыздар тұр жымыңдасып,  
 Жатқанда сен сүйекке ырылдасып.  
 Өкең айтпай бұл сөзді мен айтқанда,  
 Түрің қашып, тұрады, түрің қашып!..

Бұл дүниенің сарайы іріп кеткен,  
 Қисайып ұстындары шіріп кеткен!  
 Жатқанда көзі барлар тақ таласып,  
 Тарихқа соқыр Гомер кіріп кеткен!

## РЕКВИЕМ

Мәңгілік менің бол, өнім!  
(Басыңда тұрмын моланың!)  
Қазылып бітсе төңірек,  
Мен қалай биік боламын?!

Мөңгүрттің көрдім қатасын,  
Тағдырдың көрдім шатасын...  
Қызғанып менен көрілер,  
Кішінің алдым батасын!

Азғындап біткен шалдар-ай,  
Барған жерлеріңде – хал қалай?!  
Шұқыдыңдар-ау кезінде,  
Қозының көзін... “аңдамай!”

Тағдырдан озып қашқан кім,  
Жатуын қара бастардың!..  
Жатуын қара сылынып,  
Сылам деп көзін жастардың!

Тірі жан түбі нан табар,  
Есейді міне марқалар!  
Сытылып бірақ көздерің,  
Көрмейсіңдер ғой, қаңқалар!

Ойлану керек, жарандар,  
Ойлап бас жерді, табандар.  
Күрттыңдар Арал теңізді,  
Көздерің барда, арамдар!

Бас сыйла деген гүрып бар,  
Басыңмен кетсін былықтар!  
Біздерге үкім оқиды,  
Біздерден соңғы ұлықтар!

## КАРТА АЛДЫНДА ТҰРМЫН МЕН...

Карта алдында тұрмын мен,  
 Сызықтарға қараймын:  
 Айқыш-ұйқыш.  
 Талай мың...  
 Әлем-жәлем дүние,  
 Сансыз төгіз, сан айдын!..  
 Қалай сені көкірегіме қамаймын!..

Анам-ау!..  
 Арайлы Жаратқаным-ау!..  
 Көзімнің қарашықтары,  
 Шулаған қарағайларым,  
 Атылған қарамайларым,  
 Зулаған зымырандарым...  
 Қаптаған, қанаттарым-ау!..

Әулие, әнбиелерім,  
 Түйелерім, киелерім,  
 Барлығы осында ғой,  
 Сүйенерім.

Кеңейіп бір қаралық,  
 Суларға тұрған ағып.  
 Қуларға қалқып ұшқан,  
 Бүкіл әлем жараяған,  
 Талпыныстан!..

Нүктелерім,  
 Тауларға айналыңдар,  
 Мұхиттар мен кешпеген,  
 Өз өлшемдеріңе,  
 Арманға айналыңдар.

Адамдар, іріленіңкіреп,  
 Заңғарға айналыңдар.  
 Сіздердің уақтығыңыздан,  
 Менің бір тайғаным бар!..

Іріленіңдерші шамалы,  
 Тігіліп айналаңызға.  
 Сендерге еремін деп енді,  
 Жәндікке айналамыз ба!..

Мен қазір жыраққа шығамын,  
 Бұрғылап бұлаққа шығамын.  
 Кірпігіңіздің үшына,  
 Сезіміңізге, түйсігіңізге,  
 Желбезегіңіздің босағасына,  
 Кұлаққа шығамын..  
 Есітер құлақ болмаса,  
 Сусындар бұлақ болмаса,  
 Сендерде жұмақ болмаса,  
 Мен қалпй жұмаққа шығамын!..

Іріленіңкіреп, пілге айналыңыздар,  
 Ауырға, зілге,  
 Жайыққа, Нілге,  
 Алапат жойқынға,  
 Жайхұнға,  
 Сайхұнға,  
 Тұранға,  
 Иранға айналыңыздар.  
 Құранға, иманға айналыңыздар.  
 Абақтыларыңыздан бірер сөт  
 Күншуаққа шығып,  
 Қолдарыңызды қалтаңызға тығып...  
 Ойланыңыздар!..

Түйіршіктей,  
 Көктен үгіліп түскен қиыршықтай  
 Шамаңыз бар!..  
 Өткенге, арқаға қараңыздар,  
 Құм басқан қаңқаға,  
 Сочига, Ялтаға,  
 Америка деген жақтарға,  
 Көктеген бөйшешектерге, бидайға,  
 Арпаға,  
 Өрине картаға,  
 Одан кейін... қалтаға қараңыздар!..

2005 жыл өспірім кездегі  
 өлеңді өңдеу барысында  
 туған өлең



## ЖАҢЫЛЫП ҚАП...

Көкке өрлеген таулардан бұлақ аққан,  
Сөз айтайын достықтан...

Ұлагаттан.

Ар-намыстың белгісі – алмас қылыш,  
Орын алсын мәңгілік мұрагаттан...

Ажал келіп кезінде алқымдаған,  
Соғыс жайлы айтуға тартынды ағам.  
Соқа қалды соңында жырым-жырым,  
Қанжар қалды қос жүзі  
жалтылдаған...

Талай рет бұл қанжар қанға батқан,  
Атой салып жауына жарқабақтан.  
Бейбіт жатқан жүрекке бүлік салып,  
Жау емес пе қаруды  
Қармалатқан?!

Бітті соғыс,  
қантөгіс төмамдалды,  
Бастағандар соғысты... жамандалды.  
Енді соғыс аңыздай,  
ертегідей,  
Бір тамаша біздерге заман қалды.

Бір-біріне барлық ел күліп қарап,  
Қой үстіне құс жатыр жұмыртқалап.  
Ірік ауыз шіріген сөз таратып,  
Соғыс деген кетпегей былық тарап!

Барлық халық бұл күнде – жақын халық,  
Достық жөйлі сөйлейміз батылданып.  
Кіріскенде жел сөзге, ас басына,  
Осы қанжар келеді...  
Лапыл қағып!..

Сөз болған соң керек қой  
Көрнектілік,  
Ер бейнесін жасаймыз сермеп кіріп...  
Пьеса қойып жатқандай боламыз біз,  
Ағалардың ерлігін ермек қылып...

Қандай жақсы ұрпақтың жаңылғаны,  
Сарайлардың бірігіп салынғаны.  
Танкілердің айналып тракторға,  
Миллиард пұт астықтың алынғаны!..

Баяғының батыры сөз болады,  
Ұмытылып ботаның боздағаны.  
Ала бұзуу анасын еркін еміп,  
Уыз жайы кешірек қозғалады...

Ақ дастархан ортаға жайылады,  
Кім біздерді қазақ деп айырады?!  
Бір столдан отыз ұлт тамақ ішіп,  
Немісекең батаны қайырады...

Бүгін біздің осындай қазағымыз,  
Бүгін біздің бар ұлтта назарымыз...  
Жамандықтан ешқашан жеткен емес,  
Жақсылықтан жетпесе ажалымыз.

Аз дейсің бе айтуға татыр аңыз,  
Шұбат ішіп, қымызды сапырамыз...  
Қызып кетіп...  
Бас кескен қанжарменен,  
Кейде біздер нан кесіп отырамыз...

27.XI.2011 жыл

## МАҒАН НЕ ЖОҚ !..

Біреу қайтар базардан тамақ алып,  
Біреу қайтар базардан табақ алып.  
Біреу одан қайтады арақ алып,  
Біреу одан қайтады... жарақ алып.  
Біреу қайтар базарда санап беріп,  
Біреу қайтар базардан... санап алып...

Базарда барлық нәрсе сатылады,  
Содан адам бір іске шатылады:  
Өкелген соң ол арақ ішіледі,  
Өкелген соң ол мылтық атылады...  
Барады онда біреудің пұлы қалып,  
Барады онда біреудің хақы қалып...  
Соны ойлаймын үйімде тұрып алып,  
Соны ойлаймын үйімде... жатып алып!..

26.07.1999 жыл

## БҰЛ ОТАН БІЗДІКІ

Бұл Отан біздікі: туған жер, топырақ,  
Күн сүйген атырап, нұр тиген жапырақ.  
Өзіміз төреміз, маңайдан көреміз,  
Тауларға өрлейміз сатылап, сатылап!

Биікте, шаңырақ!  
Кеңі түс, кереге!..  
Бабалар сабағы – балаға өнеге!  
Мөлдіреп суымыз, желбіреп туымыз,  
Ел-жұрттың арманын қадаймыз төбеге!..

Көреген көздерге тілейміз парасат,  
Биіктей береміз, биіктен қарасақ.  
Бірліктің жалауы – тірліктің қалауы,  
Жүректің алауы – біздердің болашақ!

Тістіден торынба, күштіден қорынба,  
Қазақтың билігі өзінің қолында!  
Қазағым – базарым, назарым, жалауым,  
Алауым, жүректің қалауын орында!..

Ел бізді қолдайды біз елді қолдасақ,  
Ел-жұрттың мүддесін болмайды торға сап.  
Кеңі түс, кереге!  
Биікте, шаңырақ!..  
Кім тура болады – біз тура болмасақ!..

2003 жыл

## ТАЛШЫБЫҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

### I

Талшыбық тас астында майысады,  
Қабырғам соны көріп қайысады.  
Көтеріп заңғар тасты иығымен,  
Қатыгез тағдырымен сайысады.

Тау шөксе кім астында иленбейді,  
Талшыбық тас астында имендейді.

Ауызыңнан аһ дегенде жалын шықса,  
Қыастың қызыл тілі сүйреңдейді...

Ойлайсың таудың басын тандыр ма деп,  
Ойлайсың көшкен бұлтты жаңбыр ма деп.  
Құдай-ау. Құдай болсаң талшыбықты,  
Тілеймін өңгімеңе қалдырма деп.

Шығарып жаңа тимыр қапталынан,  
Қуат бер, қара жердің қатпарынан!  
Қасында бірдеңелер қылтияды,  
Көз сүзіп қия таудың жақпарынан...

Тауларды көктемде мүк басады,  
Қауым ел қара нарға жүк басады.  
Құм басында көгерсе бір сексеуіл,  
Біреулер саясында ықтасады.

Өмірде өжет қанша, озбыр қанша,  
Соны жаз қиындықты сөз қылғанша.  
Тал құсап тамырлай бер, тамырлай бер,  
Табанын қара тастың тоздырғанша!..

Мен-дағы тас көтердім бір адамша,  
Бір тауды үңгіледім құлағанша.  
Тастарды айналдырдым топыраққа,  
Біреуге тас сияқты жылағанша!..

Отырмын бұл қыастық тоқтай ма деп,  
Мылтығын жөне құзғын оқтай ма деп.  
Еңіреп мен өлгенде толы қазақ,  
Өйтпесе бір оңбаған боқтай ма деп!..

## II

Қайғының табы жатыр қатпарымда,  
Азабым сөулеленді хаттарымда.  
Иекте шырқырадым жан барында,  
Астымда қамшыладым ат барында.

Айырылсам ақыл-естен білмеспін деп,  
Мөрледім есім тұзу шақтарымда.

Ел мен жұрт ақиқатқа бір келеді,  
Жерде жан, анау көкте Хақ барында!..

Жұлдызға жұлдызым бар жанасатын,  
Кірпішке кірпішім бар қаласатын.  
Соңында өлең жаздым өйелдерге,  
Еркектен адам таппай қарасатын!..

### III

Шыңғырдым!  
Шыңғырмауға амалым жоқ.  
Қол созар балқаймаққа каналым жоқ.  
Сен бүгін өйел емес, періштесін,  
Менімен атыңды айтқан хабарың жоқ.

Қаптаған қара күзгын төңірегім,  
Шындықтың тұла бойы өрім-өрім.  
Сен менің атымды бір айтпағасын,  
Мен сенің атыңды айтып еңіредім!..

Бір ақын шығу керек елден бүгін,  
Өзіме қарсы кеп тұр мергендігім.  
Мен саған дәлелдеймін көз алдында,  
Мұқағалидың қалайша өлгендігін!..

Мен жырдың жаратпаймын қолдан бірін,  
Бір гүлдің тілемеймін солғандығын.  
Мен саған дәлелдеймін көз алдында,  
Абайдың қалай мола болғандығын!..

Пушкиннің Дантеспенен атысқанын,  
Махамбетпен Жәңгірдің шатысқанын.  
Көзге түскен дарынды қырқып, қиып,  
Базарға өтетінін сатысқанын.

Сыйтанменен күзгынның мәмілелесіп,  
Білдірмей ор қазуға қатысқанын.  
Жақсысын бар қазақтың өлтіріп боп,  
Мадақтап ең соңында жатысқанын!..

Дүниенің бұрыннан да жалғандығын,  
Хақ өкеп соны басқа салғандығын.  
Алдыңғылар етін жеп Қалыбайдың,  
Сорпасы соңғыларға қалғандығын!..

Шабады кара күзгын пайдасына,  
 Шайтанның құрық жетпес айласына.  
 Ұмтылған айтармын деп,  
 Төңірім-ау,  
 Сен кеттің таразының қай басына?!

Сөзіңді Құдай болсаң шаймалама,  
 Көгіңнен жұлдыз болсаң тайғанама.  
 Алдымнан қайда барсам мола шығып,  
 Барамын жалғыз қашып айдалаға!..

*15.XII.2005 жыл*

\*\*\*

Тереңдерге түсіп көрген адаммын,  
 Жалындарға пісіп көрген адаммын.  
 Күшім жетпес дұшпандармен дауласып,  
 Көз жасымды ішіп көрген адаммын.

Көп жүрекке кіріп барған сөздерім,  
 Алыстарға жүріп барған сөздерім.  
 Көре беріп жығылғанды, жыққанды,  
 Қорыққаннан үлкен болған көздерім.

Мектеп көрген, халық көрген адаммын,  
 Көп жүрекке жарық берген адаммын.  
 Мәңгүрттерді неше мәрте өлтіріп,  
 Неше өмірге алып келген адаммын.

Кітап көрген, өріп көрген адаммын,  
 Қылды екіге жарып берген адаммын.  
 Бұл өмірден кетіп қалып аңдаусыз,  
 Енді өмірге анық келген адаммын.

Іші дертке толып кеткен адаммын,  
 Өмір сырын шолып кеткен адаммын.  
 Түсе беріп өзیرهйдің қолына,  
 Өлмейтұғын болып кеткен адаммын.

*11.XI.1999 жыл*

## ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫМЫН...

(1999 жылы алғаш рет Ташкент қаласында басылған өлең.)

Сен маған опалы бол, қасқа өлеңім!  
Сені деп өмір бойы аш келемін.  
Жүрегімде бар соған ашу-ыза,  
Тау жағалап, өлгенде таста өлемін!

Сен маған опалы бол, қасқа өлеңім!  
Мықты бол тырнағындай тас кененің.  
Етекте көлді былғап жатқандарды,  
Мен өрине өзімнен пәс көремін.

Бақа жүр мені ылдифа түсірем деп.  
Сайыздың сор суынан ішірем деп.  
Сайрайды шалшығында көлбақалар.  
Біз көппіз, бізден сәл-пәл кіші бол деп.

Шабактар шақырады балық бол деп,  
Қосылып біздерменен халық бол деп.  
Қарғалар шақырады, сүрінгенде,  
Көзіңді шұқиын бір, алып кел деп!

Сөйлейді бәрі елдің атынан кеп,  
Біреулер соғып кеткен сатыдан кеп.  
Құзғын отыр бұтада тісін шұқып,  
Мертілсең өлексеңді қатырам деп.

Жылан кетіп барады иретіліп,  
Шаян кетіп барады сүйретіліп.  
Айға қарап көгілдір аспандағы,  
Үреді ит қауіпсіз үйде тұрып.

Шақырады бақалар мында кел деп,  
Барқылдап, басты бізге ырғап өл деп.  
Мен егер биігімнен құлар болсам,  
Қалады-ау осыларға қылған еңбек.

Биіктен соның бәрін көз іледі,  
Бар барлық мақұлықтың өз реңі.  
Өрмелеп асқар тауға шыққан сайын,  
Бұл тірлік төменірек сезіледі.

Шікірейіп бастық түр шақырымда,  
 – Сен маған келесің, – деп, – ақырында! –  
 Кеш болса тізеңді бір бүктірем деп,  
 Қояды қазан тұтқан қатының да!

Қоя түр кекпіріңді тақылдатпай,  
 Күйдіретсің көп болса жақындатпай!  
 Бөріңнің де бір-бірден мылтығың бар,  
 Қарамерген, тұра түр ақынды атпай!

Қосатарын күзғындар көздеп отыр,  
 Өзөзілдің жазғанын сөз деп отыр.  
 Қалыбайға қояды қарап-қарап,  
 Қаситұғын таба алмай өзге қотыр!

Іздегенге табылар апат, айып,  
 Күт ендеше түскенше тақа тайып!  
 Біраз өлең қалыпты Қалбайға да,  
 Бөрің жазып үлгермей Мақатаев!

Қайран халық – ішкені айран халық,  
 Ірің кетіп, қойыпсың майдаң қалып.  
 Қораңда маңырайды тағы қошқар,  
 Бір қарап көр қолыңа айнады алып!

Қазақтың баласымыз өлең көрген.  
 Қаймығып тауга шықтым төмендерден!  
 Енді мен сол биіктен түсейін бе,  
 Азабым жетпегендей сенен көрген!

Шыққанмын азығымды мол өңгеріп,  
 Бөріңді өткір көзбен келем көріп.  
 Ел-жұртым!  
 Биікке өзің қол созбасаң,  
 Түспейді ол биіктен өлең келіп!



## ҚАЗАҚТАР

Армысындар, қазақтар,  
Бармысындар, қазақтар.  
Бір-біріңе сендер де,  
Зармысындар, қазақтар?!

Арай болған қазақтар,  
Абай болған қазақтар.  
Астанадай көңілі,  
Сарай болған қазақтар!

Таққа мінген қазақтар,  
Атқа мінген қазақтар!  
Жетпіс жеті бабасын,  
Жатқа білген қазақтар!

Ар-намысым қазақтар,  
Жан дауысым қазақтар!  
Толғанысым қазақтар,  
Қорғанышым қазақтар!

Ұққаны бар халықпыз,  
Мұқтары бар халықпыз!  
Жер-өлемнің жүзіне,  
Ықпалы бар халықпыз!

Тамыры бар халықпыз,  
Бауыры бар халықпыз.  
Биі, ханы, сұлтаны,  
Төңірі бар халықпыз!

Құраны бар халықпыз,  
Құралы бар халықпыз.  
Шекпені бар, басында  
Тымағы бар халықпыз!

Егеулесең нұр ұшқан,  
Сөзі өткір қылыштан!  
Қазақ деген, қарағым,  
Жасалады құрыштан!

Түсінеді жармасқан,  
Қажалады арбасқан.  
Қазақ деген, қарағым,  
Жасалады алмастан!

Шығарам деп маймаққа,  
Танылды сұм аймаққа.  
Қажыр болсаң қазақты,  
Жарымайсың қайраққа!..

Қазақ – күннің шуағы,  
Қазақ – нанның уағы!  
Түргеледі тамұқтан,  
Едірейіп құлағы!

Тасқа түссе жарпағы,  
Жасыл болып шығады.  
Жерге көмсең торпағы,  
Асыл болып шығады!

Ақындары Махамбет,  
Қасым болып шығады.  
Босағасы төрінен,  
Басым болып шығады!  
Айтқан сөзі жүз жылдық –  
Ғасыр болып шығады.

Қазақ деген – қырғидай,  
Қазақ деген – қырғидай!  
Диірменінді екіге,  
Айырады бір бидай!..

Жаңа сөзі көнеден,  
Көзі өткір көреген.  
Сәкен, Ілияс, Бейімбет,  
Мұқағали, Төлеген...

Жауынгері қазақтың,  
Ат үстінде өледі.  
Қаламгері қазақтың,  
Хат үстінде өледі.

Теңіздері тартылмас,  
Бұлақтары сарқылмас,  
Арулары Сұлушаш,  
Ғалымдары жалтырбас...

Қазағымды сүйемін,  
Қазаққа бас иемін!  
Қазақ деген, қарағым,  
Қорламайды сүйегіні!..

Қалың елім, бол аман,  
 Күй сөзімді қоладан!  
 Қазақ барда Қалыбай,  
 Тіктеледі... моладан!

## ОТАН

*Совыс кезінде жаудың қолына түскен бір жерлесіміз ар-  
дан жарты ғасыр өткенде: туған жеріме бір барып, оның  
бұлағынан тіземді бұғып тұрып бір жұтым су ішіп өлсем ар-  
маным жоқ. – деп жылаған екен.*

(Газеттен)

Көп нәрсеге жатпаймыз құлақ түріп,  
 Көлеңкеге қашамыз шуақ тұрып.  
 Тойып болып қарнымыз жұмсағына,  
 Көпкен нанды тастаймыз лақтырып.

Ойламаймыз дүниеде судың барын,  
 Сағынтқандай сол суды қуғын барын.  
 Мен өзіде әкелем, Айнабұлақ,  
 Туған жердің жетелеп тұрғындарын!..

Сапарыңды бастасаң сау санамен,  
 Табаныңның астында көусар әлем.  
 Шегін-шетін іздесең бір өзеннің,  
 Жеті жылда жетесің қаусап өрең!..

Қанат қағып, тыраулап тыстан келем,  
 Бар кінәні бастаған құстан көрем.  
 Айналайын атыңнан, Қазақстан,  
 Бұл өлкеде мен өлсем – ұшқанда өлем!..

Сенсіз жердің барлығы сұр түнектей,  
 Жылан көптей, тұлкі мен кірпі көптей.  
 Каспий жақтан Құдайдан жел сұрадым,  
 Қиналғанда басымнан бұлтың өтпей!..

Сенсіз жердің барлығы сұр түнектей,  
 Күншуағы күйдірер жылтың етпей.  
 Аман бол, менің қара шаңырағым,  
 Көрмейсің шаңырақты сыртына өтпей!..

Өзіңе мың сан тауап етем бүгін,  
Тілей-тілей бірліктің бекемдігін.  
Қазақстан ғана емес – қазақ жері,  
Мен білем оның үлкен екендігін!..

Тіз шөгіп, топырағыңнан айналадым,  
Мен өлсем жапырағыңа айналамын.  
Ақ Отан, аман сау бол, аппақ Отан,  
Мен саған кіндігімнен бәйланамын!..

2003 жыл

## ҰЛДАРЫМА НАСИХАТ

Апыл да тапыл әр адым,  
Жүруге міне жарадың.  
Тағамды баспа аяққа,  
Түкірме суга қарағым!

“Түкірме желдің өтіне,  
Өзіңнің түсер бетіңе!”  
Шалқыған анау көк теңіз,  
Ағаш ек соның шетіне!

Шығасың талай төрлерге,  
Жетесің талай өрлерге.  
Атыңнан түсіп бата оқы,  
Кесенелерді көргенде!

Сөз айтпай тұрып кішіге,  
Өзіңнің қара ісіңе!  
Көресің кейде өңіңде,  
Енбегендерді түсіңе!

Құста да болар қасық қан,  
Ақылды абзал жас ұққан.  
“Сабырдың түбі – сары алтын”,  
Тезірек жетер асыққан!

Пайғамбар жазған бар – ҚҰРАН,  
Көп сөздер қалған арғыдан.  
Үмбеттеріме өзімнің,  
Бірдеңе мен де қалдырам!

Табарсың қайдан оңай дау,  
Өлтіру мені қолайлау!  
Мен ойлап өттім елімді,  
Елге де керек – мені ойлау

21.07.2001 ж.  
Маңғыстау

## АЛАТАУ

Алатау, айналайын ақ қарыңнан,  
Ақ отау екенсің гой баққа құрған.  
Қазақ ұлы өздерін хан сезсін деп,  
Бабам бәлкім бұл жерді таққа құрған!

Шығып едім бойымды биіктеттің,  
Білегіме күш беріп, иықты еттің.  
Айналайын, қазақтың асқар тауы,  
Бір сымына жанымның тиіп кеттің!..

Қанып іштім мен сенің бұлағыңнан,  
Қазақ әні кетпейді құлағымнан.  
Айналайын, қазақтың асқар тауы,  
Мен сенің өсіп жүрмін шуағыңнан!

Бір шамым осы жерде жанып еді,  
Айбергенов жетелеп барып еді...  
Мұқағали таңырқап өлеңіме,  
«Жұлдызға» шығарам деп алып еді!..

Кеттім мен...  
Сол биікте ағам қалды.  
«Жұлдыз»-да ағам берген бағам қалды...  
Үш ағайын отырған тас домалап,  
Оны орнына шығару маған қалды!..

Біздер шыққан заңғар тас ауыр еді,  
Бірі – жерлес,  
Біреуі – бауыр еді.  
Сол биіктен екі ағам домалады,  
Ол тұрғанда ел мені таныр еді!..

Ол екеуін сұм тағдыр алып кетті,  
Екеуі екі жерде жанып кетті.

Біз шыққан биік таудың етегінде,  
Қара тас Қалыбайға қалып кетті!..

Екі ағам Алатаудай ауыр еді,  
Екеуі ондағы екі Төңір еді.  
Сол жылы шында бізді жолықтырған,  
Білмеймін, қай Құдайдың өмірі еді...

Бәлкім қосқан біздерді өлең күші,  
(Асқар тауға шықпайды төмен кісі!..)  
Мұны жазып қол қойған үшінші ақын,  
ӨБДІРАМАНОВ ҚАЛБАЙ деген кісі!..

04.11.1998 жыл

## АЛМАТЫ

(Үстизым Музафар Әлимбаевқа)

Жан нұрымды жіберем тағы саған,  
Аман болғын, Алматым! Таныс ағам!  
Аман болғын қойнында Алматинка,  
Мен өзіңнен кей-кейде ағыс алам!

Мен қаласам жазамын өлеңменен,  
Оқымайды жырымды төмен деген!  
Сәлем саған, қадірлі ана тілім,  
Мен әр күні өзіңе сәлем берем!

Сені ойлаумен өтеді келте күнім,  
Күйдіреді кеудемді өртеп үнің.  
Мен Алаштың төл емген еркесімін,  
Мен қазақтың бұла өскен тентегімін!

Жақсы күнде өзімнен хат барады,  
Жаман күнде хабарлап ат барады!  
Біреу ана тілімнен алыстатса,  
Жаным күйіп кетуге шақ қалады!

Айырылмаймын өлгенше өнерімнен,  
Өңім түгіл түсімде көремін мен!  
Тірлігімде бермеймін қаламымды,  
Мені қосып көмбесе өлеңіммен!

26.06.1986 жыл  
Ташкент

## ҚАШАҒАН ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

*(Ескерткіштің ашылу  
сезінімінде оқылған жыр)*

Ақын едің өманда асқақ үнді,  
Лайықтау, мінекей, тас табылды.  
Тас табылды үлкендеу – Маңғыстаудан,  
Көтеріңдер, қазақтар, бастарыңды!

Қазақ тасты аяй ма Қашағаннан,  
Коше толып жатқанда тас-адамнан..  
Жалқау болған бүгінде мүсіншілер,  
Жүрген шығар ерініп жасағаннан...

Шаршаған ғой қашаннан қажап, өріп,  
Ақыны өлмес! Кетпесе қазақ өліп...  
Біреулерді биіктен төмендеттік,  
Астындағы топырағын қаза беріп...

Бірі төмен тастардың, бірі биік,  
Төмен болу тасқа да тірі күйік!  
Біреулерді орынсыз биіктеттік,  
Табанына тастарды қырып-үйіп!..

Ілтипатты өлшейміз тасқа қарап,  
Биіктерді жүреміз баспаналап...  
“Қашағанның бойындай кішкене”... деп,  
Енді біздер күлмейміз масқаралап!..

Тұғырында тұра бер тұлға болып,  
Ешкім саған “түс” демес мұнда келіп.  
Өкіметке рахмет, бір биігін,  
Мына бүгін отырған жырға беріп!

Ел деу керек нықта басың барда,  
Тас табылса, үйіңдер асылдарға!  
Дар тіктесең, биіктеу жерге тікте,  
Жерге тимес аяғың...  
Асылғанда!..

Аса қалған кімің бар Қашағаннан,  
Тілек тіле, бой тіле Жасағаннан!

Шамшыл ақын Қашаған – қамшылы ақын,  
Құлағыңды болмайды баса қалған...

Ауыр жүгі халықтың – ақындарда,  
Жүгінеді ел соған қапылғанда...  
Қызықпайды ақындар тағың менен,  
Өзің түсіп бермесең, атың барда!

Ақындарды қозғайтын басқа тылсым,  
Ақын жайлы басқалар бас қатырсын!..  
Қас сұңқары Қашаған Маңғыстаудың,  
Ұшайын деп ұмтылып таста тұрсын!..

Түсіне гөр, қазағым, түсіне гөр,  
Ақын өзі бір отқа түсіп өлер!  
Қалам алып қолыма нем бар мәнің,  
Бір ақиқат енбесе түсіме егер.

Мен дағы бір кішкентай әкіметпін.  
(Жазып жүрген сөздерін көкіректің!..  
Мынау елдің ақиқат ел болғаны,  
Жіліншігі тоқ болса жетімектің!..

Көрген жоқсың! Тағдырдың несін көрдің?!  
Қор болғанын көргенсің есімдердің!  
Мынау елдің ақиқат ел болғаны –  
Мұң мен Зары тыңдалса жесірлердің!

Жанатұғын отқа мен жақын бардым,  
Шатылам деп ел үшін шатылған күн.  
Тозып қалған хандарға күлемін мен,  
Табанында тас көрсем ақындардың.

Елім деген айналдым қос ағадан,  
Күндіз-түні тапжылма осы арадан!  
Ақ Сарайдың алдында ақын тұрса,  
Орын тиер бізге де босағадан!..



## БАҒА

Біреулер тиын көрер, сыйын көрмей,  
Біреулер бұйым көрер, жиын көрмей!  
Біреулер әдейі кеш мал базарға,  
Есектің күшін көрер, миын көрмей!

Сыйлайды біреу қарап шапаныңа,  
Жалақыңа, қызметің, атағыңа!  
Біреу сенің қарайды төменіңе,  
Біреу сенің қарайды жоғарыңа.

Жоқ базарда ар-ұят, жүз дегенің,  
Бәрі сонда үзгенің, үзбегенің.  
Анау керек біреуге, мынау керек,  
Өркім табар өмірден іздегенің.

26.07.1999 жыл

## НАН

Ірілер кетіп барады,  
Ірілер кетіп барады.  
Өлілер асқа тойынып,  
Тірілер кетіп барады.  
Тәрдегі нанды алам деп,  
Мәңгілік болып қалам деп,  
Інілер кетіп барады...

Қудың да сенен қуы бар,  
Ол нанның айқай, шуы бар!  
Қолыңды созба ол нанға,  
Ол нанның заһар, уы бар.

Ол нанда, қарғам, ылаң бар,  
Қорыған оны жылан бар,  
Әуселесін оның, өлеумет,  
Өтемісовтан сұрандар.

Шөлдейсің сағым, елестен,  
Шығара көрме соны естен:  
“Шаһнама” жазып ол Нанды,  
Фердоуси кеткен жеместен...

Келгенше қолға со қырман,  
Жамбылың жүз жыл отырған.  
Дантеске барған адасып,  
Иесін таппай соқыр нан.

Ақындар өткен жалаңаш,  
Пайгамбар да оған қарамас.  
Бұл нанға өлгің келмесе,  
Қолыңды созған жарамас.

Өлесің онда шатылып,  
Кетесің алсаң атылып.  
Қасында, қалқам, ол нанның,  
Жолбарыс жатыр ақырып.

Өбжылан жатыр иреліп,  
Бала-шаға болып, үйленіп.  
Алам деп оны батырлар  
Найзаға кеткен түйреліп.

Пісесің ол деп тандырға,  
Төзесің қарға, жаңбырға.  
Ол нанды, қарғам, жеп болып,  
Жатуың қиын шалғында!

Жығылған сол деп Сарайлар,  
Қор болған сол деп Мамайлар!  
У жағып қойған сол Нанды,  
Жегеннен өлген Абайлар...

Мен-дағы қатты шошынам,  
Шошынып қалай тосылам?!  
Лермонтов деген баланың,  
Аузында кеткен осы нан!..

Бруно отқа өртенді,  
Қаншалар содан ерте өлді.  
Боласың, қалқам, даңқты,  
Түбірге қойып желкенді!

Жаралдық біздер адамнан,  
Жаралдық біздер адамнан,

Қудырып бізді жаннаттан,  
Қай жақта жүрсің, арам нан?

Қой бағып жүрміз сен үшін,  
Ой бағып жүрміз сен үшін.  
Алам деп менің нанымды.  
Бастырып келген немісің.

Ойлану керек есі бар,  
Ойлану керек есі бар!  
Қолымда наным болмаса,  
Шыңғыстың менде несі бар?!

Ашынан өлген жануар,  
Сөзімнен мені танып ал!  
Әбдірамановтың қойнында,  
Үп-үлкен күлше наны бар!..

Қолдары жетпей бұ нанға,  
Молдалар мінген Құранға.  
Қол созған өскер құралға,  
Түлкілер түскен бұлаңға.

У, заһар біткен жыланға,  
Қанаттар біткен қыранға,  
Тұяқтар біткен құланға,  
Абайға дүре соқтырған,  
Қойнында жүрген бір АЛМА!

Қайғыдан өлген бұл Асан,  
Келмейді қайта жыласаң.  
Көбірек, қалқам, жасайсың,  
Кішірек күлше сұрасаң!

Шекара шыққан сол үшін,  
Қазаққа келген орысың,  
Көшпелі болдың, қазағым,  
Бұйырмай ата қонысың!

Нан берем деген сөзге еріп,  
Тілің де кеткен өзгеріп.  
Тас атқан туыс туысқа,  
Сол үшін жындыкөзденіп!

Ортаға түскен Қызыл-ай,  
 Ортаға түскен Қызыл-ай!  
 Тоқтықтың қыңыр, қисығы-ай,  
 Аштықтың оқтай түзуі-ай!..

Жетемін соған, жетем деп,  
 “Мен – қазақ” деген көңем көп.  
 Мақатаевты шеттеткен,  
 Қолымнан наным кестер деп!

Таласқа түскен тақтар-ай,  
 Күзғынға біткен бақтар-ай!  
 Өлсіреп жатсаң, Өділдік,  
 Қайтейін сені жақтамай?!

Қазақтан қалған қайрандар,  
 Атамнан қалған айнам бар.  
 Шыңғыртар едім шындықты,  
 Қолдайды қайсы Пайғамбар?!

Ірілер кетіп барады,  
 Ірілер кетіп барады.  
 Өлілер қайта тіріліп,  
 Тірілер кетіп барады.  
 Төрдегі нанды алам деп,  
 Мен өзім аға болам деп,  
 Інілер кетіп барады...

20.09.2000 жыл  
 Маңғыстау

## АҚЫННЫҢ СӨЗІ

Ақынның сөзі – тұмардан,  
 Өртемей қоймас бұл арман.  
 Дүниенің барлық азабын,  
 Ақындар үшін шығарған!

Ақынның сөзі – құрыштан,  
 Қайраған сайын нұр ұшқан.  
 Басыңның көдік қалуы,  
 Жарқ ете қалса бұрыштан!

Ақынды ешкім екпейді,  
 Масағын бірақ шөптейді!  
 Бұл ақын деген, қарағым,  
 Көрінбей жатып көктейді!

Сөйлейді ақын жанғанда,  
 Өр сөздер қанша жалғанда!..  
 Өле ме ақын үндемей,  
 Өртеніп тұрған жан барда?!

Сөйлейді ақын жанғанда,  
 Өр сөздер қанша жалғанда!..  
 Отырғызып қойып тағында,  
 Үкім оқиды хандарға!

Ақынға өлем – қан майдан!  
 Көгерер тасқа қандай дән?!  
 Боранда тұрып гүлдейді ол  
 Соғатын қарсы маңдайдан.

Ақынның көгі – жақты аспан,  
 Сарайы оның – ақ тастан!  
 Кіремін деген үйіне  
 Кіреді есік қақпастан!

Азамат болсаң атың бар,  
 Жанатын отқа жақын бар!  
 Өшетін сөзді ешқашан,  
 Жазбайды хатқа ақындар!

Ақынның сөзі – бұлақтан,  
 Тауларды жерге құлатқан!  
 Бір кіре қойса теңіз боп,  
 Шығару қиын құлақтан!..

Ойнама сөзбен, қарағым,  
 Кеседі менің жарағым!  
 Тамырың болса тарадым,  
 Құлағың болса аламын!

Ыстығың болса жанамын,  
 Табада менің табаным,

Қуырмау керек Қалбайды,  
Мен өзім жалғыз ганамын!

Батырың болам қорғандай,  
Ақының болам сормындай!  
Басуың керек өлеңді,  
Өлсең де аштан нан қалмай!

Өлеңді көмген бақ таппас,  
Жақсыны күзғын жақтатпас!  
Қаратас еді Төлеген,  
Жаман ба мына Шақпақтас?!

Ұл едік қара ормандай,  
Айрылма менен сормандай!  
Айрыла берсең ұлдардан,  
Қайтесің, қазақ, қорланбай!

Ақынға өлем – қан майдан,  
Көгереп тасқа қандай дән?!  
Айрылар қазақ бір шыннан,  
Айрылған күні Қалбайдан!

## ҚОЗЫЛАРЫМА

Қозылардың артынан,  
Маңырауга тартынам.  
Қошқарындай қасаптың,  
Таразыға тартылам.

Елдің-жұрттың көзі бар,  
Бұттарында бөзі бар.  
Мүйізіне қошқардың,  
Қызықпаңдар, қозылар!..

Сойылуға асықпа,  
Жойылуға асықпа!..  
Бас табаққа бас болып,  
Қойылуға асықпа!..

Жетіліпсің!  
Жарайды!..

Ертең мұрның канайды!  
Қасап-өмір, қарағым,  
Құйрығыңа қарайды!..

Көрдiң бе анау жиынды,  
Көретiн сол сыйыңды!  
Ана бiр шал пышақпен,  
Шұқылайды миыңды!..

Тағдырыңа таң қалма,  
Қара осы аңдарға!..  
Ертең сенiң етiңдi,  
Қуырады... маңғалда!..

14.07.2000 жыл

## САЗГЕР ІНІМЕ

Жалғаған бізді қандай сым,  
Жалғаған бізді қандай сын?!  
Шаттансын десең мен күндіз,  
Өнімді кеште салғайсың.

Каспийден соқты бір дауыл,  
Саялы баққа кірді ауыл.  
Өзіміз мықты болмасақ,  
Қазаққа қайда қырғауыл?!

Өн салшы, інім, айғайлап,  
Кемені шығар жарға айдап.  
Өзіміз мықты болмасақ,  
Қай жерде бізге балқаймақ?!

Қайғым көп іште, дертім көп,  
Көзімде жас тұр мөлтілдеп.  
Бас қойып аяқтарыңа,  
Жылағым келер селкілдеп.

Қара тас едім төзімді,  
Бауырым қатты езілді.  
Еңірей қойсам енді мен,  
Үстай алмаймын өзімді!..

Інілер, сау бол, деп жүрмін,  
 Інілер, сау бол, деп жүрмін.  
 Нанымның тұзы кем болса,  
 Маңдайға сүйкеп жеп жүрмін...

Қаттырақ кетсем айбынам,  
 Қайбірін істің сай қылам?!  
 Мақтаса қазақ... қой бермей,  
 Ат мінгізе ме деп қайғырам?!

Қазақта не көп – көлік көп,  
 Қайтейін салса беріп кеп?!  
 Ел-жұртқа мазақ болармын,  
 Өзімнен жасқа өліктеп?!.

Тақымы қатты бұлардың.  
 Желісі жаман шұбардың!..  
 Жеттім-ау, жеттім дегенде,  
 Дүрс етіп жерге құлармын...

Мінеки ерге жарбидым,  
 Қарақшы болып... мардидым.  
 Көтере кетсе бөтшағар,  
 Мен сосын қайда... қарғимын?!.

Қаумалап қазақ міндірді,  
 Көресің енді қырғынды!  
 Алып қашпасын аулаққа,  
 Мініп көрмеп ем құрғырды!..

Үстінде аттың қайқайдым,  
 Жүрісі қатты-байқаймын.  
 Табаным тасқа тигенде,  
 Керегі боп тұр айқайдың!..

Асылам шөпке жандөрмен,  
 Хан болғым келіп хандармен.  
 Жусанның нісі келіп тұр,  
 Бүгінгі салған өндерден.

Тидің бе тасқа, табаным,  
 Өн етші мені, қарағым!  
 Ұмытпайын деп ырғағын,



Ысқырып кетіп барамын...  
 Жуаспын ғой мен...  
 Басқамын.  
 Есекте жүрген қасқамын.  
 Күндемей ме екен бірсулер,  
 Көңлімнің көрсе тасқанын?!

Абайла мына күргырды,  
 Жаздырмай тұршы шылбырды.  
 Дүрс ете қалсам қайтермін,  
 Аса алмай жатып... бір қырды?!

Ат көріп жүрем түсімде,  
 Су көріп жүрем ішуге.  
 Шығуын шыңға шығам-ау,  
 Қорқамын бірақ...  
 Түсуге!..

Өніңмен бірге тербелдім,  
 Шайқалып барып...  
 Жөнделдім.  
 Жалғызбын деп ем жапанда,  
 Қара құрымдай ел көрдім.

Менікі бәрі – мыналар,  
 Менікі бәрі – мыналар!..  
 Қара құрымдай өскерге,  
 Қайсы жау қарсы тұра алар?!

Тағдырдың көрдім гажабын,  
 Өмірдің көрдім азарын.  
 Көрсем-ау деп ем шамаңды,  
 Бір жерге топтап, қазағым!..

Жанымды сен деп қинаймын,  
 Сендерсіз жерде қираймын.  
 Көргім келіп тұр шамаңды,  
 Қай жерге бірақ жинаймын?!

Саныңды қырық жыл санадым,  
 Бар еді тартар табағым!  
 Қалаға мынау симайсың,  
 Қақпасын ашсам... қаланың!

Көкке де шығып қарадым,  
Қамти алмады жанарым.  
Осыншасыңдар, қазақтар –  
Қожайындары, даланың!..  
Ұшақ та саған жетпейді,  
Күшақ та саған жетпейді...  
Егістіктер де жетпейді,  
Тегістіктер де жетпейді.  
Қызғалдақтары қазақтың  
Тастарға барып көктейді!..

Жердің де бауырын үңгиді,  
Тереңдіктерге сүңгиді.  
Ғарыштан да бар үлесі,  
Марстан да бар үлесі...

Аспаны биік – күн, айлы,  
Жайлауы жасыл-шұрайлы...  
Қазақтар орын сұраса,  
Алабағандар құлайды...

Сұлтансың, елім!  
Тақтасың!  
Жанашырым менің – жақтасым!  
Он үш миллион өміршім,  
Аяқтарыңда ақ басым!..

Бақ тілеп жүрген сыртымнан,  
Айналдым елім-жұртымнан!..  
Тау тұрады ертең басымда,  
Тастаса қазақ бір күмнан!

Осынша менің туысым,  
Алтынға толы уысым.  
Қарызбын мәңгі қазаққа.  
Наны үшін берген, суы үшін!..

Қарызбын, қалқам, саған да,  
Қарызбын әрбір адамға.  
Қолыңнан келсе, жұртымды,  
Жинап бір берші...  
Алаңға!

## ҚАЗАҚТАР НЕГЕ КӨШЕДІ?!

Қазақтар неге көшеді,  
Туылған жерден кешеді?!  
Иелеп жатыр басқалар,  
Қаңырап қалған көшені...

“Көшпелі халық – бұ халық!”..  
Жүргелі қашан шұбалып.  
Мұңайысады қасқалар,  
Жүктерін жолға шығарып.

Артында өне Аралы,  
Туылған жері, маралы.  
Көшпейді неге басқалар,  
Қазақтар көшіп барады?!

Бұл жерде көні азат кім,  
Бізге де керек ғажап күні!  
Том-том боп қалың кітабы,  
Шығуы керек қазақтың!

Қазағым: өніп-өс, – дейді,  
Ешкімнің жолын кеспейді.  
Қазақ деп көзге түртпесең,  
Қазағым менің көшпейді!..

Отына көндім тозақтың,  
Көреміз мұнда мазақ кім?!  
Көшті деп оны қуанбай,  
Көзіне қара қазақтың!..

Қазақтар неге көшеді,  
Туылған жерден кешеді?!  
Қазақтың демек бұл жерде,  
Жорғаламаған есегі!

Қазақтар неге көшеді,  
Қалбайлар неге өшеді?!  
Түюлі өне тұмарға,  
Туылған жердің кесегі...

## ЖАПАНДА ЖАЛҒЫЗ ҚАРАҒАЙ

*(Академик Қаттыбек Сейдановқа)*

Жапанда жалғыз қарағай,  
Көрінер саған панадай.  
Жапырағы сая, көлеңке,  
Аялап тұрған анадай.

Жапанда жалғыз бір ағаш,  
Ешкімнен көмек сұрамас.  
Қасқиған таудың перзенті,  
Секип таста тұр оғаш...

Қарайды жалғыз аспанға,  
Жұлдыздар көзін ашқанда.  
Келеді оған ғашықтар,  
Көлденең көзден қашқанда.

Тамырын қадап тастарға,  
Шақырады ол асқарға.  
Тұрады тілсіз куә боп,  
Қанатын жайып жастарға.

Тастан-ақ екен табаны,  
Бар ма оның басқа амалы?!  
Қасқиып тұрған жалғызды,  
Найзағай іздеп табады.

Найзағай бір күн ұрады,  
Есіңде ұста мынаны:  
Қасқиып тұрған жалғызға,  
Артады сосын кінәні.

*19 XI. 1999 жыл*

## ТӘҢІР... БІЗДІ ЖІБЕРДІ..

Ешкімнің де қанаты құстан емес,  
Бергі түгіл, арғылар ұшқан емес!..  
Көрмегенді көргендей көпіртетін,  
Бұл Қалыбай халқына дұшпан емес!..

Өтірік, күйрығың жоқ, ұстайтұғын,  
Құспен келіп, күтесің күс қайтуын!..  
Аруаққа табынғанмен, бертіндегі,  
Пенденің көріп жүрміз ұшпайтынын...

Қайдан ұшсын,  
Қанат жоқ қолтығында!  
Қанат түгіл талап та олқы мұнда!  
Аңғал жанды қазақтың баласымыз,  
Аруақ түгіл сыйлаған қортығын да!

Келіспеймін мен, жұртым, мынадаймен,  
Сөздерімді сөйлеймін рабаймен.  
Мұхаммедтің мен-дағы үмбетімін,  
Уәждескендей (бар болса!..) тірі Абаймен.

Өтпейін кеше жүрген шалдан өрі!..  
(Артында аман болсын қарғалары!)  
Егер де қос қанаттың кілтін созса,  
Мынауы өзөзілге жалданады!..

Бір тапқанын адамзат екі тапқан:  
Тағылым алған пайғамбар со кітаптан...  
Бар құндылық ешқашан жоғалмаған,  
Аяғына құрсаң да жеті қақпан!..

Арғы жағың – Күлтегін,  
Алдың – Абай!..  
(Құламайды текті сөз, жар құламай!..)   
Аруағына солардың лайық бол,  
Келген сөзді ауызға сандырамай!

Сұқит сөзді не керек сұңғыла ғып,  
 Өтіп кеткен заманға сымды қағып!  
 Ақ, қараны Әулие айырады,  
 Егер есін кетпесе қырғын алып!..

Бойға лайық бүркіттің құзы болған,  
 Ойға лайық ғалымның ізі қалған.  
 Әркімнің өз дәуірі – сағаты бар,  
 Болмайды мақтаймын деп, бұзып алған!..

Өр ұста өз бойымен пішіндейді,  
 Асқар тау тас алғанмен кішірмейді.  
 Қасындағы Қалбайды түсінбеген,  
 Алыстағы Құдайды... түсінбейді!..

Беймағлұм!  
 Адамзатқа аспандағы!..  
 Аспан түгіл таудағы, тастардағы!  
 Қапталында қазағың – қалың жұрттың,  
 Қалың жұрттың төменде баспалдағы!

Ұғу керек жөн сөзді жөніменен,  
 Түспейді жұлдыздардан келіп өлең!  
 Көрмеген Әулиені неғыласың,  
 Қасыңдағы көріспей меніменен?!.

Сиқың мынау!  
 Қайтесің кісілікті?  
 Кісі болған адамның ісі мықты!  
 Қара наны халықтың – қарапайым,  
 Қара өлеңі қазақтың – түсінікті!..

Мені қазақ қолынан түсірмейді,  
 Мәнсіз арақ бір тойда ішілмейді.  
 Қасындағы көңілді түсінбеген,  
 Аспандағы Тәңірді түсінбейді!..

Түсінбейді!..  
 Шықсаң да шырақ ұстап!..

Әзәзілді табады... сұрағыштап.  
 Періштедей ақынға күмөні бар,  
 Қапталында отырған...  
 Құран ұстап!..

Ақын аузы – дуалы!  
 Дұрысы бар.  
 Қатты кетсем көңілдің қыры сынар!..  
 Менен өзге сендерге кім келеді,  
 Сенен өзге Құдайдың жұмысы бар!..  
 Пешенемнен көрейін көрсін десең,  
 Босағада өлейін,  
 Өлсін, десең!..  
 Құдай сенің келмейді есігіңе,  
 Жібергенін Құдайдың менсіңбесең!..

## МАҢҒЫСТАУЫМ

Мейлі ел іркіт десін, бүркіт десін,  
 Айтатын реті бар нұр күткесін.  
 Айырма, Алла, бірақ туған елден,  
 Туған ел, жанардасың, кірпіктесің!

Жаздырмай жаздың таңын, қыстың көшін,  
 ӨЛЕҢІМ, ұлы сапар үстіндесің.  
 Мен-дағы жақсы ағаның біреуімін,  
 Мынадай көріп жүрген құстың көшін!

Сендікпін мен, ТУҒАН ЕЛ, жүрегіммен,  
 Айырма, Алла, осы тірегімнен!  
 Кірпігімен тастардың шаңын сұрткен,  
 Ұлдардың амандығын тіледім мен!

Келіп ем жапа шегіп, арым келіп,  
 Қолдадың жалын беріп, бәрін беріп.  
 Көзіме тауап еттім топырағыңды,  
 Бабамның іздерінің шаңын көріп.

Маңғыстау, тауың биік, тасың биік,  
Және де жадырай бер жасыл киіп.  
Мынау ел ешқашан да жетім етпес,  
Ана, деп бара берсем басымды иіп.

Жайқалып қыс соңынан көктем шығар,  
Шыр бітсе, дауыс әлі өктем шығар.  
Бұрын да келген жоқ ем қарық болып,  
Артық-кем бірдеңе де кеткен шығар!

Қазанның қорықпаймын қарасынан,  
Дұшпанның қорықпаймын жаласынан.  
Сен аманда – мен аман, Маңғыстауым,  
Шығамын екі тастың арасынан!

Сен менде айға ұқсаған бір данасың,  
Жеріңнен жусан аңқып, нұр қарасың!  
Кешегі менің жастық шағым ба деп,  
Көшеңнің ұстап сүйдім ұл баласың.

Саған кеп көтерілді ақын еңсем,  
Арман жоқ жусаныңа жақын өнсем.  
Қараймын Айбергенов отыр ма деп,  
Аспанға өрмелеген саты көрсем!

Сымылдайды сым тартқан бағаналар,  
Сымдарыңа кез келті жаңаланар.  
Жырынды оқып, жырыңнан сырынды оқып,  
Төлеген деп шырлайды шараналар!

Ұлымын өулиелі мына араның,  
Атамды тасқа арқалап шығарамын.  
Көмілемін содан соң өзім сүйген,  
Қасына биігірек мұнараның...

Атың жалын тарайын қыл тарақпен,  
Табаныңда тең болып ұлтарақпен.  
Жүрегімнен мың сұңқар дүрлеп ұшар,  
Қазақтарым өткенде тұлпар атпен!



Басымды тауға ұрыппын, жарға ұрыппын,  
Қайтадан, АНАМ десем жаңғырықтым!  
Мен болмасам, болмайын, сен бол, АНА!  
Мен сенің омырауыңда мәңгілікпін!

Отансыз бұлбұл едім қаңғып келген,  
Дыбысым шығып жатыр шаңғып төрден.  
Ақ тарап, аққу етіп аспанына,  
Елімнен айналайын хандық берген!

Жаутаңдап өлген өкем сый іздеп-ақ,  
Көгінен өзге аспанның мүйіз борап!  
Үстінде шалқып келем ақ түйенің,  
Маңғыстау көтерген соң киізге орап!

*29.11.2002 жыл*

## ТҮЙІН СӨЗ

*(Оқырманым)*

Сынамаңдар қыранды күзға өрлеген,  
Жүрмендер біздер басқан іздерменен.  
Біздердей болар еді елдің бәрі,  
Ойласып кетіп жатса біздерменен!

Мәзір ет мұны, жұртым, жіліктемей,  
Ақынның өлеңімен іліктемей.  
Оңаша өзіңе де көз салып қой,  
Біреудің берген затын, шірік демей!..

Қоқыстан алтын табар етектеген,  
Аузынан тогіп алар секектеген.  
Оқырманы Қалбайдың өзінікі,  
Қозымды қошқар етер жетектеген!

Жүректерің сендердің ынтыққаным,  
Жемісімнің жатырмын сілкіп бәрін.  
Сезім барын білдіңдер жүрегімде,  
Иінімде білдіңдер... мылтық барын!

Ұнамаған жерім бар, ұнаған да,  
Қайдан болсын мың жүрек бір адамда?!  
Төбетің тартпағанын ысырып қой,  
Зорламайды есті ақын күн аманда!

Сендер деп кетіп барам орманменен,  
Сүймесем мен сендерді қолдан берем!..  
Сонда да өз қарының өзіңдікі,  
Қойылған мәзір тегін болғанменен!..

Ақын көп мынау елде мен құсаған,  
Жырыммен өз басыма белгі соғам.  
Өзге түгіл білмеймін өзім-дағы,  
Ертең келіп не деймін енді саған?!.

Ел-жұртымды бір гұмыр аяладым,  
Өлең үшін басымды қоя аламын.  
Бірге болып жорықта тас жастанған,  
Аман болғын, оқушым, сая бағым!..

Мен сендерді алдасам күнө қылам,  
Елдің-жұрттың су іштім бұлағынан!  
Бар екенін ұлының біліп тұрған,  
Айналайын қазақтың құлағынан!..

Судан алып жанымды, отқа басам,  
Мен сен үшін жер менен көк таласам.  
Өлеңі үшін қазақтың жанып өл, деп,  
Табаным қайтейін от қаласаң?!.

*15 желтоқсан, 2002 жыл*

---

## ШҮКІР ЕТ ДЕДІНДЕР ҒОЙ

Шүкір ет дедіндер ғой!  
Шүкір дейін.  
Қитығып жел өтіне түкірмейін.  
Бірдеңе тапқан болсаң төр сенікі,  
Мен сенің жыртығыңды бүтіндейін!..

Шуыңды көтерейін қарға болсаң,  
Жоқты ұмытып, қайтейін, барға болсаң.  
Періште қызыққаннан келді деме,  
Ұшып кеп қасыңдағы... талға қонсам!..

Мандайдың ойламаңдар соры ма деп,  
Мен сенің отырмам жоқ... боғыңа кеп.  
Сендердің үймелесіп жатқандарың,  
Ойлап ем атқан таңның шоғы ма деп...

Қиналсаңдар қойыңдар белгі беріп,  
Бірер сөт отырайың елді көріп.  
Қалыбайдың өмірі бар ма, жоқ па,  
Есігіңді қаққанша енді келіп!..

27.04.2003 жыл

Дүркіреп өткен жыр-нөсер .....	5
Білмеймін сол бір жаныма ... ..	10
Махаббатқа мадақ .....	11
Махаббат дегеннен-ақ... ..	11
Жетер!.. ..	12
«Қарап мен райыңа» .....	13
Сүйіктім .....	14
Аямайсың-өй!.. ..	16
Мен қозымын!.. ..	17
Жарқылдар кезде жарқылда!.. ..	17
Періште емеспін .....	18
Бір қыздың салған жарасы... ..	19
Әдемісің... ..	20
Сөз де болдым-ау! .....	20
Аяулым .....	22
Қызыл алма .....	23
«Мен қазір отыздамын» .....	24
Бәрін бер маған .....	25
«Көңілімді жырға бөлеп» .....	26
Сүйіктің .....	27
«Тұрам ылғи жұтынып жанарыңа» .....	28
Кешір мені .....	28
«Алғам жоқ өлі бір қала» .....	28
«Айсберг мұздарды» .....	29
Мәжнүн де болам өзімше .....	30
Көгінде ұнамайды осы .....	31
Бір қыздың бір топ жүзігін көрдім .....	31
Мен мынву жұртқа түсіндіре алмай жатырмын .....	31
Білмеймін өңім бе едің .....	32
Бұл өмірде қуанышым тек бір сен .....	33
Толқын атқан теңізге бармайсың ба?.. ..	33
Мен бүгін елге шықтым .....	34
Келе ме өлің?! .....	34
Емтихан .....	35
Менде мүлдем ешкім жоқ .....	36
Қара көз қарындасым .....	37
Тажым сенікі .....	38
Қазір менің жанымда жаңалық бар .....	38
Ұнаймын ба?! .....	39
Бір өйнекке бір өйнек .....	40

Таймайды деген табаным .....	40
Мен бүгін жырламадым .....	42
Мойындау .....	43
Жарты ұйқымды саған бердім .....	45
Махаббаттың барында .....	46
Маңғыстаулық қарындастарыма .....	47
Тобыр .....	49
Жалғыздық .....	50
Ертеңіне, таңертең .....	51
Аһ, сол қыз .....	52
Бөлмеңе кеште мен жағып кеткен сол жұлдыз .....	53
Ой .....	54
Отыз .....	54
Тек ғана махаббат .....	55
Катеринамен сырласу .....	58
Жанайқай .....	60
Сен менің мына зарымды ұқ .....	61
Сала алмаймын мен енді нақышымды .....	63
Мен жұбансам .....	63
Дәрігер қарындасқа .....	67
Сен маған опалы бол, ит-өленім! .....	68
Қолға неге алмадың .....	69
Ұмытпа мені .....	71
Қарсы үйде .....	72
Жүрегім қолыңда .....	72
Әйелдер .....	73
Зұбайда .....	74
Осының бәрі түс болса .....	76
Ақ бантик таққан бір ару .....	78
Романс .....	80
Ары ардақты .....	80
Фаризаға .....	82
Тірлікте .....	85
Өтті бүкіл өмірім шырлауменен .....	86
Қара қыз .....	88
Биле-биле .....	89
Еркем .....	90
Босағада бір қыз түр .....	92
Қайрау .....	93
Келін келіп түр .....	95
Ойлаймысың, жұртым-ау, ойлаймысың?! .....	96
Өнімді өкет шалғайға .....	97

Махаббаты жоқ адам .....	98
Сен едің ғой арманымның тұрағы .....	99
Бұл махаббат сенбеймін өшеріне .....	100
Қыз күту .....	101
Студент қыз .....	102
Мұңайма, жаным, қасымда .....	103
Өлеңдеймін ешқайда өтпей жүрген .....	104
Жүрегімде тұнып жатқан бар бұлақ .....	104
Қара басым деп .....	105
Өлең .....	105
Сүйіктің келсе .....	105
Үстіртте .....	106
Келін келді ауылға .....	107
Сен аманда – мен аман .....	109
Шығып ем мен сапарға бастан тілеп .....	110
Шошыну .....	111
Құтты болсын .....	112
Рас сен деп кей шақта өкінерім .....	112
Үйінен бүгін айсызда шыққан жолаушы .....	113
Менің жаным өмірден мұң тілемес .....	113
Жанымды бүгін толтырып кеттің сезімге.....	114
Қажеттісің сен маған қанатымдай .....	114
Ұлы тілек .....	115
Басыма қонған бақыттан .....	116
Ұнадым ба .....	117
Толғанған анау көк теңіз .....	117
Ақ қайыңдар .....	118
Жамандық барда .....	119
Жемнің қызы .....	119
Қайдасың мен іздеген, ақ барабан .....	120
Теңізге кетем .....	122
Жүрек күштар .....	123
Тәуекел .....	124
Суға келген ақ қайың .....	125
Өкетем сені .....	126
Өрлік керек тұмау үшін жасық өн .....	127
Өзің деп өтем .....	127
Өттең-ай .....	128
Мен сені сүйдім-дағы .....	129
Аппақ хат .....	130
Амнистия .....	135
Өпенделеу екем ғой.....	140

Сен келгенде.....	141
Түсіме бүгін тағы.....	142
Күнделігім.....	143
Анық хабар.....	143
Сағыныш.....	144
Баянды.....	145
Бар шыным осы.....	146
Алақашпа.....	146
Жан досым.....	147
Мен саған кел демедім.....	148
Нұрдидар.....	149
Сен осығын шүкір ет.....	150
Екі ойдың күмілжіген ортасында.....	151
Білемін мен.....	152
Жүгініп аяғыңа мөлдіредім.....	153
Сағыныш, саған деген махаббаттан.....	154
Күндегіден, қарағым, жүзің суық.....	155
Ақында жан қайғы жоқ.....	156
Бауырым.....	157
Автопортрет.....	157
Мен ертең табылмаймын.....	158
Жоқ өмірде ұстаздан ұлық адам!.....	159
Құрдасым қайтыс болғанда.....	165
Мен егер сұлтан болсам.....	167
Қаскелең.....	168
Өзихан апама.....	173
Қош бол, еркем!.....	175
Дүрсілде, жүрек!.....	177
Аллатағаладан түскен сөз.....	177
Жүргенде көзі барлар.....	178
Реквием.....	180
Карта алдында тұрмын мен.....	181
Жаңылып қап.....	183
Маған не жоқ.....	184
Бұл Отан біздікі.....	185
Талшыбық туралы баллада.....	185
Тереңдерге түсіп көрген адаммын.....	188
Қазақтың баласымын.....	189
Қазақтар.....	191
Отан.....	193
Ұлдарыма насихат.....	194
Алатау.....	195

Алматы.....	196
Қашаған ескерткіші алдындағы ой.....	197
Баға.....	199
Нан.....	199
Ақынның сөзі.....	202
Қозыларыма.....	204
Сазгер ініме.....	205
Қазақтар неге көшеді.....	209
Жапанда жалғыз қарағай.....	210
Төңір бізді жіберді.....	211
Маңғыстауым.....	213
Түйін сөз.....	215
Шүкір ет дедіңдер ғой.....	217



# **Қалбай ӘБДІРАМАНОВ**

**Редакторлары**  
Қуандық ТҮМЕНБАЙ  
Әлсейіт ОСПАНОВ

**Корректорлары**  
Қазына НҰРМАХАНОВА  
Гүлдерай ҚҮДИЯР

**Көркемдеуші редакторы**  
Толғанай АУҒАЛШЫҚЫЗЫ

**Техникалық редакторы**  
Нүркеп СҮЙЕНБЕКҮЛЫ

ИБ №616

Теруге 12.01.2013 ж. берілді. Басуға 27.03.2013 ж. қол қойылды.  
Пішімі 80x90<sup>1/16</sup>. Өріп түрі “ММ Мектептік”. Офсеттік басылды.  
Қағазы офсеттік. Көлемі 14 баспа табақ.  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 428/7865.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
Жангелдин-Мұхамеджанов көшесі, 30/26.

“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясы

Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62

Эл. пошта: [Kazakpara@gmail.com](mailto:Kazakpara@gmail.com)

“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясының баспаханасы



